

Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының пайдалану кәсіпорындарында , жөндеу зауыттарында, жаттығу-ұшу ұйымдарында, ұшу-сынақ бөлімшелерінде авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2004 жылғы 16 қарашадағы N 222 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3224. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қауіпсіздік және еңбек қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1182 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережесі және Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережесіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының, ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қолданыстағы салалық стандарттарды ескере отырып, пайдалану кәсіпорындарында, жөндеу зауыттарында, жаттығу-ұшу ұйымдарында, ұшу-сынақ бөлімшелерінде авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі және қауіпсіз пайдалануды көтеру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:** Қараңыз.К070000251, P070000721

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының пайдалану кәсіпорындарында, жөндеу зауыттарында, жаттығу-ұшу ұйымдарында , ұшу-сынақ бөлімшелерінде авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі ережесі бекітілсін .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Ұшулардың қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау басқармасының бастығы А.Б.Жолдыбаевқа

ж ү к т е л с і н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді, танысуға және жіберуге жатады.

Төраға

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі

2004 жылғы 17 қараша

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің төрағасы

2004 жылғы 16 қараша

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі Азаматтық авиация
комитеті төрағасының

2004 жылғы 16 қарашадағы

№ 222 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының
пайдалану кәсіпорындарында, жөндеу зауыттарында,
жаттығу-ұшу ұйымдарында, ұшу-сынақтар бөлімшелерінде
авиация техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі
еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау және өндірістік
санитария жөніндегі ереже**

Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының пайдалану кәсіпорындарында, жөндеу зауыттарында, жаттығу-ұшу ұйымдарында, ұшу-сынақ бөлімшелерінде авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының (бұдан әрі - АА) ұйымдары мен кәсіпорындарының (бұдан әрі - кәсіпорындар) пайдалану кәсіпорындары, жөндеу зауыттары, жаттығу-ұшу ұйымдары, ұшу-сынақ

бөлімшелері әуе кемелерінің аңғарларындағы, аңғарлық тұрақтарындағы, төбесі жабық доктарындағы және басқа тұрақ орындарындағы (бұдан әрі - тұрақ орны) техникалық қызмет көрсету регламентіне, осы регламенттерді орындау жөніндегі технологиялық нұсқамаларға және белгіленген тәртіппен бекітілетін (ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қолданыстағы салалық стандарттарды ескере отырып) басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес еңбекті қорғау мен оның қауіпсіздігі, сондай-ақ азаматтық авиацияның ұшақтары мен тікұшақтарына (бұдан әрі - әуе кемелері) техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезіндегі өндірістік санитария бойынша негізгі талаптарды белгілейді және жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі мен салауатты жағдайларын сақтауға бағытталған.

1-бөлім. Әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету процестерін әзірлеу, ұйымдастыру, орындау және жетілдіру мемлекеттік стандарттың (бұдан әрі - МемСТ) талаптарына, осы Ережеге, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету регламенттеріне, осы регламенттерді орындау жөніндегі технологиялық нұсқамаларға және белгіленген тәртіппен бекітілетін басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

2. Әуе кемелеріне техникалық қызметті орындау кезінде жұмыс істейтіндерге мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

1) жылжып бара жатқан әуе кемелері, арнайы автокөлік және өздігінен қозғалатын механизмдер;

2) қозғалыстағы бұйымдар, дайындамалар мен материалдар;

3) әуе кемелерінің (элерондары, қалқандары, интерцепторлары, триммерлері, шассилері, айналып тұрған винттері, турбиналары, төмен түсетін траптары және т.б.), арнайы автокөліктің (көтерілетін және төмен түсетін кабиналары, люлкалары, кузовтары, сатылары, бұрылатын платформалары), механизмдердің (ұшақтардың жүк тиеуге және түсіруге арналған шығырлары, крандар) және өндірістік жабдықтың қорғалмаған қозғалмалы элементтері;

4) өндірістік жабдықтың жан-жаққа шашыраған жарықшақтары, элементтері, детальдары;

5) авиациялық техниканың төмен құлаған бұйымдары, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жазықтықта, тұрақтандырғышта, фюзеляжда жұмыстар жүргізу кезінде және механикаландырылған көтергіштерді қолдану арқылы биіктікте жұмыс істеу кезінде қолданылатын құрал-саймандар

мен материалдар ;

6) ауа толқыны (қысыммен жұмыс істейтін жанар-жағармай булары ыдыстарының жарылуы) ;

7) авиақозғалтқыштың пайдаланылған газдарының ағыстары мен оларға түскен заттар ;

8) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардан және құбырлардан аққан газдар мен сұйықтықтардың ағыстары ;

9) қозғалыс жылдамдығы үлкен, өзіне қарай соратын ауа ағындары (авиақозғалтқыш соплосының маңы) ;

10) төмен құлаған әуе кемесі (көтергіштен немесе қателесіп шассиді жинаған кезде) ;

11) бұзылатын конструкциялар (борт сатылары, жиналмалы сатылар, және басқа өндірістік жабдық) ;

12) жан-жағы қоршалмаған биіктігі 1,3 метр және одан да жоғары жерден кем дегенде 2 метр қашықтықта жұмыс орнының немесе жұмыс аймағының орналасуы ;

13) сырғанап құлаудың аса жоғары қаупі (жұмыс істеушілер жүретін әуе кемесінің үстіңгі бетінің, траптардың, жылжымалы сатылардың, қойылмалы сатылардың және тұрақ орындары төсемдеріне мұз қатуының, ылғалдануы мен майлануының салдарынан) ;

14) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету аймағындағы ауада шаңның және газдың аса жоғары болуы ;

15) авиациялық техниканың жабдықтары мен материалдарының үстіңгі бетіндегі аса жоғары немесе төмен температура ;

16) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету аймағындағы ауа ылғалдығының және оның қозғалысының аса жоғары немесе төмен температурасы ;

17) шу, тербеліс, ультра және инфрадыбыстар деңгейінің аса жоғары болуы ;

18) электр тізбегіндегі кернеудің аса жоғарылығы, оның тұйықталуынан адамның денесіне электр тоғының өтуі мүмкін ;

19) статикалық электр тоғы деңгейінің аса жоғарылығы ;

20) жұмыс аймағындағы лазерлік сәуле шығарғыш деңгейінің аса жоғарлығы ;

21) электр магниттік сәуле шығарғыш деңгейінің аса жоғарлығы ;

22) жұмыс аймағындағы иондандырғыш сәуле шығарғыш деңгейінің аса жоғарлығы ;

23) жұмыс орнының жер бетімен (еденмен) салыстырғанда әлдеқайда биікте орналасуы ;

24) әуе кемесінің, жабдық пен құрал-сайманның үстіңгі бетіндегі үшкір жиектер, жырықтар мен кедір-бұдырлар ;

- 25) табиғи жарықтың болмауы немесе оның жетіспеушілігі;
- 26) жұмыс аймағының жеткілікті түрде жарықпен қамтылмауы;
- 27) фон мен объектілерді ажыратудағы айырмашылықтың аса төмен болуы;
- 28) жарықтың аса жоғарылығы;
- 29) жарықтың көзге тіке түсуі (тұрақ орындардағы прожектормен жарығы, әуе кемелері мен арнайы автокөлік фарларының жарығы) және тұрақ орындары мен перрондар төсемдеріне төгілген суға және басқа сұйықтықтарға түскен сәуледен к ө з д і ң ш а ғ ы л ы с у ы ;
- 30) жарық ағынының аса жоғары толықсуы;
- 31) ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерінің ағыс деңгейінің аса ж о ғ а р л ы ғ ы ;
- 32) қолданылатын материалдардың құрамына кіретін химиялық заттар (токсиндік, қоздырғыш, сенсикалық, канцерогендік, мутагендік), организмге тыныс алу жолдары, асқазан, тері және бет-ауыз арқылы енетін жанар-жағармай материалдары, арнайы сұйықтықтар және улы химикаттар;
- 33) физикалық ауыртпалықтар (статикалық және динамикалық) және психикалық ауыртпалықтар (эмоционалдық, қатты күш салу).

3. Ұшақтарға техникалық қызмет көрсету кезінде осы Ереженің 2-тармағында аталған қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейі МемСТ-пен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгіленген тәртіппен бекіткен электр қондырғыларын орнату ережесімен, санитарлық ережелермен және нормалармен, белгілеген тәртіппен бекітілетін басқа нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленген рұқсат берілген мәндердің шегінен аспауға тиіс.

4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету тиісті МемСТ-тің талаптарын, белгілеген тәртіппен бекітілетін өндірістік кәсіпорындарға арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді (нұсқаулықтарды), Қазақстан Республикасының Азаматтық авиациясындағы өрттен қорғау жөніндегі ережелерді (нұсқаулықтарды) сақтай отырып жүргізілуі қажет.

5. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын өндірістік жабдықтар МемСТ талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6. Жұмыс жүргізу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар МемСТ талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7. Техникалық қызмет көрсету процесін қоршаған ортаның жанар-жағармаймен, арнайы сұйықтықтармен ластануын, сондай-ақ шу мен электр магниттік сәуле шығарғышты болдырмайтындай етіп ұйымдастыру керек.

Әуе кемелерінің тұрақ орындарындағы сарқынды суды кәрізге ағызардың алдында оны тазартып залалсыздандыру қажет.

2-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

8. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету процестерін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу, технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмауды немесе белгіленген нормаларға дейін азайтуды қамтамасыз етуі тиіс.

9. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің жекелеген технологиялық амалдарын әзірлеу барысында жабдықтың мынадай:

- 1) технологиялық амалдарды орындаудың үйлесімі мен қауіпсіздігін;
- 2) қызмет көрсету процестерінің бір қалыптылығын;
- 3) апатты жағдайлар, от, от ұшқыны, жарылыс немесе өрт туындамас үшін о л а р д ы ң а л д ы н а л у ы н ;
- 4) жолаушыларға және қоршаған ортаға қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмауды;
- 5) нормативтік-техникалық құжаттармен белгіленген мерзім ішінде технологиялық жабдықтың және техникалық қызметкерлерге арналған қорғау құралдарының дұрыс жұмысын;
- 6) майдың құйылуы мен төгіп тасталуын немесе бастапқы материалдардың, жүктердің, қалдықтардың дер кезінде тиелуін және түсірілуін қамтамасыз ететін оңтайлы жұмыс режимдерін алдын-ала қарастыру қажет.

10. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестерінде жұмыс істеушілерге қорғауды қамтамасыз ететін басқару және бақылау жүйелері немесе өндірістік жабдықтың апатты ажыратылуы не мынадай :

- 1) жерде қозғалтқыштарды іске қосу және оларды байқау, Әуе кемелерін с ү й р е у ;
- 2) әуе кемелерін көтергіштер арқылы көтеру;
- 3) шассилерді, қалқандарды, жаппаларды тексеру үшін шығарғыш және жинау ;
- 4) фюзеляждың герметикалығын тексеру;
- 5) әуе кемесіне авиаотын құю;
- 6) арнайы автокөліктің кабинасын, люлкасын және кузовын көтеріп-түсіру;
- 7) әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсету аймағында механикаландырылған өзі жылжитын құралдардың кіруі, шығуы және қозғалуы;
- 8) әуе кемесінің үстінен мұздақтарды алып тастау;
- 9) жердегі көздер арқылы кабинаны жылыту;
- 10) қозғалтқыштарды және басқа ауыр агрегаттарды, басқару рульдерін

ауыстыру сияқты технологиялық амалдарды орындау барысында оның тоқтатылуын алдын ала қарастыру керек.

Жұмыс істеушілерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қорғаудың техникалық шешімі мүмкін болмаған жағдайда тиісті шаралар қолданылуы қажет.

Апатты жағдайлар туындаған кезде әуе кемелеріне технологиялық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды тоқтатып, апатты жағдайдан шығу үшін шаралар қолдану қажет. Жұмысты тек, апатты жағдайды туындатқан себептер мен осыған әкелген жағдайларды толық жойғаннан кейін ғана жалғастыру керек.

11. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге:

1) тұрақ орнындағы әуе кемесі толық тоқтағаннан кейін;
2) винттер мен турбина айналысы толық тоқтағаннан кейін;
3) шасси арбашықтарының доңғалақтарына орнатылған бекіту колодкалары болғанда;

4) ұшақты, тік ұшақты алып жүруші және рульдік винттердің қалақтары тоқтағаннан кейін (егер бұл аталған үлгідегі әуе кемесі үшін әуеайлақтардағы метеорологиялық жағдайларға байланысты орнату қажет болса);

5) әуе кемесі тұрақ орнының жерге қосылған құрылғыға әуе кемесінің фюзеляжы қосылып тұрған жағдайда;

б) әуе кемесінің ыстық бөліктері техникалық қызмет көрсетудің технологиясымен белгіленген температураға дейін өздігінен немесе жасанды жолмен суығаннан кейін кірісуге болады.

12. Әуе кемесінің қозғалтқыштары тоқтағаннан кейін кем дегенде 20 минут өткен соң әуе кемесінің бағындағы майды ағызуға, аккумуляторларын ажыратып барып аңғарға немесе ұшақ жөндейтін корпусқа (бұдан әрі - ҰЖК) кіргізуге болады. Сонымен қатар, әуе кемесін ҰЖК-ға кіргізер кезде оттегі баллондары жеке бөліктерге ажыратылып, ал оттегі жүйесіндегі оттегі шығарылуы қажет.

13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс істеушілерге, әуе кемесінің конструкциясына, әуе кемесі тұрағының орнына жанар-жағар май материалдарының, арнайы сұйықтықтардың және жуынды-шайындылардың төгіліп-шашылуын болдырмау үшін шаралар көзделуі қажет.

14. Иісі шыққан не зиянды заттарды (пестицидтерді, гербицидтерді, арнайы сұйықтықтарды) тасымалдауға және оларды қолдануға байланысты, сондай-ақ мемлекеттік санитарлық қадағалау органдары белгіленген эпидемиологиялық көрсеткіштер бой көрсеткен жағдайда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес әуе кемелерін тазартып залалсыздандырғаннан кейін ғана әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге кірісуге болады.

15. Әуе кемесінің биікте орналасқан бөліктеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жылжымалы сатыларды, траптарды, қойылмалы, жиналмалы және ұзартылатын сатыларды, сондай-ақ белгілі бір үлгідегі әуе кемелеріне арналған, құлап кетуден сақтайтын құрылғыларды қолдану арқылы о р ы н д а у қ а ж е т .

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын сатылар кейбір үлгідегі әуе кемелеріне жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу барысында биіктігі 1 метр қоршауды қолдануға мүмкін болмайтын сатыларды есептемегенде , жұмыс алаңындағы қоршаудың биіктігі 1 метр болуы тиіс. Қоршауының биіктігі 1 метрден аз сатыларды қолдану кезінде жұмыс істеушілердің құлап кетуін болдырмайтын сақтандыру шараларын жүзеге асыру қажет.

16. Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштардан шығатын және ауа мен газ сорғыларынан шығатын шу деңгейінің персоналдарға тигізетін әсерін азайту үшін айналмалы винттер мен турбиналардың әсерінің қауіптілігін болдырмау, қозғалтқыштарды сынау үшін қосу барысындағы шаң басуды азайту үшін құрылғылармен, шу бәсеңдеткіштермен және сорғыларды қабылдамайтын қалқаншалармен орнынан қозғалудың алдын алу және тежейтін жүйелермен жабдықталған арнайы тұрақ орнында жүргізілуге тиіс.

17. ӘК қозғалтқыштарын іске қосу мен сынауды, көтеруді және шассиді орнына қоюды, ӘК фюзеляждарының нығыздығын тексеруді, ӘК-ке көрсетілетін басқа жұмыстар тоқтатылған жағдайда ғана орындаған жөн. ӘК жанындағы жұмыс орындарында аталған жұмыстарды орындауға рұқсат етілген және осы операциялардың біреуімен тікелей айналысатын адам ғана болуға тиіс.

18. Электр тоғымен немесе электр доғасымен зақымдану қаупін болдырмау үшін әуеайлақ көздерінде электр энергиясының болу-болмауын вольтметрмен ғ а н а т е к с е р г е н ж ө н .

Аса қауіпті жағдайларда әуе кемелеріне электр тоғымен техникалық қызмет көрсету кезінде III класты электр машинасын пайдаланған жөн. I және II класты электр машиналарын пайдалануға тоқ өткізбейтін электр қолғаптар мен кілемшелерді, галош немесе тұтқалары изоляцияланған құралдарды қолданған жағдайда рұқсат етіледі.

19. Қызмет көрсетуші персонал жұмыс істеп жатқан ӘК жабдығына қателесіп кернеу беруді болдырмау, электр энергиясының көздерін ӘК желісіне қосу үшін жұмыстың осы түрін жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаның рұқсатымен рұқсат беріледі.

20. ӘК агрегаттары мен тораптарын монтаждау және демонтаждау кернеу мен олардың қоректерін алдын-ала сөндіріп және іске қосылатын құрылғыларға тиісті МемСТ талаптарына сәйкес орындалған "Қоспаңыз, адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген тыйым салу белгісін іліп қойып жүргізген жөн.

Басқару жүйелерінің және гидрожүйелердің элементтеріне техникалық қызмет көрсету мен демонтаждау кезінде оларды қателесіп қосып қалуды болдырмау үшін тиісінше ӘК-нің рульдік колонкалары мен гидрожүйені басқару крандарына тыйым салатын жазбаларды іліп қойған жөн.

21. Тікелей ӘК-те пісіру жұмыстарының кезінде ӘК-тің әрбір үлгісіне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес қауіпсіздік талаптарын қатаң орындаған жөн. Пісіру жұмыстары жүргізіліп отырған ӘК аңғардан және басқа ӘК-терден кем дегенде 50 метр қашықтықта болуға тиіс.

ӘК-тегі пісіру жұмыстары авиациялық-техникалық базаның (бұдан әрі - АТБ) цех бастығының жеке басшылығымен наряд-рұқсат болған жағдайда және өрттен қорғау кәсіпорнының рұқсатымен жүргізіледі. Пісіру жұмыстары МемСТ-тің, белгіленген тәртіппен бекітіліген пісіру және басқа отпен істелетін жұмыстар жүргізген кезде өрт қауіпсіздігі ережесінің (нұсқаулығының), азаматтық авиация кәсіпорындарын өрттен қорғау жөнінде нұсқаулықтың (ереженің) талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

ӘК-тегі пісіру жұмыстары кезінде аралас бөлшектер асбестпен немесе ылғал брезентпен оқшауландырылуға, ал пісіру орны ұшқын мен жалыннан асбест қалқандарымен қоршалуға тиіс.

3-тарау. Өндірістік жабдықты орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

22. ӘК тұрақтарына стационарлық жабдықты орналастыру перронда және тұрақ орындарында әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған ғимараттарды, стационарлық құрылғыларды жобалау жөніндегі белгіленген тәртіппен бекітілген ережелердің (нұсқаулықтардың) талаптарына сәйкес болғаны жөн.

23. ӘК тұрақ орындарындағы стационарлық жабдық әуежайлардағы белгіленген тәртіппен бекітілген авиациялық-техникалық баздарды технологиялық жобалау нормаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

24. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын жылжымалы жабдық қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігін және авиация техникасы мен жабдығының сақталуын қамтамасыз ететін жерлерде және қашықтықтарда орнатылуға тиіс.

25. Механикаландырудың арнаулы автокөліктері мен өздігінен жүретін құралдар белгіленген тәртіппен бекітілген азаматтық авиация әуежайларындағы әуе кемелері мен механикаландыру құралдарының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарда (ережелерде) келтірілген ережелерге және сызбаларға сәйкес айдап әкелуге және ӘК-те орнатылуға тиіс.

26. Су-май құюшылар суды, майды жылытқан және моторды қыздырған уақытта пеш жаққан кезде оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес белгілегені жөн, бірақ ол ӘК-тің соңғы нүктесінен 3 метрге дейін жақын болмауға тиіс.

27. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын жұмыс орны биік платформалар мен баспалдақтар, салмағы жүктерді көтеру және орнын ауыстыру кезіндегі ерлерге де, әйелдерге де түсетін шекті ауыртпалық нормаларынан асатын жабдықтарды, агрегаттарды биікке көтеруге арналған жүк көтеретін құрылғы болуға тиіс.

28. Құралдар арнаулы аспаптық түржиындарға салынуға тиіс.

4-тарау. Авиация техникасының бастапқы материалдарын, бұйымдары мен қалдықтарын сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

29. Тұрақ орындарында және перрон арқылы арнаулы автокөліктер мен өздігінен жүретін механика құралдарының қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағаттан аспауға тиіс. Қызмет көрсетіліп жатқан ұшаққа жақындау кезінде, жүргізуші оған 10 метр жер қалғанда машинасын (механикасын) тоқтатуға және ӘК-ке осы уақытта жауапты адамның рұқсатымен арнаулы автокөліктің 5 км/сағаттан аспайтын жылдамдықпен келу-кетуіне басшылық жасауға рұқсат берілген адамның басшылығымен жақындауға міндетті.

30. ӘК-ке құюға арналған авиаотынды, майды, арнаулы сұйықтықты тасымалдау арнайыландырылған және толық жарамды арнаулы көлікпен ғана жүзеге асырылады.

31. Тұрып қалған отынды ӘК бактарынан ӘК-тен 25 метрден астам қашықтықта сақталуға тиісті стационарлық құрылғыларға немесе арнаулы ыдысқа құйып алу қажет.

32. Жүктер мен жабдықтарды (материалдарды, бұйымдарды және т.б.) жанама қойылған баспалдақтар арқылы көтеруге тыйым салынады.

33. ӘК-ке зиянды және агрессиялық заттарды нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына жауап беретін оралған және олардың ағуын, булануын болдырмайтын және ӘК-тің кабиналары мен жүк салондарын былғамайтын күйде тиеуге-түсіруге рұқсат етіледі.

34. ӘК-ке авиациялық қызмет көрсету арнайы жабдықталған арбалармен, электр қарларымен және автомашиналармен жеткізілуіне тиіс.

35. Авиациялық жабдыққа радиоактивті изотоппен техникалық қызмет көрсету кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген радиоактивті қауіпсіздік нормаларының талаптары орындалуға тиіс. Радиоактивті изотопы бар және

жарамсыздыққа тап болған авиациялық жабдық жасаушы заводқа жіберілуге немесе көмуге мамандандырылған ұйымға акт бойынша берілуге тиіс. Радиоактивті көздері бар құралдарды көмуге, жоюға немесе басқа ұйымдарға беруге тыйым салынады.

36. ӘК-ке техникалық қызмет көрсетумен бірге сығымдалған газы бар баллондарды тасымалдау, сақтау және қолдану Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары (ведомстволары) белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

37. Пайдаланылған ескі және кір сүртетін материалдар қақпағы бар металл жәшіктерге салынуға және жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін ӘК аңғарынан немесе тұрақ орындарынан ӘК тұрақ орындарынан 25 метрден астам қашықтыққа арнайы бөлінген орынға шығарып тасталуы қажет.

2-бөлім. Әуе кемелерінің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету 5-тарау. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

38. Осы бөлімнің талаптары ӘК-тің планері мен тұрақ орындарының жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсетудің өндірістік процестеріне қолданылады және техникалық қызмет көрсетудің регламенттеріне сәйкес ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік талабын белгілейді.

ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету кезінде тиісті МемСТ сақталуға тиіс.

39. ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

1) жылжымалы өздігінен жүретін және қолмен жүретін машиналар, механизмдер, сынақ және бақылаушы құрылғылар, жұмыс өндірісін қамтамасыз ету жөніндегі бейімдегіштер, сондай-ақ олардың жылжымалы қорғалмаған бөлшектері;

2) ӘК планері мен оның жабдығының шығып тұратын бөліктері;

3) шарнирлік аспасы бар ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесінің жылжымалы бөлшектері;

4) арнаулы құлыптармен ұсталатын аспа баулығы бар ӘК-тің алмалы-салмалы бөлшектері;

5) ауалық атмосфералық ағыстар (жел);

6) фюзеляжды нығыздылыққа сынау кезінде ӘК планерінің ұшпа бөліктері немесе қысыммен жұмыс істейтін кемелердің ұшпа бөліктері;

7) отын бактарынан отынды құйып алу кезінде, сондай-ақ ӘК-ті гидрокөтергіштерге арналған ұшу желісіне орнату кезінде аударылатын ӘК;

8) құлайтын авиациялық техника бұйымдары, құралдар, бейімдегіштер мен материалдар ;

9) жұмыс орнының немесе жұмыс алаңының биіктігі 1,3 метр және одан көп қоршалмаған өтпелеріне жақын орналасуы;

10) ӘК планерінің салондарындағы, жүкке арналған, қызметтік және техникалық бөліктеріндегі жұмыс орындары мен жұмыс аймақтарын авиациялық техника бұйымдарымен, бейімдегіштермен, материалдармен, құралдарды және құрылғыларды сығымдалған ауамен және электр энергиясымен жабдықтайтын уақытша коммуникациялармен үйіп тастау;

11) қызмет көрсетуші персоналдар жүріп-тұратын жерлердегі жұмыс жүргізудің (траптардың, баспалдақтардың, басқыштардың және басқалардың) қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі планер мен бейімдегіштердің тірек беттерінің (мұз қатудың, ылғалдықтың, майланудың салдарынан) аса сырғымалылығы ;

12) жұмыс жасайтын қуатты қондырғы кезінде олардың жалғанбаларының нығыздығын тексеру кезінде жоғарғы жабдықтардың агрегаттары мен труба құбырларының үстіңгі бетінің жоғары температурасы;

13) планердің қаптарынан, дренаждық құрылғылардан қатқан мұз бен қарды алу үшін, сондай-ақ планердің жекелеген конструкцияларын кептіру үшін әуеайлақтық жылытқыштарды қолданған кезде ауаның жоғары температурасы;

14) сыртқы ауаның жоғары температурасы мен күн радиациясының әсері жағдайындағы планердің үстіңгі бетінің жоғары температурасы;

15) қоршаған ортаның жағымсыз температурасының жағдайындағы планердің және конструкцияның басқа бөлшектерінің үстіңгі бетінің, сондай-ақ ӘК-тің жоғарғы жүйесінің үстіңгі бетінің төмен температурасы;

16) ӘК планерінің қаптары мен қуатты жиынтықтарын жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде өңделетін материалдардың ұшпа жоңқалары;

17) ӘК-тің планерін және жоғарғы жүйесін жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде планер қаптарының үстіңгі беттеріндегі және конструкция бөлшектеріндегі, сондай-ақ құралдардағы өткір жиектер, қабыршықтар, кедір-бұдырлар ;

18) әуеайлақтық жылытқыштарды, сондай-ақ еріткіштерді, эпоксидтік құрамдарды, лакпен сырлау материалдарын және басқа заттарды пайдаланған кезде ӘК планерінің салондарындағы, жүкке арналған, қызметтік және техникалық бөліктеріндегі газдың жоғары болуы;

19) электр энергиясының сыртқы көздерінен қоректенетін электрмен жылытатын құрылғылар мен электржетекті бейімдегіштерді қолданған кезде, сондай-ақ планер мен жоғары жүйе агрегаттарының жұмысқа қабілеттілігін бақылайтын дабылдың электр жүйелерін реттеу кезінде адамның денесі арқылы

өтуі мүмкін оқшауланған электр шынжырының жоғары кернеуі;

20) отын бактарынан отынды құйып алу кезінде статикалық электрлендірудің жоғары деңгейі;

21) ӘК-тің қызметтік, техникалық, жүк қою бөлімдерінде, астыңғы кеңістікте, ӘК-тің тірек қуыстарында және планердің басқа көлемдерінде жарықтың болмауы немесе жеткіліксіз болуы;

22) үстіңгі жағын қарау және жөндеу кезінде планер көлемдерінде тасымалданатын шамдалы мен айнаны қолданған кезде жарықтың өте жарықтылығы, тікелей және шағылыспалы жалтырауықтығы;

23) киімдер мен аяқкиімдердің аса ылғалдылығы;

24) ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын лакпен боялғандардың, эпоксидтік, жанар-жағар майдың, жуу және басқа материалдардың құрамына кіретін зиянды заттар, сондай-ақ пестицидтердің қалдықтары;

25) ӘК-тің қуатты қондырғыларының жұмыс істеп тұрған, сондай-ақ ӘК басқарылатын және ұшатын кездегі шудың жоғары деңгейі;

26) ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесінің демонтаждалатын және монтаждалатын бөліктерін көтерген және орнынан ауыстырған кезде, сондай-ақ планердің астыңғы кеңістіктерінде, қызметтік, техникалық бөлімдерінде, ӘК-тің тірек қуыстарында және планердің басқа көлемдерінде тар жерде ыңғайсыз жағдайда жұмыс орындау кезіндегі іс жүзіндегі ауыртпалықтар.

40. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген деңгейі, сондай-ақ олардың жұмыс істеушілерге тигізетін әсерін жоюға немесе төмендетуге бағытталған талаптар тиісті МемСТ пен санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес жүргізіледі.

41. Өрт және жарылғыш қауіпсіздігінің шаралары нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес сақталуға тиіс.

42. Өндірістік жабдық пен жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бейімдегіштер МемСТ-тың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

43. ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсетуді орындау кезіндегі желдің жылдамдығын ӘК-тің әрбір түрі бойынша кәсіпорынның басшысы белгілейді.

44. Планерді және ӘК-тің жоғарғы жүйесін тазалау мен жуу, лак сырымен боялған сырларды кетіру және жағу, үстіңгі бетінің үйкелген май жағындыларын ауыстыру, жанар-жағар материалдарды құйып алу және майды толтырып құю, ӘК планерінің қаптамасын жөндеу үшін шпатлевкалар дайындау, сондай-ақ қолданылған зиянды заттарды ұқсату барысында айналадағы ортаны былғамау қажет.

6-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

45. ӘК планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсетудің процестерін әзірлеу, ұйымдастыру, жүргізу және бақылау МемСТ-тың талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

46. ӘК планерінің қаптамасын және оның конструктивтік элементтерін қарау үшін аралау бағыты қызмет көрсететін персоналдың ӘК планері мен оның жабдығының шығып тұратын бөліктерімен соқтығысып қалуын болдырмауы қажет.

47. Жоғары орналасқан қуатты қондырғыларға техникалық қызмет көрсету осы мақсаттар үшін баспалдақтарды, басқыштарды, траптарды және ӘК-тің осы түріне арнайы тағайындалған көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып орындалуға тиіс. Техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылған баспалдақтардың биіктігі 1 метр қоршауы бар баспалдақты пайдалану ӘК-тің кейбір түрлерінің қуатты қондырғыларына арналған жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде мүмкін еместігін қоспағанда, биіктігі 1 метр қоршауы болуға тиіс. Биіктігі 1 метрден кем қоршауы бар баспалдақтарды пайдаланған кезде жұмыс істеушілердің құлап кетуін болдырмайтын қосымша шаралар қолданылуға тиіс.

48. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын баспалдақтардың биіктігі 1 метр қоршауы бар баспалдақты пайдалану ӘК-тің кейбір түрлерінің қуатты қондырғыларына арналған жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде мүмкін еместігін қоспағанда, биіктігі 1 метр қоршауы болуға тиіс. Биіктігі 1 метрден кем қоршауы бар баспалдақтарды пайдаланған кезде жұмыс істеушілердің құлап кетуін болдырмайтын қосымша шаралар қолданылуға тиіс.

49. Жұмыстарды орындау кезіндегі бейімдегіштердің (баспалдақтар, тұғырықтар, басқыштар, люлькілер, траптар) жұмыс істеп тұрған ауыртпалық орталығын бейімдегіштік жұмыс алаңынан тыс жерге ауыстыру қажеттігі болмайтындай етіп орнатылғаны жөн.

50. Өздігінен жүретін механика құралдарының жоғарғы тірек алаңдары ӘК планерінің кіретін ойық табалдырығының биіктігіне 0,02 метрлік саңылаумен дәл орнатылуға тиіс. Қызмет көрсететін персоналдың өздігінен жүретін құралдардың баспалдақтары арқылы жүріп-тұруына олардың жылжуын болдырмайтын шаралар қолданылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

51. Кірер есікті ашар алдында және ашық ойықтарда траптар мен баспалдақтар жоқ кезде шектеу белдіктерін, оларды тағу көзделген жерге орнату қажет.

52. Электрлік механикалық немесе гидравликалық жетектермен басқарылатын жылжымалы қақпақтар, баулықтар, жармалар мен аталған бұйымдардың жылжымалы бөліктері механикалық құрылғылармен бекітілуге тиіс.

53. ӘК фюзеляждың ішіндегі жұмыстар уақытша тоқтаған кезде едендердегі, есіктердегі, авариялы люктердегі, қабырғалық және төбелік қуыстардағы, жүк қоятын, қызметтік және техникалық бөліктердегі барлық ашық ойықтарға технологиялық қақпақтар, бітеуіштер орнатылуға тиіс.

54. ӘК-тің экипаж кабиналарындағы силикатты алдыңғы шынылардың бетін өңдеуге арналған гидрофобизирлейтін сұйықтық бар шыны құтыларды ашу шыны сынықтарының ұшуын және гидрофобизирлейтін сұйықтықтың қызмет көрсететін персоналдың ашық денесіне және ӘК конструкциясының бөлшегіне төгіліп кетуін болдырмау мақсатында арнаулы ыдыстардағы іскектермен жүргізілуге тиіс.

55. ӘК планері мен жоғарғы жүйесі бөліктерінің ішкі жағының бетін тазалауға арналған тез тұтанатын және жанар сұйықтықтарды қолдануға, қолданылатын заттардың төгіліп кетуі мен шашырауын болдырмайтын тәсілдермен шомылғыны, қаңылтабаны, қылдан жасалған жаққыш қаламдар мен мақта-қағаз матадан жасалған салфеткаларды пайдаланғанда ғана рұқсат етіледі.

Осы жұмыстарды өрт және жарылыс қауіптілігінің талаптарын қанағаттандырмайтын анық жылу көздерін пайдаланумен, ӘК-ке тікелей жақын тұрған ӘК электр энергиясының көздері мен тұтынушыларын қосумен және ажыратумен, сондай-ақ тұтану көздері болуға қабілетті жалын пайда болуы мүмкін жұмыстармен қатар істеуге тыйым салынады.

Планердің ішкі жағында тез тұтанатын және жанар сұйықтықтарды қолданғаннан кейін ӘК планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жаңғыртуға барынша желдетілгеннен және пайдаланылған сұйықтықтардың буларынан арылғаннан соң ғана рұқсат етіледі.

56. ӘК-тің жұмыс істеп тұрған қуатты қондырғысы жанындағы ыстық ауа арналардың және олардың жоғарғы жүйе агрегаттарымен (қол жетімді орындардағы) қосылыстарының нығызсыздығын қолмен сезінуді тексеру кезінде мақта-мата қолғаптарды пайдалану қажет.

57. Нығызсыздықты болдырмау мақсатында ішкі отын бактары-кессондарының жұмыстары кезінде ішкі отын резервуарларының жұмыс жағдайының қауіпсіздік ережелерін оқыған кем дегенде екі адамнан тұратын бригада тағайындаған жөн. Бригада бір бакта және карта-наряд бойынша ғана жұмыс орындай алады. Бригада мүшелерінің біреуі бактың ішінде жұмыс істеушіге қажет болған жағдайда көмек пен эвакуация көрсету үшін бактың сыртында тұрады.

58. ӘК-тің отын бактарынан отынды құйып алу бактардан отынды құйып алу жөніндегі ӘК-тің осы түріне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес жүргізілуіне тиіс. ӘК-тің отын бактарынан отынды алдыңғы тірекпен құйып алу кезінде фюзеляждың артқы бөлігіндегі ӘК-тің артқы орталығында болуы мүмкін қиын-қыстау өзгеріс жағдайында белгілі бір орынға көтергіш орнатылуға тиіс.

59. ӘК-ті қанаттың орталық бөлігімен қанаттың алмалы-салмалы бөлігін ажырату арқылы түйісетін болттарды тарту үшін көкжиек желісіндегі көтергіштерге орнату кезінде:

1) ӘК-тің алды мен артына "Абайлаңыз! Ұшақтың аударылуы мүмкін" деген жазуы бар қауіпсіздік ескерту белгілерін орнату;

2) көтергіштерді топыраққа орнату орны жасанды төсеніштен, егер қажет болған жағдайда, тазартқан және кептірген жөн. Көтергіштерді топыраққа орнатуға 15 тоннаға дейін салмағы бар ӘК үшін ғана рұқсат етіледі, сонымен бірге көтергіштердің негізінің астына осы мақсат үшін және ӘК-тің тиісті түрі үшін арнайы тағайындалған ағаш қалқандар төсеген жөн;

3) ӘК-ті көтеру мен түсіруді ӘК-тің осы түріне арналған жұмыстарды орындау жөніндегі технологиялық нұсқауларға сәйкес көтергіштермен жүргізген жөн ;

4) отын бактарынан отынды толық құйып алу қажет.

60. ӘК фюзеляжының нығыздылығын тексеру кезінде:

1) ӘК айналасындағы аймақты 2-3 метр қашықтықта құрал-сайман қоршаулармен қоршау ;

2) "Абайлаңыз! Планер бөліктерінің ұшуы мүмкін" деген жазуы бар ескерту белгілерін орнату ;

3) адамдарды ӘК-тің осы түріне арналған тұрақтан тыс қауіпті аймақтан әкету ;

4) фюзеляждағы ауаның қысымын авариялық төмендетуге арналған құрылғының жұмысын тексеру қажет.

Фюзеляждағы ауа қысымының өсу жылдамдығы ӘК-тің осы түріне арналған регламенттелген жұмыстарды орындау жөніндегі технологиялық нұсқауларда белгіленген мәндерден жоғары болмауға тиіс.

61. Тиісінше жоғары немесе төмен температуралы үстіңгі беттеріне жанасу кезінде күйікті немесе үсікті болдырмау үшін ӘК-тің планері мен жоғарғы жүйесіне техникалық қызмет көрсету ашық денемен үстіңгі бетке жанасуды болдырмайтын арнаулы киіммен орындалуға тиіс.

62. Планердің қаптамасы мен қуатты жиынтығын жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде үстіңгі беттерге металл жаңқаларының тастандысын, өткір жиектердің, қабыршықтар мен кедір-бұдырлардың пайда болуын болдырмайтын шаралар қарастырған жөн.

63. Планердің қаптамасындағы мұз бен қарды кетіру үшін әуесайлақтық жылытқыштарды пайдалану кезінде және планердің жекелеген конструкцияларын кептіру кезінде ыстық ауа ағысының адамның ашық денесіне түсуінен қашу керек.

7-тарау. Өндірістік жабдықтарды орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

64. ӘК фюзеляжының ішкі жұмыстарын орындау үшін қолданылатын жабдық, бейімдегіш пен құралдар қызмет көрсетуші персоналдың жүріп-тұру бағытын үймемен бөгемеуге тиіс, олармен абайсызда соқтығысқан немесе планер қозғалған жағдайда құлауды болдырмау мақсатында ұқыпты орнатылуға немесе бекітілуге тиіс.

65. Құралдар арнаулы құралдық сұрыптауға салынуға тиіс. Құралдар мен бейімдегіштерді планердің қаптамасына салуға тыйым салынады.

66. Өрт болдырмау мақсатында жылу энергиясын (дәнекерлеуіш, жеке шамдалдар және т.б.) шығарғыш құралдар мен құрылғылар, олардың ӘК-тің ішкі құралдарының үстіңгі бетімен тікелей байланысын болдырмайтын жерлерде орналастырылуға тиіс.

67. Фюзеляждың ішіндегі уақытша энергетикалық коммуникацияларды орналастыру олардың механикалық және термикалық бүлінуін болдырмауға, сондай-ақ жұмыс істеушілердің жүріп-тұру бағыттарын бөгемеуге тиіс.

8-тарау. Авиация техникасының бұйымдары мен бастапқы материалдарды сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

68. Жұмыстарды орындауға қажетті авиация техникасының бұйымдары мен бастапқы материалдарды ӘК планерінің ішіне және оның бөліктерінде сақтауға тыйым салынады.

69. Авиация техникасының бұйымдары монтаж басталғанға дейін және бастапқы материалдарды оларды қолдану басталғанға дейін фюзеляжда нақты жұмыстарды орындауға қажетті мөлшерде техникалық бөліктерде немесе контейнерлерде ғана сақтауға рұқсат беріледі.

70. Арнаулы сұйықтықтар мен жанар-жағар материалдар жабық ыдыста сақталуға тиіс. Пайдаланылған арнаулы сұйықтық пен қоқыс осы мақсатқа арнайы бөлінген орында, ӘК-тен кем дегенде 25 метр қашықтықта ұқсатылуға тиіс.

71. Авиация техникасының бұйымдары мен бастапқы материалдарды ӘК планері кеңістігінің ішінде және фюзеляждың ішінде олардың әрқайсысының салмағы 10 кг-ден аспайтын болса бір жұмысшының, әрқайсысының салмағы 10-20 кг болса - екі жұмысшының қолмен тасымалдауына рұқсат етіледі. Авиация техникасының бұйымдары мен бастапқы материалдардың әрқайсысының салмағы 20 кг болған жағдайда планер кеңістігінің ішінде және фюзеляждың ішінде оларды тасымалдау механика құралдарын пайдаланып орындалуға тиіс.

72. Салмағы 10 кг-ден асатын авиация техникасының бұйымдары мен бастапқы материалдарды планер кеңістігінің ішінде жанаспалы және борт басқыштарымен тасымалдауға тыйым салынады.

3-бөлім. Қуатты қондырғыларға техникалық қызмет көрсету 9-тарау. Жалпы ережелер

73. ӘК-тің қуатты қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді әзірлеу, ұйымдастыру, орындау және жетілдіру процестерін белгіленген тәртіппен бекітілген МемСТ-тің, осы Ереженің, ӘК-ке техникалық қызмет көрсету регламенттерінің, осы регламенттерді және басқа нормативтік-техникалық құжаттаманы орындау жөніндегі технологиялық нұсқаулардың талаптарына сәйкес келтірген жөн.

74. ӘК-тің қуатты қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді орындау кезінде жұмыс істеушілерге мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

1) ӘК-тің қорғалмаған жылжымалы элементтері мен қуатты қондырғы (айналмалы әуе және тасығыш винттер, қозғалтқыштар мен агрегаттардың роторлары, трансмиссиялардың біліктері, қозғалтқыштар капоттарының жармалары, кері қимылдайтын құрылғылар), көтергіш механизмдер мен өндірістік жабдық;

2) ӘК-ке және ӘК-тен қозғалтқыштарды, агрегаттарды, жабдықтарды жеткізуге арналған көлік құралдары (өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін арбалар);

3) ұшатын сынықтар, элементтер, қуатты қондырғы мен өндірістік жабдықтың бөлшектері;

4) авиация техникасының құлайтын қозғалтқыштары мен басқа бұйымдары; жоғары орналасқан қуатты қондырғылар мен олардың агрегаттарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар кезіндегі құралдар мен материалдар;

5) қозғалтқыштарды іске қосқан және сынақ кезінде аса жылдамдықпен ағатын жұмысын тамамдаған газдардың ағысы және осы ағысқа түскен заттар, топырақ бөліктері, тастар, құм;

6) жоғары жылдамдықпен қозғалатын (қозғалтқыштардың ауа жинайтын аймағы) ауа жұтқыш ағындар;

7) ауалық атмосфералық ағындар (жел);

8) қуатты қондырғылардың қозғалтқыштарын іске қосу мен сынақ кезінде және бөлшектерін ультрадыбыстық бақылау кезінде тербелістің, ультра-инфрадыбыс шуының жоғары деңгейі;

9) қол жетуі қиын жерлерде орналасқан қуатты агрегаттарға техникалық қызмет көрсету кезіндегі іс жүзіндегі ауыр салмақтар;

10) жұмыс орнының немесе жұмыс алаңының биіктігі 1,3 метрге дейін және одан көп қоршалмаған өтпелеріне жақын орналасуы;

11) авиациялық қозғалтқыштардың қыздырылған бөліктерінен алынған инфрақызыл сәулелер ағысының жоғары деңгейі;

12) қуатты қондырғыда дәнекер жұмыстарын орындау кезінде ультракүлгін және жылу сәулелерін шығарғыштың жоғары деңгейі;

13) қолданылатын материалдардың құрамына кіретін (топырақтық, герметикалық, еріткіш желімдер, спирттер, лактар, бояулар) химиялық заттар;

14) жанар-майлау материалдары (бензин, керосин, минералдық және синтетикалық майлар, майлау), отынның, арнаулы сұйықтықтардың жануынан пайда болған, демалу органдары, асқазан-ішек жолдары, тері жабындылары мен шырышты қабықтар арқылы организмге өтетін зиянды өнімдер (АМГ-10, НЖ-4, "И" сұйықтығы, бензинге қосынды, мұз қатуға қарсы және жуғыш сұйықтықтар).

75. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың қол жетімді деңгейі, сондай-ақ жұмыс істеушілерге олардың тигізетін әсерін болдырмау мен азайтуға бағытталған талаптар тиісті МемСТ пен осы Ережеге сәйкес келеді.

10-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

76. ӘК-тің қуатты қондырғыларына тиісті МемСТ-тың талаптарын орындаған жағдайда және қозғалтқыштың ыстық бөліктері мен оның жүйелері техникалық қызмет көрсетудің технологиясы белгілеген температураға дейін суытылғаннан кейін техникалық қызмет көрсетуге кірісуге рұқсат етіледі.

77. ӘК-тің қуатты қондырғыларына техникалық қызмет көрсету процестерін, технологиялық операцияларды механикаландыру мен автоматтандыруды ұйымдастыру мен жүргізу жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың тигізетін әсерін болдырмауды немесе азайтуды қамтамасыз етуге тиіс.

78. Жоғарғы орналасқан қуатты қондырғыларға техникалық қызмет көрсету осы мақсаттар үшін баспалдақтарды, басқыштарды, траптарды және ӘК-тің осы

түріне арнайы тағайындалған көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып орындалуға тиіс. Техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылған баспалдақтардың биіктігі 1 метр қоршауы бар баспалдақты пайдалану ӘК-тің кейбір түрлерінің қауатты қондырғыларына арналған жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде мүмкін еместігін қоспағанда, биіктігі 1 метр қоршауы болуға тиіс. Биіктігі 1 метрден кем қоршауы бар баспалдақтарды пайдаланған кезде жұмыс істеушілердің құлап кетуін болдырмайтын қосымша шаралар қолданылуға тиіс.

79. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын баспалдақтардың биіктігі 1 метр қоршауы бар баспалдақты пайдалану ӘК-тің кейбір түрлерінің қауатты қондырғыларына арналған жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде мүмкін еместігін қоспағанда, биіктігі 1 метр қоршауы болуға тиіс. Биіктігі 1 метрден кем қоршауы бар баспалдақтарды пайдаланған кезде жұмысшылардың құлап кетуін болдырмайтын қосымша шаралар қолданылуға тиіс.

80. Қауатты қондырғылардың салмағы 10 кг-ден асатын агрегаттары мен бөлшектерін жанаспалы және борт басқыштарымен тасымалдауға тыйым салынады.

81. Қозғалтқыш роторы немесе ілме винт айналған кезде жұмыс істеушілер ротордың айналма аймағынан немесе ілме винт айналмасы жазықтығынан тыс жерде болуға тиіс.

82. Тікұшақтың тасымалдайтын винтінің қалақтарын қолмен бұрау алдында осы тікұшақтың тасымалдайтын және артқы винттерінің айналу аймағында адамдардың және жабдықтың жоқтығына көз жеткізу қажет.

83. ӘК-тің қозғалтқышында жұмыс істеу алдында капоттардың қақпақтары олардың өзі өзінен жылжуын және персоналды жарақаттануын болдырмау үшін сенімді тіркелгеніне көз жеткізген жөн.

84. Қауатты қондырғылардың биікте орналасқан бөліктерінде жұмыс істеген кезде құралдар мен жабдықтарды олардың құлап кетуі мен персоналдың жарақаттануын болдырмау үшін түржиындардағы баспалдақтарда орналастырған жөн.

85. Қауатты қондырғылардың биікте орналасқан бөліктерінде жөндеу жұмыстарын орындаған кезде (бұрғылау, тазалау, тойтару) жұмыс істеушілер сақтандырғыш белдіктерін пайдалануға тиіс. Қозғалтқыштың ағызбалы арналарында жұмыстар істеген кезде жұмыс істеуші қажет болған жағдайда арнадан эвакуациялау үшін сақтандырғыш фалмен жабдықталуға тиіс.

86. Қозғалтқыштың роторын бұрауға байланысты компрессордың және турбинаның қалақтарындағы ақауларды бақылау мен жою жөніндегі жұмыстарды істеген кезде персоналдың іс-қимылы келісімді болуға тиіс.

Операцияларды орындаған кезде қозғалтқыштың роторы осы үлгідегі қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету технологиясында көзделген бекіткіштермен сенімді бекітілуге тиіс.

87. Қозғалтқыштарды іске қосу мен сынауды ӘК-де өзге жұмыстар тоқтатылған жағдайда ғана жүргізген жөн. Осы орайда іске қосуды өткізуге және жүргізуге тікелей қатысатын персоналға ғана ӘК-де болуға рұқсат беріледі. Инженерлік-техникалық персонал қозғалтқыштар іске қосылған кезде винттердің айналатын жазықтығында болмауға тиіс.

88. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде газ ағысының ағу аймағында адамдар, жабдықтар және құрылыстар болмауға тиіс. Қозғалтқыштан газдардың шығу бағытында 50 метрден аз және қозғалтқыштың ауа жинағышының алдында 10 метрден кем қашықтықтар қауіпті болып табылады.

89. Жерде іске қосуды бақылаушы тұлға экипаждың кабинасымен байланыс жасайтын құралдарымен және есту органдарын жеке қорғау құралдарымен жабдыкталуға тиіс.

90. Қозғалтқышты айдау немесе қозғалтқыштардың реверсивтік құрылғыларын сынау алдында жазғы уақытта қатты шаңдануын болдырмау үшін алаңға су себуді жүргізу қажет.

91. Қозғалтқыштарды іске қосу мен сынауды іске қосу орнында МемСТ талаптарына сәйкес келетін өрт сөндіруші құралдары болған жағдайда ғана жү р г і з г е н ж ө н .

Қозғалтқышты ӘК-ке орнатқаннан кейін оны бірінші іске қосуға ӘК-тің жанында өрт сөндіруші автомобиль болған жағдайда жүргізуге рұқсат беріледі.

92. Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышта реттеу жұмыстарын істеуге тыйым салынады. Қозғалтқышта орналасқан агрегаттардың, труба құбырларының және отын, май труба құбырлары мен сораптарының және гидравликалық жүйелердің ағу орнын анықтау персоналдың сору немесе шығу ағысының аймағына түсуінен сақтық шараларын сақтай отырып, сондай-ақ есту органдарының жеке қорғау құралдарын қолдана отырып қозғалтқыш жұмыс істеген кезде жүргізіледі.

93. Қозғалтқыштың үстіңгі бетінің жай-күйі персоналдың күйін болдырмайтын жағдайда және ӘК тұрағының орнына, персоналға, резина бұйымдарына, электр тартылымына және арнайы жабдықтың агрегаттарына жуу сұйықтығының түсуін болдырмайтын шараларды қабылдаған жағдайда технологияда көзделген жуу сұйықтығымен қозғалтқышына жуу жүргізген жөн.

Қозғалтқышты жуу аяқталған соң 30 минут өткен соң іске қосуды жүргізу к е р е к .

ӘК-нің электр қоректендіргіш көздерін қозғалтқышты жуғаннан кейін одан әрі қозғалтқышты желдете және сығымдалған ауамен үрлей отырып 15 минут өткен соң қосуға рұқсат беріледі.

94. Қуатты қондырғының бөлшектерінен майды, отынды, кірді кетіру кезінде осы қуатты қондырғының үлгісіне техникалық қызмет көрсету технологиясында көрсетілген жуу және сұрту материалдарын ғана пайдалану қажет.

95. Қуатты қондырғылардың түзілімдері мен бөлшектеріне майды жаққан (кетірген) кезде персоналдың денелерінің ашық жерлеріне майлау материалдарының түсуін болдырмау қажет.

96. Қуатты қондырғыда герметиктарды дайындаумен және қолданумен, лакпен бояу жамылғыларын жағумен және алумен байланысты жөндеу жұмыстары осы жұмыстардың түріне сәйкес келетін есту, дем алу органдарының және терінің тұтастығын жеке қорғау құралдарын пайдалана отырып жүргізу қажет.

97. Қуатты қондырғылар агрегаттарының отын мен май сүзгіштерін жуу тек қана жууға арналған жерлерде жүргізілуге тиіс. ӘК тұратын орындарда сүзгіштерді жууға тыйым салынады.

98. Қуатты қондырғының сүзгіштерін және басқа бөлшектерін сығымдалған ауамен үрлеуді белгіленген қысымнан асырмай және ауаның ағысын жұмыс істеушілерден басқа жаққа бағыттай отырып, қозғалтқыштың әрбір түріне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес жүргізген жөн.

99. Қозғалтқыштардың отын мен май жүйелерінен аққан жағдайда қысымдағы сұйықтық ағыстарының жұмыс істеушілерге әсерін алып тастау, қозғалтқыштың бөліктеріне және ӘК тұрағының орнына отын мен майдың төгілуін болдырмау қажет.

100. Кері қимылдау құрылғылары бар қозғалтқыштардың шүмектері мен турбиналарын қарауды кері қимыл тартқышының басқару гидрожүйесінде қысымды толық бәсеңдету кезінде жүргізу қажет.

101. Қуатты қондырғының агрегаттарын жылытқан кезде электр тартылымының оқшауламасына, отын мен май жүйелерінің агрегаттарына және адамдарға ыстық ауаның бағытталуына жол бермей, қозғалтқыштың әрбір түріне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес температуралық режимді сақтаған жөн. Ұшақта жылытқыш ӘК-нің осы үлгісіне бекітілген сұлбаға сәйкес кем дегенде 3 метр жақындықта орнатылады.

102. АТБ учаскелерінде қуатты қондырғының отын мен май жүйелерінің сүзгіштерін ультрадыбыстық тазалау МемСТ-қа сәйкес қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізілуге тиіс.

103. ӘК-де ауалық винттерінің қозғалтқыштарына құралдық ультрадыбысты бақылау бойынша жұмыстар ӘК жерлендірілген, ақауапқыш және бақылау жүргізілетін баспалдақпен жүргізілуге тиіс. Ақауапқышты қосу алдында электрмен қоректендіру кабельдерінің оқшауламасының сенімділігіне көз жеткізу қажет.

104. Қозғалтқыштың сынақтан өткізген кезде ӘК-ке электрмен қоректендірудің көзін іске қосуға қуатты қондырғыда барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін іске қосуды жүргізетін тұлғаның командасы бойынша рұқсат беріледі.

105. Жарықтандыруды қолдана отырып, қуатты қондырғыдағы жұмыстарды айнымалы токтың 12 В, тұрақты токтың 24 В кернеуімен тасымалданатын шамдар арқылы жүргізген жөн. Қозғалтқыштардың ыстық бөліктеріне электр сымдарының тиюіне және электр ажыратқыштың ұшқындауға жол берілмеуге тиіс.

106. Қолмен жүретін I кластағы электр машиналарымен жұмыс істеген кезде аспаптың корпусы қуатты қондырғылардың металл бөліктерінде және металл құрылымдарын ӘК-тің корпусын кейіннен жерлендіре отырып өзара қосу қажет. Қолмен жүретін II және III класты электр машиналары МемСТ-қа сәйкес жерлендірілмейді.

107. Электр аспабымен қуатты қондырғыларда жұмыстар жүргізілетін жанама қойылған басқыштар, баспалдақтар, траптар мен мінбелер МемСТ-тың талаптарына сәйкес оқшаулаушы жапқыштарға ие болуға тиіс.

108. ӘК-де қуатты қондырғының тораптарында да, бөлшектерінде де балқытып біріктіру жұмыстары кезінде ӘК-нің әрбір үлгісіне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес қауіпсіздік талаптары қатаң орындалуға тиіс. Балқытып біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатқан ӘК аңғардан және басқа ӘК-тен 50 метр қашықтықта болуға тиіс.

ӘК-тегі балқытып біріктіру жұмыстары рұқсат беру наряды болған жағдайда АТБ цехы бастығының тікелей басшылығымен және кәсіпорнының өрт күзетінің рұқсат беруімен жүргізіледі. Балқытып біріктіру жұмыстары МемСТ-тың және белгіленген тәртіппен бекітілген балқытып біріктіру мен басқа отынмен істелетін жұмыстарды жүргізген кезде өрт қауіпсіздігі ережелерінің (нұсқаманың) талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

Қозғалтқышта балқытып біріктіру жұмыстарын жүргізген кезде аралас бөлшектер асбестпен немесе дымқыл брезентпен оқшаулануға тиіс. Ал балқытып біріктірілген орын ұшқындар мен жалыннан асбест қалқандарымен қоршалуға тиіс.

109. Қуатты қондырғының қол жетуі қиын орындарында жұмыстар істеген кезде қуатты қондырғының өткір және шығып тұратын бөліктеріне жарақаттанудың алдын алу мақсатында жұмыс істеушінің ең тиімді жағдайын қамтамасыз етуге тиіс. Шектелген кеңістікте жұмыс істеген кезде іс жүзінде ауыртпалықты болдырмау үшін жұмыс істеушінің жүктемесін және дем алуын тиімді ауыстырып отыру қажет.

110. ӘК-тің әрбір үлгісі үшін қозғалтқыштарды алмастыруды жүргізуге рұқсат берілетін желдің жылдамдығын нақты кәсіпорнының басшысы белгілейді.

11-тарау. Бастапқы материалдарды, авиациялық техниканың бұйымдары мен қалдықтарын сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

111. Қуатты қондырғыларға техникалық қызмет көрсету кезінде жабдықты жылжыту жолдары мен тәсілдері ӘК-тің басқа жүйелері мен агрегаттарында жұмыстармен айналысып жатқан персоналдың жарақаттануын болдырмауға тиіс.

112. Қуатты қондырғылардың салмағы 10 кг. дейінгі агрегаттар мен бөлшектерді бір жұмыс істеушіге, 10-нан - 20 кг. дейінгі - екі жұмыс істеушіге тасымалдауға және биіктікке көтеруге рұқсат беріледі.

113. Авиация қозғалтқыштарының, қосалқы қуатты қондырғылардың және жоғары салмақты басқа авиациялық техника бұйымдарының монтажын (демонтажын) белгіленген тәртіппен бекітілген жүк көтеретін крандар құрылғысының және қауіпсіз пайдалану ережесіне (нұсқамаға) сәйкес жүк көтеретін машиналар мен бейімдегіштерді пайдалана отырып жүргізген жөн.

114. Қуатты қондырғылардың монтажын (демонтажын) осы мақсатқа жабдықталған алаңдарда, аңғарларда және АТБ доктарында персонал іс-қимылының келісімділігін қамтамасыз ететін бригадирдің басшылығымен жүргізген жөн.

115. Авиацияның қозғалтқыштары мен олардың агрегаттарын консервациялау мен консервациядан шығарғыш жұмыс істеушілерге жанар-жағар майлардың түсу мүмкіндігін болдырмайтын технологиялық талаптарға сәйкес жүргізу қажет.

116. Қуатты қондырғыларда жұмыстарды орындағаннан кейін тұрақ орнын қозғалтқыштың ауалық трактсына олардың түсуін болдырмау мақсатында жұмсалған материалдардың, жанар-жағар майлардың қалдықтарынан тазалаған жөн.

4-бөлім. Автоматика, радио, электр және аспап жабдықтарының жүйелеріне техникалық қызмет көрсету 12-тарау. Жалпы ережелер

117. Автоматика, радио, электр және аспап жабдықтарының жүйелеріне (АжРЭЖ) техникалық қызмет көрсету процестерін әзірлеуді, ұйымдастыруды, орындау мен жетілдіруді белгіленген тәртіппен бекітілген МемСТ-тың, осы

Ереженің, ӘК-ке техникалық қызмет көрсету регламенттерінің, осы регламенттерді орындау жөнінде технологиялық нұсқаулардың және басқа нормативтік-құқықтық құжаттамаларының талаптарына сәйкес жүргізген жөн.

118. ӘК-тің АЖРЭЖ-не техникалық қызмет көрсетуді орындаған кезде жұмыс істеушілерге мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар:

1) жұмыстарды жүргізуге арналған өздігінен жүретін және қолмен жүретін машиналар, механизмдер және бейімдегіштер - ӘК жабдығының және қазғалтқыштардың іске қосуының әуеайлақтық электрмен қоректендіру көздері, әуеайлақтық оттекті-зарядтау станциялары (бұдан әрі - ӘОЗС), АЖРЭЖ жұмыс қабілеттілігін тексеру үшін бақылау-тексеру аппаратурасының жинақтамалары, сондай-ақ олардың қорғалмаған жылжымалы бөліктері;

2) ӘК-тің қозғалмалы қорғалмаған элементтері - шасси бөліктерінің жармалары, есіктер мен люктер, жапқыштар, рульдің үстіңгі беттері, қанаттың алдындағы бөлшектер, спойлерлер, тежеуіш қалқаншалар, ауалық винттер;

3) әуеайлақтық қоректендірудің, авиакөзғалтқыштарды іске қосуға арналған стационарлық әуеайлақтық қоректендірудің көзін электр сымдарын және штепсельдік ажырату бойынша жылжытуға арналған жылжымалы штангалар мен кронштейндер ;

4) АЖРЭЖ жылжымалы қорғалмайтын элементтері - ұшақты және авиакөзғалтқыштардың жұмысын басқару жүйесінде қолданылатын электр механизмдердің иіптіктері, тартқыштары және айналмалы біліктері, АЖРЭЖ-ні желдететін желдеткіштің айналмалы қанатшалары, радиолокациялық станциялардың сканерлейтін антенналары (бұдан әрі - РЛС);

5) бекіткіш тірек штангаларымен және арнайы құлпылармен ұсталған планердің жылжымалы элементтері - РЛС антенналарының, доплерлік өлшеуіштердің, радио биіктік өлшемдері мен радио компастардың, техникалық бөліктері люктарының қақпақтары мен электр механизмдері орындарының, электр қозғалтқыштарының, өрт баллондарының диэлектрик ағызбалары;

6) бөлуші құрылғылардың, бөлуші қорабтардың және басқа АЖРЭЖ жылжымалы және ашылмалы қақпақтар мен панельдар, сондай-ақ тораптың қорғау автоматтарының жылжымалы панельдері (бұдан әрі - ТҚА) және аспап тақтайлары ;

7) ӘК-тің АЖРЭЖ шығып тұратын элементтері - антенналар, датчиктер, ауалық қысымның және сыртқы ауа температурасының қабылдағыштары;

8) сығымдалған газдардың және сұйықтықтардың, сығымдалған ауа мен өттегі бар баллондардың қысымымен жұмыс істейтін ыдыстар мен аспаптар, манометрлер, стационарлық және қолмен жасалатын өрт сөндіргіштер қираған кезде ұшатын жоңқалары ;

9) пиротехникалық құрылғылар, қысыммен жұмыс істейтін өттегі

баллондарының және ыдыстарының жарылыс кезіндегі, сондай-ақ гермокабинада ол оттегімен толған жағдайдағы жарылыс кезіндегі толқын с о қ қ ы с ы ;

10) АЖРЭЖ-дың биікте орналасқан жабдығына және агрегаттарына техникалық қызмет көрсету бойынша биікте, оның ішінде механикаландырылған көтергіштерді қолдана отырып жұмыс істеген кезде құлап жатқан бұйымдар, аспаптар және материалдар ;

11) жабдықтың өткір жиектері және АЖРЭЖ агрегаттарын демонтаждау кезінде контровойлық сымның ұштары ;

12) жабдықтарда бар немесе АЖРЭЖ-ға техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын химиялық заттар (репродуктивтік функциясына ықпал етуші улы, тітіркендіргіш, сенсibiliзациялаушы, концарагендік, мутагендік) авиакимиялық жұмыстардан кейін планер мен АЖРЭЖ-ді тазалаған және жуған кезде, дем алу органдары, асқазан-шек жолдары, тері жабындылары мен шырышты қабығы арқылы организмге өтетін - спирт, ЭАФ, канифоль, желімдер, лактар, бояулар, ерітінділер, улы химикаттар ;

13) жұмыс аймағында, оның ішінде техникалық бөліктерде жұмыстар істеген кезде ауаның жоғары температурасы ;

14) жабдықтың - электр аспабының, орындаушы электр механизмдерінің және электр машиналарының үстіңгі беттерінің жоғарғы температурасы ;

15) ауаның және кері температура жағдайларында АЖРЭЖ-ға техникалық қызмет көрсетуді орындау кезінде жабдықтың төменгі температурасы ;

16) ЭК-тің қуатты қондырғылары мен АЖРЭЖ-нің агрегаттары жұмыс істеген кезде тербеліс, ультра және инфрадыбыстың жоғарғы деңгейі ;

17) тұйықталуы адамның денесінен өтуі мүмкін АЖРЭЖ-нің электр тізбектерінің тұрақты және айнымалы тогы кернеулерінің жоғарғы мәні, қысқа оқшалану кезіндегі электр доғасы ;

18) ЭК-тің радио жабдығына техникалық қызмет көрсеткен және жұмыс қабілеттілігін тексерген кезде электромагниттік сәуле шығарғыштың жоғары деңгейі ;

19) ЭК-тің аспап жабдығына қызмет көрсеткен кезде жұмыс аймағындағы иондалған сәуле шығарғыштың жоғары деңгейі ;

20) жұмыс орнының немесе жұмыс аймағының 1,3 метр және одан астам биіктік бойынша қоршалмаған құламаларда (антенналық құрылғыларға, импульстық пен жалтырауық шамшырақтарға, аэронавигациялық оттарға, статикалық электріне және басқа жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде) орналасуы ;

21) ЭК-тің техникалық және жүк бөліктерінде, еден астындағы кеңістікте және шасси гондолдарында табиғи және жасанды жарықтандырудың жоқтығы

немесе

жеткіліксіздігі;

22) бөлуші құрылғылардың электр сымдарының ширатпаларындағы, өттегі мен түтінге қарсы маскалардағы патогенді микроорганизмдер (бактериялар, вирустар және т.б.) және олардың тыныс-тіршілігінің өнімдері;

23) ӘК бөліктерінің биікте орналасқан АЖРЭЖ-ға және техникалық бөліктерінің қол жеткізу қиын орындарға техникалық қызмет көрсету кезіндегі, АЖРЭЖ-нің агрегаттары мен блоктарын алған, орнатқан және қолмен тасымалдаған кездегі нақты ауыртпалықтар әсер етуі мүмкін.

119. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілетін деңгейлер, сондай-ақ жұмыс істеушілерге олардың әсерін жоюға және төмендетуге бағытталған талаптар белгіленген стандарттар мен нормалардың тізбесі тиісті МемСТ-та келтірілген.

120. ӘК-нің АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсету тиісті МемСТ-тың талаптарын, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі бойынша ереженің (нұсқаулықтың), Қазақстан Республикасының Азаматтық авиациясында өрттен қорғау жөніндегі ереженің (нұсқаулықтың) талаптарын сақтай отырып орындалуға тиіс.

121. АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсету кезінде өндірістік жабдық ретінде қолданылатын электротехникалық бұйымдар МемСТ-тың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

122. ӘК-тің әрбір үлгісі үшін ӘК-тің АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсетуге рұқсат етілетін желдің жылдамдығын (желдің қозғалмалылығын) кәсіпорнының басшысы белгілейді.

13-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

123. АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестерінің ұйымдастырылуы, орындалуы және жетілдірілуі жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жоюды немесе азайтуды қамтамасыз етуге тиіс.

124. МемСТ-тың талаптарын орындаған жағдайда және ӘК-тің корпусын ӘК-тің тұрағында стационарлық жерлендіргіш құрылғыға қосқаннан кейін ӘК-тің АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсетуге кіріскен жөн.

Желіні қорғаудың барлық автоматтары, тұтынушыларды және электр энергиясының көздерін ажыратулар технологиялық нұсқаулармен немесе ӘК-тің нақты үлгілерін пайдалану жөніндегі басшылықпен анықталған бастапқы жағдайға орнатылуға тиіс.

125. АЖРЭЖ-ны жерден қараған кезде ӘК тексеру бағыты инженерлік-техникалық персоналдың ӘК-тің шығып тұратын немесе жылжымалы бөліктерімен және элементтерінің жабдықтарымен соғысу мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

126. Биікте орналасқан антенналық құрылғыларды, импульстық және жалтырауық шамшырақтарды, электр агрегаттарын, штепсельдік ажыратқыштарды және электр тартылымдарын қарау мен оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ ӘК планерінің қаптамасына техникалық қызмет көрсету сақтандырғыш белдіктерді қолдана отырып орындалуға тиіс, олардың карабиндерін арнайы сақтандырғыш түйіндерге немесе осы түйіндерге бекітілген арнайы арқандарға бекіткен жөн.

Егер жұмыстар көтеруші құрылғылармен орындалса, онда сақтандырғыш белдіктер көтергіш құрылғыларда осы мақсатқа арнайы бөлінген сақтандырғыш түйіндерге бекітіледі.

127. ӘК-тің электр энергиясының көздері техникалық қызмет көрсету кезінде ӘК-тің АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсетуге жауап беретін лауазымды тұлғаның келісімімен ғана іске қосылады. ӘК-тің борттық жүйесіне электр энергиясының жергілікті көздерін қосу, сондай-ақ оларды ажырату МемСТ-тың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

128. Баспалдақтарды қолдана отырып АЖРЭЖ-ға техникалық қызмет көрсету кезінде аспаптар, материалдар мен жабдықтар түржиындарға орналастырылуы қажет.

129. Техникалық қызмет көрсету кезінде электр механизмдерге және үлестіруші құрылғыларға қол жеткізетін капоттардың жармаларын, қақпақтарды және люктарды, аспаптық тақтайларды, ТКА қалқандарын, РЛС антенналарының диэлектрлік ағызбаларын және доплерлік өлшемдерді олардың өздігінен қозғалуын болдырмау үшін тіркеген, ал шасси бөліктерінің жармаларына тіркеуші қысқыштарды кигізген жөн.

130. АЖРЭЖ-на техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс істеушілердің электр тогымен жарақаттануының аса қауіпті жағдайларында ІІІ кластағы электр машиналарын пайдаланған жөн.

І және ІІ кластағы электр машиналарын диэлектрлік қолғаптарды және төсеніштерді, резина аяқ киімдерін (галоштарды) немесе оқшауламаланған қолсаптары бар аспаптарды қолдана отырып пайдалануға рұқсат беріледі.

131. Электр доғасымен жарақаттануды болдырмау үшін сақтандырғыштарды, қорғау автоматтарын, қайта жасаушыларды, аккумуляторларды айырбастау жөніндегі барлық операцияларды іс жүзіндегі ӘК үлгілерін техникалық пайдалану жөнінде техникалық нұсқауларда немесе басшылыққа алатын материалдарда баяндалған талаптарға сәйкес жүргізген жөн.

132. Кернеуде тұрған ӘК басқару жүйесі электр механизмдерінің және датчиктерінің жұмыс қабілеттілігін тексеруді рульдық жазықтың, тартқыштардың және тербеткіштердің ауытқу аймағынан персоналды шығарғаннан кейін жүргізген жөн.

133. Ерітінділерді, бояуларды және лактарды пайдалануға байланысты жұмыстарды істеген кезде МемСТ-тың талаптарына сәйкес келетін жеке қорғау құралдарын пайдалану қажет.

134. Ауалық қысым қабылдағыштардың, әйнектердің, датчиктердің, ауалық винттердің және олардың ағызбаларын жылытқыш элементтердің ақаусыздығын, қолдың күйіні болдырмайтын, мысалы қолдарға алдын ала мақта-матаны салу немесе қолғаптарды жұмыс істеу жолымен, сақтық шараларын сақтай отырып, тексерген жөн.

135. АжРӘЖ блоктарын және агрегаттарын демонтаждау кезінде қысқа оқшауламаларды болдырмау үшін штепсельдік ажыратқыштарға технологиялық тығындарды орнату қажет, ал электр сымдарының бос шеттерін оқшаулаған жөн.

136. ӘК-ке май құйған немесе отын мен майды ағызған, жуған кезде және жанғыш сұйықтықтардың ағуын жою жөніндегі жұмыстар кезінде АжРӘЖ қосуға және жұмыс қабілеттілігін тексеруге тыйым салынады.

137. АжРӘЖ үрлеу үшін пайдаланылатын сығымдалған ауаның қысымы 0,4 МПа-дан (4 атмосфера) (технологиялық талаптарға сәйкес) аспауға тиіс. Ауаның ағысы инженерлік-техникалық персоналдың жұмыс орнынан басқа жаққа бағытталуға тиіс.

138. Шассиді жинаумен, ӘК-тің жылжымалы элементтерінің ауытқуымен немесе бұрылуымен байланысты шеткі ажыратқыштарды тексеру мен реттеу жөніндегі жұмыстарды орындаған кезде жұмыстарды істеген барлық кезеңінің ішінде жылжымалы элементтердің жылжу аймағында адамдардың болмауын қамтамасыз ету қажет.

139. Персоналға ионды сәуле шығарғыштың әсерін болдырмау үшін ұшақта жұмыс істеген кезде мұз қатудың дабыл беруші датчигінің істігін қорғау қ а п т а м а с ы м е н ж а п қ а н ж ө н .

Датчикке жөндеу кәсіпорындарының немесе шығарғышшы-зауыттың жағдайларында ғана бөлшектеу және жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

140. Оттекті жабдыққа техникалық қызмет көрсетудің алдында персонал қолдарын сабынмен жууға, ал аспаптың үстіңгі бетінен май мен қою майдың і з д е р і ж о й ы л у ғ а т и і с .

Оттекті жабдықтың демонтажын оттегін жүйеден алдын ала шығарып барып жүргізген жөн. Жүйені оттегімен зарядтауды екі тұлға жүргізуге тиіс. АКЗС-ке жұмыс істеп тұрған жылытқыштар, жанар-жағар майлар мен қосылған электр энергиясының көздері тікелей жақын болмауға тиіс.

Метрологиялық зертханаларда оларды түгендеу мақсатында өттегі манометрлерінің қосылған штуцерлері тұмшалануға және пломбалануға тиіс.

141. АКЗС зарядтау сораптары консервациядан шығарылуға, майсыздандыруға және ерекше таңбасы болуға тиіс. ӘК-тің зарядтау штуцеріне қосу алдында оларды газдың ағысымен үрлеу, ал ажырату алдында қысымды түсіретін арнайы шұра арқылы олардан қысымды шығару керек.

142. АКЗС-тен өттегі жүйесін зарядтау белгіленген мәннен аспайтын және осы үлгідегі ӘК-ке технологиялық нұсқауларда немесе техникалық пайдалану жөнінде басшылыққа алынатын материалдарда айқындалған тәртіппен, сондай-ақ АКЗС техникалық пайдалану жөнінде нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қысыммен жүргізілуіне тиіс.

143. Оттегі жүйесінен оттекті шығарғыш ӘК кабинасының есіктері мен желкөздері ашық болған кезде жүргізіледі.

Осы операцияны орындайтын персонал майдың таңбалары жоқ таза киім киюге және таза аспапқа ие болуға тиіс.

144. Оттегі шұраларының шпинделдерін майлау тек қана арнайы майлармен жүргізілуіне тиіс.

145. Оттегіне және түтінге қарсы маскаларын дезинфекциялаған кезде тек қана бейтарап сабынды, үш проценттік сутегі қышқылын және спирт-ректификатты пайдаланған жөн.

146. ӘК-те және жабдық орындарында орнатылған пиротехникалық құрылғылардың электрлік тізбектерінің жарамдылығын тексеру жөніндегі жұмыс пиротехникалық құрылғылардан штепсельдік ажыратқыштар алдын ала ағытылған кезде орындалуға тиіс.

147. АИРЭО шассилердің қуыстарына, жапқыштарына, интерцепторларда және элерондарда техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды алдын ала жылжымалы үстіңгі беттеріне және шассидің басқару органдарында "Іске қосылмасын, адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген тыйым салушы белгіні іліп қойып жүргізген жөн.

148. Өрт сөндірушілерге техникалық қызмет көрсету белгіленген тәртіппен бекітілген қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың құрылғысы және қауіпсіз пайдалану ережесіне (нұсқаулыққа) сәйкес орындалуға тиіс.

149. Пиробастиектерінің бекітпесі кенеттен өзінен өзі ашылып кеткен жағдайда пайда болатын реактивті күштің әрекетін болдырмау үшін ӘК-те стационарлық өрт сөндіргіштерді орнатқан кезде олардың штуцерлері технологиялық тығындармен жабылуға, ал бекітпенің сақтандырғыш құлпы іске қосушы рычагпен қосылуға тиіс. Тығындар мен бекітпенің сақтандырғыш құлпын өрт сөндіргіш сенімді бекітілген және оған барлық труба құбырлары және электр тартылымдар қосылған кезде ғана алған жөн.

150. ӘК-те АиРЭО және салмағы 10 кг аспайтын бақылау-тексеруші аспапты орнату және алу жөніндегі жұмыстарды ӘК-тің осы үлгісін пайдаланған кезде қолданылатын баспалдақтардан жүргізуге рұқсат беріледі. Аспаптың салмағы 10 кг асатын кезде механика құралдарын қолданған жөн.

151. Электр энергиясының заряды ұзақ уақытқа дейін сақталатын конденсаторлары бар жабдықтың демонтажын оны тоқтатқаннан кейін 10 минуттан соң жүргізген жөн.

152. Ішкі монтажды қараған немесе бөлуші құрылғыларда, панельдерде, электр қалқандарында және пульттарды жұмыстар істеген, коммутациялық аспаптарды айырбастаған, электр желісіндегі ақауларды іздеген және жойған, сақтандырғыштарды ауыстырған, өрт сөндіруші сұйықтықтарды қолдануға байланысты жұмыстарды атқарған, оттегі жүйесіндегі ақауларды жойған кезде электр доғасының туындауын және адамды жарақаттандырмау үшін ӘК-тің борттық желісі мен ажырату және аккумуляторлардың ажыратқыштары мен экипаж кабинасының әуеайлақтық қоректендіруінің ажыратқышына МемСТ талаптарына сәйкес орындалған "Қосуға болмайды!" деген ескертуші жалауша орнату қажет.

153. РЛС борттық таратқыштардың жұмыс қабілеттілігі мен олардың асқын жоғары жиілік (бұдан әрі - АЖЖ) энергияны кеңістікте сәуле шығарғыш доплерлік өлшеуіштерді тексеру осы Ереженің 155-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сәуле шығарғыш аймағында адамдар болмаған кезде ғ а н а жү р г і з і л у г е т и і с .

АЖЖ-сәуле шығарғыш көздерінің жұмысы туралы персоналды ескерту үшін МемСТ-тың талаптарына сәйкес қауіпсіз белгілері орнатылады.

154. Электромагнит өрісінің энергиясы ағынының тығыздылығы (бұдан әрі - ЭМӨ) тиісті МемСТ-те белгіленген мәндерден артық болмауға тиіс.

155. Антенналардың сәуле шығарғыш аймағында бақылаулық өлшемдер өткізу қажеттілігі жағдайында персонал жеке қорғау құралдарын (қорғаушы көзілдіріктер мен АЖЖ комбинезоны немесе басқалар) қолдануға тиіс.

14-тарау. Өндірістік жабдықты орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

156. ӘК-тің фюзеляжінің ішінде бақылау-тексеру аспабын, бейімдегіштерді және уақытша энергетикалық коммуникацияларды орналастыру нормативтік-құқықтық құжаттаманың талаптарына сәйкес орындалуға және жұмыстардың ыңғайлығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

157. Қызмет көрсету жөнінде жұмыстар дұрыс таңбаланған аспаптармен және бейімдегіштермен орындалуға тиіс.

158. Бақылау-тексеру аспабы белгіленген тәртіппен метрологиялық қызмет көрсетуден уақтылы өтуге тиіс.

159. ӘК-ке бақылау сынақтары мен тексерудің жылжымалы құралдарымен техникалық қызмет көрсету персоналдың жанасуы мен жарақаттануын болдырмау үшін ӘК-тің осы үлгісіне арналған әрбір жеке жағдайда оның бағыттары таңдалуға тиіс.

160. Жылжымалы электрмен қоректендіру көздерінің және бақылау-тексеру зертханаларының металл тоқ жүргізбейтін бөліктері ӘК-тің тұрағындағы стационарлық жерлендіруші құрылғыға электрлі қосылуға тиіс, оның белсенді кедергісі 4 Ом-нан аспауға тиіс.

161. Фюзеляждің ішінде жұмыстар істеген кезде бақылау-тексеру аспаптарының корпусын қорғаушы жерлендіргішке қосады.

162. Жабдықты жуу мен кептіруді осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған АТБ үй-жайларында жүргізген жөн.

15-тарау. Бастапқы материалдарды, авиация техникасының бұйымдары мен қалдықтарын сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

163. АиРЭО тасымалдау осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған штепсельдік ажыратқыштарда, жалғастырғыштарда және толқынжолдарда орнатылған технологиялық тығындармен контейнерлерде және арбаларда жүргізілуіне тиіс.

164. Зарядталған өрт сөндіргіштерді тасымалдау осы Ереженің 149-тармағында баяндалған талаптарды есепке ала отырып, бекітпелерін үстіне қаратып, деңгейлес жағдайда арнайы тұғырықтарда жүргізілуіне тиіс.

165. ӘК-ке борттық авиациялық аккумуляторлар тығындары мен қақпақтары орнатылған штаттық контейнерлермен тасымалдануға тиіс.

166. АиРЭО тексеруге арналған бақылау-тексеру аспабын, бірыңғайланған стенділерді және қондырғыларды штаттық орамдардың қаптамасымен тасымалдаған жөн.

167. Радиоактивті изотоптары бар жарамсыз болған аспаптарды шығарғышшы-зауыттарға немесе жерлендіру үшін арнайы ұйымға тапсырған жөн.

168. Қалдықтар мен пайдаланылған материалдар ұқсату мен қайта өңделуге тиіс. Бағалы металдар бар жарамсыз болған аспаптар мен жабдықтар тиісті қайта өндіру орындарына қайталама металдарды тапсыруды ескере отырып ұқсатылуға тиіс.

169. Радиоизотоптық материалдары бар жабдықтарды сақтау мен тасымалдау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ өзге нормативтік-құқықтық құжаттамалардың талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

5-бөлім. Әуе кемелерінің радиотехникалық құрылғыларына қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде қойылатын санитарлық талаптар мен нормалар 16-тарау. Өндірістік процестер мен жабдыққа қойылатын талаптар

170. ӘК-тің радиотехникалық құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын өндірістік процестер мен жабдықтар белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық процестерді ұйымдастырудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларына және өндірістік жабдыққа қойылатын талаптарға, сондай-ақ өндірістік процестер мен жабдықтардың жекелеген түрлері үшін белгіленген еңбек қауіпсіздігінің стандарттарына сәйкес келуге тиіс.

171. ӘК-тің радиотехникалық құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу кезінде пайдаланылатын өндірістік процестерін жетілдіру және жабдықтарды жаңғырту мынадай іс-шараларды жүргізуді:

1) электромагниттік өрістер мен жұмыс орнының арасындағы қашықтықты ұ л ғ а й т у д ы ;

2) сәуле шығарғыш көздері мен жұмыс орнының арасындағы электромагниттік сәуле шығарғыштан жұтушы жамылғылары бар қорғаушы э к р а н д а р ы н ж а б д ы қ т а у д ы ;

3) электромагниттік өрістердің сәуле шығарғышшы көздер болып табылатын радиотехникалық құрылғылардың блоктарымен жұмыс істеу уақытын қысқартуды көздейтін технологиялық процестерді ұйымдастыруды;

4) сәулелену аймақтарында қызметкерлердің болу уақытын қысқартуды;

5) сәулелену аймақтарында радиотехникалық құрылғыларына қызмет көрсетумен және жөндеумен тікелей байланысы жоқ қызметкерлердің болу мүмкіндігін б о л д ы р м а у д ы ;

6) жұмыстарды орындау үшін ең аз шығатын жеткілікті қуаттылығы жағдайда кеңістікке электромагниттік сәуле шығарғышпен байланысты жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

7) зертханалық стенділерден антенналық құрылғыларға дейін толқынжолдардың және антенналық-фидерлік құрылғыларының ұзындығын а з а й т у д ы ;

8) толқынжолдардың және антенналық-фидерлік құрылғылардың

ажыратқыштар мен қосымша мүшелерінің санын қысқартуды;

9) өндірістік операцияларды жұмысшы "отырып" істеу жабдықтың барлық элементтеріне қызмет көрсету мүмкіндігімен орындауды қамтамасыз етуші зертханалық стенділердің жұмыстарын ұйымдастыру мен құрастыруды көздеуге тиіс.

172. ӘК-ке орнатылған радиотехникалық құрылғыларды тексеру, жетілдіру және сынау кәсіпорны аумақтарының арнайы тағайындалған алаңдарында жүзеге асырылуға тиіс.

Радиотехникалық құрылғыларына осы бөлімнің талаптарын сақтаған жағдайда ӘК тұрақтарының орындарында, аңғар алдындағы алаңда, аңғарларда, цехтарда тексеру, жетілдіру және сынау жүргізуге рұқсат беріледі.

173. Перронда сәуле шығарғыш антенналық жүйелерде барлық радиотехникалық құрылғыларды тексерудің, жетілдірудің және сынаудың технологиялық операцияларын өткізуге тыйым салынады.

174. Орналастыру бөлігінде арнайы тағайындалған алаңдар, тұрақтардың орындары, аңғар алдындағы алаңдар белгіленген тәртіппен бекітілген АТБ кәсіпорындарына арналған санитарлық ереженің талаптарына, СНИП және технологиялық жобалаудың ведомстволық нормаларына сай келуге тиіс.

175. Кәсіпорнының аумағында ӘК-тің оның ішінде қосымша сәуле шығарғыш көздерін қолдана отырып (ұшақтық жылжымалы зертханалардың сәуле шығарғыш жүйелері, "сұраныс" имитаторлары және т.с.с.) радиотехникалық құрылғыларға мынадай талаптарды:

1) ӘК-тен өндірістік және қызметтік ғимараттарға дейін қашықтық осы ғимараттардың үй-жайларында нормалардың рұқсат етілетін шектерінде электромагнитті өрістерінің деңгейлерін қамтамасыз етуді;

2) тексерілетін ӘК-те радиотехникалық құрылғыларды тексеруге және сынауға тікелей байланысы жоқ, көршілес тұрақтарда, сондай-ақ сәуле шығарғыш антенналық жүйелер бағыттылығының негізгі диаграммаларын бағдарлау аймағында жұмыстардың барлық түрлерін тоқтатуды сақтай отырып, тексеру, жетілдіру және сынау жүргізген жөн.

176. Борттық метеонавигациялық радиолоктарларды тексеру, жетілдіру және сынау ("Гроза", РОЗ-1, "Градиент", "Контур" және басқа үлгідегі) ұшу алаңына сәуле шығарғыш антенналық жүйелер бағыттылығының негізгі диаграммаларын бағдарлау кезінде жүзеге асырылуға тиіс.

Өндірістік және қызметтік ғимараттарға қарай сәуле шығарғыш бағыттылығының диаграммасын бағдарлауға жол берілмейді.

177. Аңғарда (цехта) ӘК орналастырған кезде сәуле шығарғыш антенналық жүйелерге радиотехникалық құрылғыларды мынадай талаптарды:

1) тексерілетін ӘК-те радиотехникалық құрылғыларды тексеруге және

сынауға тікелей байланысы жоқ барлық жұмыстардың тоқтатуын;

2) тексерілетін ӘК-те радиотехникалық құрылғыларды сынауға тікелей байланысы жоқ барлық қызметкерлердің сынақтар өткізу кезеңінде аңғардан (**ц е х т а н**) **ш ы ғ а р ы л у ы н** ;

3) сынақтарды өткізу кезеңінде ескертуші жарық дабыл берушінің және сынақтардың басталғаны мен аяқталғаны туралы дыбыс дабыл берушінің болуын сақтаған жағдайда тексеруге, жетілдіруге және сынауға рұқсат етіледі.

178. Электр тогымен қызметкерлердің жарақаттануы мүмкін жағдайларда радиотехника құрылғыларымен атқарылатын жұмыстардың барлық түрлері осы құрылғылардың электрмен қоректендіру ажыратылған кезде жүргізілуге тиіс.

179. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде антенналық жүйелердің белсенді кернеуінің кенеттен іске қосылуын болдырмау үшін экипаж кабинасының радиотехникалық құрылғыларының электрмен қоректендіру ажыратқыштарына "Қосуға болмайды!" деген ескерту белгілерін орнату керек.

180. Сәуле шығарғыш антенналық жүйелерді пайдалана отырып радиотехникалық құрылғыларды тексерген, жетілдірген және сынақтан өткізген кезде сәулелену болуы мүмкін аймақтарды "Абайла. Электромагниттік сәуле шығады" деген белгімен көрсету керек.

181. ӘК-тен алынған радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді осы мақсаттар үшін арнайы тағайындалған үй-жайларда жүргізген жөн.

182. Радиотехникалық құрылғыларды тексеру, сынау, ақауларын табу және жөндеу үй-жайларында зертханалық стенділердің үй-жайдың периметрі **б о й ы н ш а** **о р н а л а с т ы р ы л ғ а н ы** **ж ө н .**

Көршілес жұмыс орындарынан электромагнитті өрістер көздерін экранға шығарғыш жағдайында зертханалық стенділерді бірінің артына бірін орналастыруға рұқсат беріледі.

183. Зертханалық стендтердегі метеонавигациялық радио локаторлардың блоктарын тексеру және сынау үшін пайдаланылатын сәуле шығарғыш антенналарды ұшу алаңына бағыттаудың негізгі диаграммасын бағдарлай отырып, ғимараттың маңайындағы аумақтың кем дегенде 10 метр қашықта сәулеленуін қоспағанда, өндірістік үй-жайлардан тыс орналастырған жөн.

Өндірістік және қызметтік ғимараттарға қарай сәуле шығарғыш диаграмманың бағыттылығын бағдарлауға рұқсат етілмейді.

184. Терезе ойықтарында метеонавигациялық локаторлардың сәуле шығарғыш антенналарын орналастырған жағдайда соңғыларды радиокорғаушы әйнектермен (техникалық талаптарға сәйкес) немесе 3x3 миллиметр (арман қарай миллиметр - мм қолданылады) мөлшердегі ұяшықтарының жерлендірілген металл торларымен экранға шығарған жөн.

185. Радиотехникалық құрылғыларды сынаған және тексерген кезде зертханалық стенділерде сәуле шығарғыш антенналардың орнына жүктеменің баламаларын қолданған, сондай-ақ басқа құрылғыларды электромагниттік өрістің деңгейін төмендететін толқынжолдарының тармақтарын, бәсеңдеткіштерді және қуаттылықты жұтушыларды пайдаланған жөн.

186. Антенналық-фидерлік жолдары және толқынжолдары ажыратқыштар мен қосымша мүшелерінің құрылғылары электромагниттік сәуле шығарғышшылардың ағуын болдырмауға тиіс, ол үшін "дросельдік фланецтерді", төсеніштер арқылы толқынжолдардың қосымша мүшелерінің тығыздылығын (фосфорлы қола, мыс, алюминий, қорғасын), қосымша экрандарды қолданған жөн.

187. Зертханалық стенділерде радиотехникалық құрылғылар блоктарына тексеру мен сынақты тікелей жүргізетін қызметкерлердің организміне электромагниттік өрістердің әсерін болдырмау үшін қорғау экрандарын қолданған жөн:

1) жұмыс орнын толқын жолдарынан қорғайтын жақын навигациялық радиожүйелердің (ЖНРЖ, А-312 үлгідегі және басқалар), радиобиіктік өлшеуіштердің (БР, А-031, А-037 үлгідегі және басқалар), метеонавигациялық радиолокаторларды тексеру стендтерінде;

2) жұмыс орнын электромагниттік алқаптың сәуле шығарғыш блоктарынан қорғайтын жылдамдық пен ығу бұрышының (ЖБДӨ, ШО үлгідегі және басқалар), ұшақтық жауапдатчиктердің (ҰЖ-64, ҰЖ-69 үлгідегі және басқа, сондай-ақ 020-бұйым) доплерлік өлшегіштерін тексеру стенділерінде;

3) жұмыс орнын датчик блоктардан қорғайтын бір-бірімен байланысты және командалық радиостанцияларды тексеру стенділерінде;

4) жұмыс орнын сәуле шығарғыш қадалық антеннадан қорғайтын авариялық радиостанцияларды (Р-851, Р-855УМ үлгідегі және басқалар) тексеру стендтерінде қорғаныш экрандарын қолдану керек.

188. Қорғаныш (стационарлық және тасымалдық) экрандар мынадай материалдардан:

1) қалыңдығы кем дегенде 0,5 мм. жалпақ электрөткізуші жалпақ материалдардан (болат, мыс және басқа);

2) қалыңдығы 0,3-1,3 мм. және ұяшығы 4 x 4 мм. мөлшермен металл торлы (МемСТ-қа сәйкес) матадан;

3) алюминді фольга (МемСТ-қа сәйкес) орамынан;

4) магниттідиэлектрлік (ХВ-0,8; ХВ-2,0; ХВ-3,2 маркалы және басқалар) пластиктерден;

5) жалпақ (ВКФ-1, В2Ф2, В2Ф3 маркалы және басқа) резиналардан жасалуы керек.

189. Жоғары жиілікті трактарды бөлшектеу, монтаждау және өзгерістер енгізуді тек электромагнитті сәуле шығарғыш генераторды өшірген кезде ғана жүргізген жөн.

190. Радиотехникалық құрылғыларды ашық шығып тұратын жоғары жиілікті ажыратқыштармен тексеруге және сынауға жол берілмейді.

191. Радиотехникалық құрылғыларды бөлшектеуге (құрастыруға), ақауын табуға және жөндеуге арналған жұмыс үстелдері диэлектрлік материалдардан (винипластан, гетинакстен, линолеум мен басқа да ұқсас материалдардан) жасалған, беті тегіс әрі берік болуы керек.

192. Радиотехникалық құрылғылардың блоктарын (панелдерді, бөлшектер мен т.б.) тазалауға және жууға арналған жұмыс орны жергілікті желдеткіш сорғышпен (борттық сору, зонт) және арнаулы үстелмен жабдықталуға тиіс, оның бір жартысының беті тегіс әрі берік және винипластпен, гетинакспен, линолеуммен, ал екінші жағы - жуғыш сұйықтықтың жеңіл алмастырылатын ыдысқа (поддонға) ағуын қамтамасыз ететін қалың металл тормен жабылған болуы керек.

193. Құрамына электрваккумдық құралдар кіретін радионавигациялық және радиолокациялық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде корпустары алынып тасталған және жоғары (10 кВ-дан астам) кернеуді қосқан, иондалған (рентгендік) сәуле шығарғыштан радиостанциялық қорғаныс жағдайында пайдаланылмаған рентгендік сәуле шығарғыш көздерімен және белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да нормативтік құжаттармен жұмыс жасаудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес жүзеге асыру қажет.

194. Радиотехникалық құрылғыларды тексеру және сынау кезінде учаскелердің үй-жайларына және зертханаларға осы жұмыстармен тікелей айналыспайтын қызметкерлердің келуіне тыйым салынады.

195. Ұшақтық жауап датчиктерді "сауал" имитаторларын пайдаланып тексеру мен сынауды, радиотехникалық құрылғыларға ӘК-тен 5 метрге дейінгі қашықтықтағы борттық метеонавигациялық радиолокаторлардың антенналық жүйелердің сәуле шығарғыш аймағында, сондай-ақ электр кернеуінің қалыпты деңгейінің және энергия ағысы тығыздылығының шегінен асып түсетін электромагнитті сәуле шығарғыш аймақтарындағы жұмыстың барлық түрлеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жеке қорғаныш құралдарын пайдаланып жүргізу қажет.

17-тарау. Негізгі жұмыс орындарына қойылатын талаптар

196. Радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде жұмыс орындары:

1) арнайы тағайындалған алаңдардағы, ӘК тұрақтарының орындарындағы, аңғар алдындағы алаңдағы және аңғарлардағы (цехтардағы) ӘК-тің жанында және ішінде осы жұмыстарды орындаудың барлық жұмыс аймағы;

2) зертханалар мен учаскелердегі - зертханалық стенділерде осы жұмыс жүргізілетін барлық үй-жайлар жұмыс орындары деп саналады.

197. Жұмыс орны өндірістік ортаның (электрмагниттік алаң, иондалған (рентгендік) сәуле шығарғыш, шу, зиянды химиялық заттар және басқа) зиянды өндірістік факторлардың әсерінен аса жоғары қорғалуға және жабдықтардың жұмыс органдары мен қызмет көрсетудің бақыланатын аймағын жеткілікті шолуды қамтамасыз етуге тиіс.

198. Негізгі және қосалқы жабдықтарды құрамына пайдаланылмаған рентгендік сәуле шығарғыш көздер болып табылатын жоғары вольтты электровакуумдық құралдар кіретін радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін жұмыс орындарына орналастыру зертханалық стендтердегі кем дегенде 1 метр бос кеңістікке келуін қамтамасыз етуге тиіс.

199. ӘК-тен алынған радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін зертханалық стендтерді құрылымдау, жабдықтау мен жарақтандыру жұмыстарын тиісті мотор алаңы аймағындағы шектерде отырып орындау мүмкіндігі қамтамасыз етілуіне тиіс.

200. Радиотехникалық құрылғыларды жұмыс отырып орындалатын үй-жайларда жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс орындығы (кресло) операцияларды қолайлы жағдайда орындауды қамтамасыз ететін көтерілетін-айналатын болуға тиіс. Жұмыс орындығының (креслоның) отыратын жері, арқалығы мен басқа да элементтері жартылай жұмсақ, кірі тез кететін болуға тиіс.

6-бөлім. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету 18-тарау. Жалпы ережелер

201. ӘК техникалық қызмет көрсету процестерін электр қондырғыларын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде мынадай іс-шаралар орындалуға тиіс:

- 1) жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты тұлғаларды тағайындау;
- 2) жұмыстарды жөнелтпе құжатпен немесе өкіммен ресімдеу;
- 3) жұмыстар жүргізуге жіберуді жүзеге асыру;
- 4) жұмыстар жүргізу үшін қадағалау ұйымдастыру;

5) жұмыстағы үзілісті, басқа жұмыс орнына ауыстыруды, жұмыстың аяқталуын р е с і м д е у ;

6) техникалық қызмет көрсетуді, ғылым мен техниканың жетістіктерін, өнертапқыштар мен өнертапқыштық ұсыныстарды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды п а й д а л а н у ;

7) бұзылған электр жабдығында жұмыстарды тоқтату және пайда болған ақауларды уақтылы жою әдістерін қолдану.

202. Электр қондырғыларын пайдалана отырып ӘК-ке техникалық қызмет көрсету жөнінде нақты жұмыстардың қауіпсіз өндірісі үшін жауапкершілік осы жұмыстардың өндірісіне басшылық жасайтын инженер-техникалық қызметкерлерге жүктеледі.

203. Техникалық қызмет көрсету кезінде электр қауіпсіздігі талаптарының сақталуын күнделікті бақылауды еңбек қорғау бөлімі (бюро, инженер) және жұмыстардың тікелей басшылары жүзеге асыруға тиіс.

19-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

204. ӘК-ке техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестерін жобалау, ұйымдастыру және өткізу мыналарды:

1) электр тоғының жұмыс істеушіге қауіпті және зиянды әсерін болдырмауды;

2) электр қондырғыларына қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылар орындайтын ауыр жұмыстарды кешенді механикаландыру мен а в т о м а т т а н д ы р у д ы ;

3) аз кернеуді және жұмыс істеушілерді электр тоғымен зақымданудан кешенді түрде қорғау құралдарын қолдануды;

4) жанасу кернеуінің деңгейі туралы ақпаратты уақтылы алу МемСТ-қа сәйкес келетін шектен жоғары болуы мүмкін екендігін қарастыруға тиіс.

205. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде оның қатты қызып кетуін болдырмайтын электр жабдығының жұмыс режимі мен статикалық электрдің разрядын пайдалану қажет.

206. ӘК жерде қызмет көрсету құралдарының электр жабдығына қызмет көрсету кезінде мынадай тәртіп сақталуға тиіс:

1) ӘК-тің тұрақ орны және жерде қызмет көрсету құралдары мен тасымал лампаларын қосу үшін тағайындалған электр колонкалары түнгі уақытта жарық б о л у ғ а т и і с ;

2) қуатты шынжырларға қызмет көрсету мен жөндеу кернеу алынысымен о р ы н д а л у ғ а т и і с ;

3) жұмысты бастар алдында жерде қызмет көрсететін құралдардың электр жабдығын сырттай қарап шығу және механикалық зақымдардың болмауына және қоректенуші кабельдің сыртқы қабығының тұтастығына көз жеткізу қажет;

4) электр энергиясының жердегі көзін борт электр желісіне қосқанға дейін борттың электр желісіне қосатын қайта қосқыш (ажыратқыш) электр энергиясының жердегі көзі тиісінше қосу жағдайында еместігіне және осы көзді қосуға тыйым салынатын плакат ілінбегендігіне көз жеткізу қажет;

5) электр энергиясының жердегі көзін ӘК-тің борт электр желісіне қосу және оларды ажырату осы жұмысты орындауға рұқсат берілген адам ӘК-ке қызмет көрсететін бригаданың электрші-бригадирдің рұқсатымен жүзеге асыруға тиіс;

6) электр энергиясының жердегі көзін ӘК-тің борт электр желісіне әрбір қосу алдында оның кернеуі мен жиілігін тексеру қажет. Кернеу мен жиіліктің шамасы жеткіліксіз немесе шамадан тыс болған жағдайда электр энергиясының көзі ажыратып тасталғаны жөн. Қалыпсыз жұмыстың себебін белгілеуді және электр энергиясының жердегі көзінің ақауын жоюды осы көзді ақаусыз күйде ұстауға жауапты техникалық персонал жүзеге асыруға тиіс;

7) электр энергиясының электр колонкасына қосуды талап ететін жердегі көзін борт электр желісіне қосу кезінде оны ӘК борт электр желісіне жалғау, содан кейін электр колонкасына қосу, жұмысқа қосу және кернеу мен жиілікті т е к с е р у қ а ж е т ;

8) электр энергиясының жердегі көзін ӘК-тің борт электр желісіне авиақозғалтқыштарды іске қосу және сынау барысында қосу мен ажыратуды осы жұмысты орындауға рұқсат берілген іске қосатын адамның командасы бойынша а в и а т е х н и к жү р г і з у г е т и і с ;

9) қажет болған жағдайда кернеулі электр жабдығын III төмен емес техника қауіпсіздігі жөніндегі білікті топтан қызмет көрсететін персоналдың ішінен жұмыс істеушілердің қауіпсіз орналастырылуын қамтамасыз ететін бір адам үздіксіз қадағалай отырып қарап шыққаны жөн;

10) электр шынжырында кернеудің бар-жоғын диэлектрлік қолғаптармен және жаңа ғана тексеруден өткен өлшеу құралымен, оны сүңгіштермен тұйықталатын иілмелі сымдардың көмегімен шынжырмен жалғай отырып, анықтау қажет;

11) жаңбырлы, қарлы, тұманды және шық түскен жағдайларда қорғаныш оқшаулама құралдарды қолдануды талап ететін жұмыстарға тыйым салынады. Сонымен бірге кез келген жағдайларда оқшаулама құралдарды пайдалануды талап етпейтін қосу (ажырату), жедел қайта қосу және басқа жұмыстарды жү р г і з у г е р ұ қ с а т е т і л е д і ;

12) электр жабдығының авариясы (істен шыққан немесе елеулі зақымданған) кезінде қызмет көрсетуші персонал ӘК-ке жерде қызмет көрсететін құралды дереу өшіруі, аварияның туындау себебі мен зардабын анықтауы және жоюы

қажет және содан кейін ғана ӘК-ке техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

207. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде МемСТ-ке сәйкес келетін қауіпсіздік белгілері қолданылуға тиіс.

208. Техникалық қызмет көрсету жүргізілмеген ӘК-ті ұшуға дайындау МемСТ-ке сәйкес өшірілген және жерлендірілген болуға тиіс.

209. 24 В-дан аспайтын тұрақты тоқ кернеулі және 12 В-дан аспайтын ауыспалы тоқ кернеулі тасымал электр шамдалыны қолдануға рұқсат етіледі.

210. Тасымал электр шамдалыны қолданған кезде электр қауіпсіздігінің талабы белгіленген тәртіппен бекітілген тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне және тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік ережелеріне сай орындалуға тиіс.

211. Қолмен жүретін электр машиналарына, дәнекерлеуіштерге, тасымал электр шамдалыға техникалық қызмет көрсетуді және оларды тексеруді техника қауіпсіздігі жөніндегі ІІІ төмен емес біліктілік тобы бар жұмысшылар жүргізуге тиіс.

212. ӘК-ке техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестерін басқару мен бақылау жүйесі электр тоғының қауіпті және зиянды әсерлерінен жұмыс істеушілерді қорғауды, сондай-ақ өндірістік жабдықты пайдаланудың қарапайым жағдайларында немесе авариялық оқиғада өшіруді немесе оны тоқтатуды қамтамасыз етуге тиіс.

213. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс істеушілерге электр тоғының қауіпті және зиянды әсерлердің көздері:

1) бір фазалық жанасу;

2) бір жолақты жанасу;

3) екі фазалық жанасу;

4) екі жолақты жанасу;

5) тоқ ағысының аймаққа өтуі;

6) қауіпсіздігі аз қашықтықтағы кернеу астында орналасқан оқшауланбаған бөлшектерге жақындау;

7) оқшауламаның зақымдануының салдарынан кернеудің астында болған тоқ жүрмейтін металл бөлшектерге жанасу;

8) кернеу астында болған адамға жанасу;

9) электр доғасының әрекеті;

10) газбен зарядталған кезде атмосфералық электрдің әрекеті болуы мүмкін.

20-тарау. Өндірістік жабдықты орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

214. ӘК-ке қызмет көрсету аймағындағы тарқатылған электр өткізгіштердің, кабельдердің және металл баспалдақтардың, арнаулы автокөлік машиналарының арасындағы қашықтық 1,5 метрден кем болмауға тиіс.

215. Жерде қызмет көрсету құралдарының корпусынан электр қондығыларының корпусына дейінгі жарықтағы қашықтығы кем дегенде 1 метр, ал оның басқару пультіне дейін 2 метрден кем болмауға тиіс.

216. ВС-қа жерде қызмет көрсететін құралдарға арналған жұмыс орны ақау пайда болған жағдайда электр жабдығының осы құралдарында орналастырылған кернеуді алып тастау үшін қызыл түске боялған қосу құрылғысымен жарактандырылуға тиіс. Электр энергиясының жердегі көздеріне арналған жұмыс орны әуеайлақтық қоректің борт электр қосқышының әрбір розеткасына арналған жарықтандырылған вольтметрмен және амперметрмен қосымша жарактандырылуға тиіс.

7-бөлім. Статикалық электрдің әуе кемелеріне қызмет көрсетуі мен жөндеудің технологиялық процестеріне тигізер әсерін төмендетуді қамтамасыз ету 21-тарау. Жалпы ережелер

217. Осы бөлім статикалық электрдің (бұдан әрі - СЭ) әсерін төмендету жөніндегі талапты қамтиды және ӘК-ке қызмет көрсету мен жөндеудің мынадай технологиялық процестеріне қолданылады:

- 1) ӘК-ке қонғаннан кейін қызмет көрсету;
- 2) авиация техникасын (бұдан әрі - АТ) тез тұтанатын сұйықтықтармен (бұдан әрі - ТТС) және арнаулы сұйықтықтармен консервациялау және жуу;
- 3) АТ үстіңгі бетін кірден және жеңіл бояу жабындылардан органикалық жуғыштармен және еріткіштермен, сондай-ақ құммен ысқылау тәсілімен тазарту;
- 4) АТ-тың бет жағына лакты бояуды бояу жаққышпен және бүрку әдісімен ж а ғ у ;
- 5) радиоэлектр жабдығын жөндеу (бұдан әрі - РЭЖ); электрлендірілген тоқыма, полимер, композициялық және оқшаулама материалдардан тұратын бұйымдарды өндіру және пайдалану.

218. ӘК-ке қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын қызметкерлер м ы н а л а р д ы б і л у л е р і к е р е к :

- 1) ӘК-тің қаптамасында ұшу кезінде бұлттар мен жауын-шашында, сондай-ақ қозғалтқыштар жұмыс істеп тұрған кезде пайда болған СЭ заряды қонғаннан

кейін, егер зарядтардың жерге тиімді сіңуі, мысалы, токалушылар немесе ұшу-қону жолақтарын (бұдан әрі - ҰҚЖ), жол рулеждерін (бұдан әрі - ЖР) және ӘК тұрақ орнын жабуға аса жоғары (10^9 Ом-нан астам) электрлік қарсылық сыпыртқыларының ақаулығынан қамтамасыз етілмесе, ұзақ уақыт сақталуы мүмкін;

2) ӘК жерде электрлендірілгенде электр индукциясының салдарынан әуеайлақ аймағында найзағай жағдайындағы қызметі қадағалануы мүмкін, ал ӘК-ке май құю, жуу, сырлау кезінде, егер соңғысы жерлендірілмесе, тұрақ орындарын немесе учаскедегі еденді жабу жақсы оқшаулама ерекшелігіне (электрлік қарсылық 10^9 Ом-нан астам) ие болады;

3) қатты дене әлеуеттердің (орамдарды тарқатқан және полимерлік, композициялық және басқа материалдарды өзара ауыстырған кезде, тасымалдағыш таспалар мен басқа да тасымалдағыш құралдардың қозғалысы кезінде, өндірістік үй-жайлардың жабдықтарының үстіңгі беттерімен адам киімінің үйкелуі кезінде, бұйымдарды орау, орауын ашу кезінде және т.б.) байланыс айырымы шарттастық зарядтар алмасудың нәтижесінде олардың үстіңгі бетіне жанасу және кейіннен ажырату кезінде заряд алады;

4) статикалық электр заряды диэлектрлі материалдарда және жерлендірілмеген металл объектілерде басымдықпен пайда болады және жинақталады;

5) қатты металдисперстік материалдар қысым кезінде, труба құбырының қабырғасымен өзара қоса соғу кезінде, газдың тубуленттік ағысындағы қозғалыс кезінде; таңдаулы адсорбица (пневмообразивтік өңдеу, лак бояумен сырлау және т.б.) салдарынан қоршаған ортадан иондарды қармап алу нәтижесінде электрлендіріледі;

6) сұйықтықтардағы электр зарядтары шашырау және еркін түсу кезінде, ішкі трубалар мен жабық ыдыстардың (ӘК-ке май құю, ыдыстарды толтыру және олардан сұйықтықтарды құйып алу, АТ-тың үстіңгі бетін жуу, бүрку тәсілімен сырлау және т.б.) қозғалған кезінде пайда болады. Диэлектрлік сұйықтардың электрленуінің күшеюі диэлектрлік сұйықтармен толтырған кезде ыдыстың түбінде қалған суды шашыратуға, газдың сұйықтықтың немесе сусымалы материалдың жігі арқылы өтуіне жәрдемдеседі;

7) Газ тасқынындағы және булардағы электр зарядтары негізінен қатты және сұйық фазалардың ұсақ бөліктеріндегі ағысында болуынан, сондай-ақ газ тасқынындағы сұйық және қатты бөліктерді ұсату кезінде пайда болады.

219. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде статикалық электрдің пайда болуының қауіпті және зиянды өндірістік факторлары:

1) статикалық электрдің коронды, стримерлік және ұшқын разрядтары;

2) электрстатикалық өрістің технологиялық процестердің шығу сипатына әсері ;

3) адам электрстатикалық өріс аймағында ұзақ болған жағдайда организмде функционалдық физиологиялық өзгеріс болып табылады.

220. ӘК-ке техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде статикалық электрдің қауіпті зардаптары:

1) статикалық электрдің адам арқылы разрядталуы кезінде қызмет көрсететін персоналдың электр тоғымен зақымдануы;

2) шаң-, отын-, газ шығарғыш қоспалар бар аймақтардағы статикалық электр разряды кезінде жарылыс пен өрт;

3) статикалық электр разряды кезінде әсершіл есеңгіреудің (қорқыныш сезімі) салдарынан персоналдың жарақат алуы;

4) персоналдың электрстатикалық өрісте ұзақ уақыт болуы кезіндегі науқастануы ;

5) радиоэлектрлік жабдық пен басқа авиация техникасының элементтерінде статикалық электр разряды кезінде электр сипатының өзгеруі мүмкін.

221. СЭ зарядының жинақталуын болдырмау үшін технологиялық жабдық конструкциясының металл және электр өткізетін металл емес элементтер МемСТ-тың талаптарына сәйкес жерлендірілуге тиіс.

222. Жерлендірілген құрылғының электрлік қарсыласу шамасы, егер оған арнайы талаптар қойылмаса, (тиісті МемСТ-қа сәйкес) 100 Ом-нан аспауға тиіс.

223. АТ-қа қызмет көрсету және жөндеу технологиялық процестерінде статикалық электр деңгейін төмендету:

1) электрлендірілген материалдарды (сұйықтықтарды, аэрозолдарды, қатты беттерді) ауыстыру жылдамдығын азайтуды;

2) сұйық және қатты материалдардың электр өткізгіштігін арттыруды;

3) электрлендіру аймағында ауаның салыстырмалы ылғалдығын арттыруды;

4) қосымдар мен толтырғыштарды өткізетін материал енгізуді;

5) диэлектрліктің үстіңгі бетіне антистатикалық және өткізгіш жабындыларды немесе өткізгіш торларды салуды;

6) индукциялық, жоғары вольтты, радиоактивті үлгілердегі статикалық электрлік бейтараптандырғыштарды, иондық және аэрозолдық электргаздинамикалық бейтараптандырғыштарды қолдануды;

7) зарядтар (сұйықтықтарды шашу, көпірту, шаңдату және т.б. кезінде) пайда болатын қосалқы көздерді жоюды қамтамасыз етеді.

22-тарау. Әуе кемелеріне қонғаннан кейін қызмет көрсету кезіндегі статикалық электр қауіпсіздігінің талаптары

224. Әуе кемелеріне қонғаннан кейінгі кезеңде электр статикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

1) ӘК-те борттық жерлендірілетін құрылғының болуына қарамастан ӘК-тің тұрақ орнын тасымалданатын ток бөлетін құрылғылармен жарақтандыру қажет;

2) төк бөлетін құрылғы жерлендіру қадалары бар төк бөлетін арқансымнан тұрғы тис;

3) төк бөлетін арқансым ретінде диаметрі 2,5-3 мм. иілгіш металл арқансымын қолданған жөн.

225. Инженерлік-авиациялық қызмет (инженер, техник) ӘК қонғаннан кейін кездесу және тұрақ орнына қабылдау кезінде:

1) ӘК-ті жерге қосардың алдында борттық жерге қосу құрылғысы арқылы ӘК-тен статикалық электр қуаты зарядын мынадай ретпен шығарып алады: жылжымалы төк бөлетін құрылғының жерге қосатын қадасын әуеайлақтың жерлендіру қосқышына жалғайды;

ӘК-тің төк бөлетін арқансымын жалғау арқылы әуе кемесінің қалған зарядының шығуын қамтамасыз етеді;

2) ӘК қонғаннан кейін РЭЖ-ге қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізудің алдында аталған РЭЖ ағынының диэлектрлі бетінің үстімен жылжымалы тоқты бөлетін құрылғының жылжуы арқылы статикалық электр қуатының зарядтарын алдын-ала шығарып тастайды.

226. ӘК конструкциясының металл және диэлектрлі элементтерінен қалдық зарядты шығарып тастағанға дейін, дененің қорғалмаған ашық жерлерімен оларға жанасуға тыйым салынады.

23-тарау. Әуе кемесінің үстіңгі бетін тазалау мен сырлау барысында тез тұтанатын сұйықтықтар арқылы майын кетіру және жуу кезінде электрстатикалық қауіпсіздік талаптары

227. ТТС арқылы АТ бөлшектерінің майын кетіру және оларды жуу кезінде сұйықтыққа антистатикалық қосымды енгізу немесе жанбайтын сұйықтықтарды (мысалы - перхлорэтиленді) қолдану міндетті болып табылады.

228. ТТС немесе пневматикалық түрпілі әдіс арқылы үстіңгі беттің майын кетіру, оны сырлау және тазалау кезінде технологиялық жабдық,

құрал-саймандар, пневмо-гидросораптардың ұштары, аталған жұмыстарды орындау барысындағы бұйымдар осы Ереженің талаптарына сәйкес жерлендірілуі қажет.

229. Үстіңгі беттің майын кетіру оны сырлау және тазалау кезінде құрал-саймандар мен технологиялық құрал-жабдықтар ұшқын шығармайтын металдардан жасалуы керек.

230. Бөлшектердің үстіңгі бетіне ТТС және лакпен бояу өнімдерін (бұдан әрі - ЛБӨ) жағу үшін тек табиғи қылдан жасалған бояу жаққыштар ғана қолданылуға тиіс.

231. Бөлшектердің үстіңгі бетіне ТТС-ты сұрту және кетіру үшін тек мақта-матадан жасалған шүберектерді қолдануға рұқсат етіледі.

232. Өндірістік үй-жайлардағы еденнің беті тиісті МемСТ-қа сай үлесті көлем кедергісі 10^8 Ом-нан аспайтын материалдармен жабылуға тиіс.

Басқа жағдайларда антистатикалық төсеніштер қолданылады немесе еден бетін ұшқын шығармайтын металдар арқылы шегендейді.

233. Техникалық паспорттарында немесе техникалық талаптарында материалдың үлесті көлем кедергісінің шамасын МемСТ-қа сәйкес кәсіпорынның энергетика қызметі анықтайды.

234. АТ-тың үстіңгі бетінің майын кетіру, оны тазалау және сырлау операцияларын орындау кезінде мақта-маталардан тоқылған арнайы киімді тегіс түймелеп киіп барып жұмыс істеу қажет.

СЭ-нің қалыптасуына жәрдемдесу үстіңгі беттің үлесті электр кедергісі 10^7 Ом-нан (Мем-қа сәйкес) асатын материалдардан жасалған киіммен жұмыс істеуге жол берілмейді.

235. Тазалау, сырлау және майды кетіру бойынша операцияларды орындап жатқан жұмысшылардың ойына статикалық электр қуаты зарядтарының жиналуын болдырмау үшін:

1) жерлендіру құрылғысы бар көп тарамды сыммен қосылған жерлендіру кедергісінің тізбегі Ом болатын антистатикалық білезіктерді;

2) ұлтанның өкшесі мен жұлығының арасында электр кедергісі ($10^6 + 10^8$ Ом) бар антистатикалық аяқкиімді қолдану қажет.

24-тарау. Радиоэлектр жабдығын жөндеу кезіндегі электрстатикалық қауіпсіздік талаптары

236. РЭЖ-ді монтаждау мен оны жөндеу технологиялық операциялар өтіп жатқан өндірістік үй-жайлар еденінің бетін жабу үшін үлесті көлемінің электр

кедергісі 10^8 Ом-нан аспайтын материалдарды (мысалы, АСН маркалы төсенішті) қолдану қажет.

237. РЭЖ-ді монтаждау мен оны жөндеу операцияларын меншікті көлем кедергісі 10^8 Ом-нан аспайтын материал (мысалы, антистатикалық резина) төселген үстелде орындау керек.

238. Үстелдердің төсеніштері ретінде кедергісі 10 м резистор арқылы жерге қосылған металл табақтарын қолдануға рұқсат беріледі.

239. Жұмыс орынындағы технологиялық, сынау және өлшеу жабдықтарының барлық металл және электр өткізгіш металл емес бөліктері СЭ-ден қорғанудың басқа әдістерінің қолданылуына қарамастан осы Ереженің, тиісті МемСТ-тың талаптарына сай жерге қосылуы қажет.

240. РЭЖ-ді монтаждау немесе оны жөндеу операцияларын жүргізуге арналған әрбір жұмыс орнына антистатикалық білезіктерді қосу үшін жерге қосу жүргізілген болуға тиіс.

241. РЭЖ-ді монтаждау немесе оны жөндеу бойынша операцияларды мақта-матасынан тоқылған арнайы киімдермен жүргізу қажет.

242. РЭЖ-ді монтаждау немесе оны жөндеу операцияларын жүргізу кезінде антистатикалық білезіктерді қолдану міндетті болып табылады.

243. Антистатикалық білезіктер РЭЖ-ді монтаждау немесе оны жөндеу операцияларын орындау кезінде қызметкерлердің еркін қозғалуын қамтамасыз ететін икемді оқшауланған өткізгішпен 10 м болатын кедергі арқылы жерге қосу шинасына қосылуы қажет.

244. Өткізгіштің білезікпен қосылысы алмалы-салмалы болуы шарт және олардың кездейсоқ ажырап қалуын болдырмау тиіс.

245. Тасымалдау және сақтау процесі барысында құрылғылар жартылай өткізгіш приборлар мен микросхемалардың электрмен қосылатын сыртқы шығарғыштары міндетті түрде антистатикалық білезіктерді қолдана отырып, тікелей кіріс бақылауының немесе монтаждаудың алдында алынуы қажет.

25-тарау. Электрленетін тоқыма, полимер, композициялық және оқшаулау материалдарымен технологиялық операцияларды орындау кезіндегі электрстатикалық қауіпсіздік талаптары

246. Технологиялық жабдықтың барлық металл элементтері осы Ереженің талаптарына сәйкес жерге қосылып, ЛБӨ сырланған болуы керек.

247. Электрленетін материалдармен технологиялық операциялар орындалып жатқан өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағындағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $65 + 5\%$ болуы тиіс салыстырмалы ылғалдылық шамасын бақылау үшін өндірістік үй-жайлар тиісті приборлармен жарақтанған болуы қажет.

248. Материалдарды кесіп-пішуге арналған үстелдердің бетін антистатикалық материалдардан орындау қажет немесе металмен шегендеу керек.

249. Электрленетін тоқыма материалдардан СЭ зарядтарын тиімдірек шығару мақсатында орамдарды жазатын технологиялық операциялар орындалып жатқан жұмыс орындарын бүрку әдісі арқылы сұйықтықты шашуға арналған құрылғылармен немесе материалдың бетін ылғалдап тұруға арналған қондырғылармен жабдықтау қажет.

250. Полимерлі үлпек материалдардың орамдарын жазу бойынша технологиялық операциялар орындалып жатқан жұмыс орындарын МемСТ-қа сәйкес келетін индукциялық үлгідегі статикалық электр қуатының бейтараптандырғыштармен жабдықтау қажет.

251. Бір өндірістік үй-жайдың ішінде материалдармен технологиялық операциялар орындау кезінде, индукциялық бейтараптандырғыштармен материалдардың бетін ылғалдау арқылы зарядтың шығарылуын қамтамасыз ететін қондырғыны бір блок етіп қосу қажет.

26-тарау. Кәсіпорындардың өндірістік үй-жайларындағы электрлену деңгейін төмен түсіру бойынша талаптар

252. Электрленетін декоративті - әрлеу материалдары, төсеніштер, үлпектер және т.б. қолданылатын үй-жайлардағы салыстырмалы ауа ылғалдылығының шамасын 50 %-дан астам деңгейде ұстап отыру қажет.

253. Электрленетін еден бетін, декоративті - әрлеу плиталарын, панелдерді, үстелдердің, тіреулердің және пульттардың бетін металмен шегендеу қажет, электр өткізгіш төсенішті жерлендіре отырып қолдану немесе электрленетін үстіңгі бетті антистатикалық препараттармен сүртуді жүзеге асыру керек.

8-бөлім. Әуе кемелеріне қызмет көрсету және оларды жөндеу технологиялық процестерінде жолаушылар, тұрмыстық және авариялық-құтқару жабдығына техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау талаптары 27-тарау. Жалпы ережелер

254. ӘК-нің жолаушылар, тұрмыстық және авариялық-құтқару жабдығына (ЖТ және АҚЖ) техникалық қызмет көрсету процестерін әзірлеу, ұйымдастыру, орындау мен жетілдіруді МемСТ-тың, осы Ереженің, ұшақтарға техникалық қызмет көрсету регламенттерді орындау бойынша технологиялық нұсқаулардың және белгіленген тәртіппен бекітілетін басқа нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүргізу қажет.

255. ӘК-нің ЖТ және АҚЖ-на техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс істеушілерге мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін :

1) қолмен жылжытылатын механизмдер, траптар, баспалдақтар, сатылар, тұғырықтар, жабдықтар ;

2) қолданыстағы өзі жүретін машиналар мен жабдықтардың қорғалмаған жылжымалы элементтері (қақпақтың жармасы, штанглар, жебелер, алаңдар), құю-төгу шлангілері, шлангтер, арқансым, энергиямен жабдықтау коммуникациялары және т.б. ;

3) ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-сының жылжымалы бөлшектері - есіктер, кіру траптары, люктардың қақпақтары, экипаж кабинасының желкөздері, жармалар, лотоктар, панелдер, сөрелер, үстелшелер, контейнерлер, лифтілер, экипаж мүшелерінің шалқаймалы орындықтары және басқалар;

4) арнайы құрылғылармен (құлыптармен, фиксаторлармен, ысырмалармен, белбеулермен) ұсталынып тұратын ЖТ және АҚЖ-ның құлайтын ажырамалы бұйымдары ;

5) ӘК-тің фюзеляжының ішіндегі бұйымдар мен конструктивтік элементтердің шығып тұрған элементтері - тұтқалар, кронштейндер, әуе кемесі бөліктерінің тіреулері және т.б. ;

6) үрлемелі авариялық борттық авиация науалары мен борттық құтқару авиация салдарын лақтыру кезінде және әуе кемесі фюзеляжының іші газға толғанда ;

7) ӘК-тің көлемдерін дезинфекциялау кезіндегі газ бен су ағындарының, сондай-ақ аэрозоль ағындарының серпінді әсері;

8) жабдықтардың, электр су қайнатқыштарының, электр плиталарының, электр духовкасы шкафтарының үстіңгі бетіндегі жоғарғы температура;

9) жұмыс аймағындағы ауа ылғалдылығының, қозғалысының және температураның жоғары немесе төмен болуы;

10) радиоактивті сәуле шығарғыш деңгейінің жоғары болуы;

11) жуу ерітінділерінің, бұйымдарды кептіруге, арналған ыстық ауа ағындарының жоғары температурасы;

12) ӘК фюзеляжының ішкі көлеміндегі жұмыс орындары мен жұмыс аймақтарында авиация техникасы бұйымдарының, материалдардың, құрал-саймандардың, энергиямен жабдықтау коммуникацияларының бей-берекет үйіліп жатуы ;

13) авариялық сатылардың, авариялық борттық авиация науаларының, авиациялық арқандардың жұмыс істеу мүмкіндіктерін тексеру кезінде олардың қирау қаупі бар конструкциялар, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар;

14) жинап-тазалау жұмыстарын орындау, әуе кемесінің тиісті бақтарына су

және химиялық сұйықтықтарды құю барысында суды, жуу ерітінділерін және химиялық сұйықтықтарды төгіп алуға байланысты киімнің, аяқ киімнің қатты ы л ғ а л д а н у ы ;

15) аяқ төсеніштердің бетіндегі кедір-бұдырлар, олардың жиырылып қалуы;

16) қоқысты жинау кезінде сынған ыдыстардың өткір шеттері;

17) электрлендірілген құрал-сайман мен жабдықты қолдану кезінде электр тізбегіндегі жоғары шамадағы кернеу тұйықталып, адам денесінен өтуі мүмкін;

18) жұмыс орнының немесе жұмыс аймағының қоршалмаған биіктігі 1,3 метр және одан жоғары болатын құламалардан кем дегенде 2 метрден қашықтықта о р н а л а с у ы ;

19) ӘК-тің техникалық бөлшектеріндегі ЖТ және АҚЖ-ға техникалық қызмет көрсету кезінде жарықтың жеткіліксіздігі;

20) организмге тыныс алу жолдары арқылы еніп, шырышты қабыққа түсетін ЖТ және АҚЖ-ды жуып-тазалау кезінде қолданылатын химиялық заттар;

21) ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-сының жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру кезінде шығып жатқан газ қоспаларының ағындары.

256. Осы Ереженің 255-тармағында аталған қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейі тиісті МемСТ-пен белгіленген рұқсат берілген шамалар шегінен аспауға тиіс.

257. ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-на техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын өндірістік жабдық МемСТ талаптарына сәйкес болуы керек.

258. Белгіленген тәртіппен бекітілетін әуе кемелерін дезинфекциялау жөніндегі нұсқаулыққа (ережеге) сәйкес, қоршаған ортаны ластаудың алдын-алу мақсатында зиянды жуу ерітінділерін, қоқыстарды, жұмыс сұйықтықтарын кәдеге жарату газсыздандыру және тазарту қажет.

28-тарау. Технологиялық процестерге қойылатын талаптар

259. ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-на техникалық қызмет көрсетуге фюзеляждың ішкі көлемдеріндегі ауаның қалпы МемСТ талаптарына сәйкес келетін жағдайда к і р і с к е н ж ө н .

Төгу бактарына жуындыларды төгуді олардың ағып кетпеуіне (шашырауына) жол бермейтін арнайы жабдықталған жерде жүргізу қажет.

260. Жолаушылар салонының жоғары палубасына орнатылған тік саты бойынша инженер-техник қызметкерлерге жүксіз жүруге рұқсат беріледі. Жабдықтар мен аспаптарды құлап қалмау және тайып кетпеу сақтық шараларын сақтай отырып, кіру есіктері арқылы траптар арқылы тасымалдау қажет.

261. Жүк-жолаушы лифтілері мен олардың элементтеріне техникалық қызмет көрсету кезінде лифтілердің өздігінен қозғалып кетуін болдырмайтын шаралар қолдану қажет.

262. Жүк-жолаушы лифтілері оқшауландырғыш құрылғыларының жұмыс істеу мүмкіндіктерін тексеруді кабина немесе оның элементтері шеткі қалыптарына дейін қозғала алатын болған жағдайда, лифтіні электр қуатынан дер кезінде ажырату бойынша шараларды алдын-ала қолданып жүргізу қажет.

263. Жүк-жолаушы лифтілерінің жұмыс істеу мүмкіндігін тексеруді лифтінің паспортында массасы көрсетілген балласты қолдану арқылы жүргізу керек.

264. Жолаушылар түсу үшін кіру траптарын, рампаны және бөліктердің бүйір тіреулерін шығарған кезде, осы жүйеге қызмет жасап жерде жүрген адаммен көзді шола отырып немесе арнайы байланыс құрылғысы (рация) арқылы байланыс орнату қажет. Жолаушылар түсу үшін кіру траптарын, рампаны және жүк бөліктердің бүйір тіреулерінің жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру кезінде олардың қозғалысы аймағынан адамдарды әкету қажет.

265. Люктерге және жүк бөліктерінің бүйір тіреулеріне, рампаларға техникалық қызмет көрсетуді алдын-ала оқшаулама құрылғысын қосып, қысымды нөлге дейін түсіріп электр қуатын өшіріп немесе струбциналар және олардың қозғалысын шектегіштерді орнатып жүргізу қажет. Басқару құрылғыларына: "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр" - деген ескертпе жазбалар орнату керек.

266. Қызмет көрсететін адамдар жабдықтың айналып тұратын элементтерінде қимылды болдырмайтын сақтық шараларын сақтай отырып жүк бөліктері арқылы жылжулары қажет.

267. Қыздыруға арналған буфет-ас үй жабдығының жұмыс істеу мүмкіндігін тексеруді және қорғау құралдарын, қолғаптарды, биялайды, сондай-ақ техникалық пайдалану бойынша басшылықта аталған құралдарды қолдану арқылы орындау керек.

268. Кәріз жүйесі деңгейінің датчиктері арқылы жұмыстар орындауды белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүргізу қажет.

269. ӘК-тің ішкі үй-жайларын белгіленген тәртіппен бекітілген, көзделген тиісті нормативтік-техникалық құжаттамаға сай жинастыру қажет.

270. ӘК-тің үй-жайларын, жолаушылар мен тұрмыстық жабдығын жинастыру процесінде жуу және тазарту құралдарын қолданған кезде осы заттарды қолдануға байланысты нұсқаулықта баяндалған сақтық шараларын қолдану қажет.

271. Қысым астында тұрған газ бен су коммуникацияларындағы және жабдықтардағы ақауларды түзетердің алдында қысымды нөлге түсіріп барып, жұмысқа кірісу керек.

272. ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-ның су мен газ жүйелерін зарядтау, зарядсыздандыру алдында құю агрегаттары мен машиналарынан бұл жұмыспен шұғылданбағандарды әрменірек жіберіп, тарапты жеткізу крандарының дұрыс орнатылғанына және құю, төгу шлангілері мен шлангтердің ӘК фюзеляжының панелдеріндегі тиісті штуцерлермен сенімді қосылысына көз жеткізу қажет.

273. ӘК-тің су құятын бактарына су құяр алдында дренаждық құбырлардың бітеліп қалмағанына көз жеткізу керек.

274. Үрлемелі авариялық борттың авиация науаларының және үрлемелі борттың құтқару авиация салдарының контейнерлерін қарау барысында, тексергенде, демонтаж және монтаж жасағанда жолаушылар салонында немесе авариялық науа немесе үрлемелі құтқару салы орналасқан науаның немесе салдың автоматты түрде лақтырып тасталатын қоспамен толуына мүмкіндік болмайтынына алдын-ала көз жеткізіп барып, қызмет көрсетуге болады.

Салдар мен үрлемелі науаларға демонтаж жасауға ауаның берілуі тоқтап, ішкі көлемдерден ауа шығарылғаннан кейін кірісуге болады.

275. Авариялық борттың авиация науасының жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру кезінде, науаны қосу үшін есіктің авариялық ашылу тұтқасын қозғалысқа келтірердің алдында есіктің тесігіне сақтандыру белбеуін қойып, авариялық науаның мүмкін болатын қозғалыс аймағынан тексерушіні әкету қажет.

276. Салмақ түсіру арқылы авариялық борттың авиация науаларының, сатылардың, арқандардың жұмыс істеу мүмкіндіктерін тексеру кезінде осы жабдықтың ӘК конструкциясына бекітілгенін көзбен шолып тексеру қажет.

277. ӘК-тің салонымен қызметкерлер тек бекітілген төсеніштердің бетінде кедір-бұдыр мен жиырылған жерлер болмаған жағдайда ғана жүре алады.

278. Қоқыстарды, қалдықтарды және сынған шыны ыдыстарды жинастыру мақта-матадан жасалған қолғаптармен жүргізілуі тиіс.

29-тарау. Авиациялық техниканың бастапқы материалдары мен бұйымдарына қойылатын талаптар

279. ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-на техникалық қызмет көрсету, кезінде жұмыстарды немесе белгіленген тәртіппен бекітілген басқа құжаттаманы карталарда ғана аталған еріткіштер мен жуу құрамдары қолданылуы керек.

280. ӘК-тің ЖТ және АҚЖ-ын жууға және ылғалды жинастыруға судың және су ерітінділерінің температурасы 18-50 ° С шамасында болуы керек.

Судың сапасы МемСТ пен санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

281. Әуе кемесінің ЖТ және АҚЖ-сының бұйымдарын кептіруге арналған ыстық ауа ағынының температурасы 70°C -тан аспауға тиіс.

30-тарау. Авиациялық техниканың бастапқы материалдарын, бұйымдары мен қалдықтарын сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

282. ӘК ПБ және АСО-ға техникалық қызмет көрсетуге арналған бастапқы материалдарды, сондай-ақ авиациялық техника бұйымдары мен қалдықтарды сақтау, орнын ауыстыру МемСТ-қа сәйкес орындалуға тиіс.

283. Кәріз жүйесі деңгейінің датчиктері олардың қызмет өткеру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе олардан ақаулар табылған жағдайда белгіленген тәртіппен жасаған зауытқа немесе арнаулы ұйымға жіберілуге тиіс.

9-бөлім. Әуе кемелерінің шассиіне техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау талабы 31-тарау. Жалпы ережелер

284. ӘК-тің шассиіне техникалық қызмет көрсетуді әзірлеу, ұйымдастыру, орындау және жетілдіру процестері МемСТ-тің, осы Ереженің, ұшақтарға техникалық қызмет көрсету регламенттерінің талаптарына, белгіленген тәртіппен бекітілген осы регламенттерді және басқа нормативтік-техникалық құжаттамаларды орындау жөніндегі технологиялық нұсқауларға сәйкес жүргізілуі қажет.

285. ӘК-тің шассиіне техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс істеушілерге мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

1) ӘК-тің шассиіне техникалық қызмет көрсету үшін бейімделген өздігінен жүретін жылжымалы және қолмен жылжытылатын машиналар, тетіктер мен жылжымалы электр қондырғылар, гидрокөтергіштер, әмбебап жылжымалы гидроагрегаттар мен басқалар, газбен сығымдалған баллонды арбалар (сығымдалған газбен және гидароқоспалармен және т.б. толтыруға арналған машиналар), сондай-ақ шасси доңғалағы;

2) бұзылған ӘК, оның ішінде оны шассиін жинауды немесе шығарғышты тексеру үшін көтергіштерге ілу кезінде, алдыңғы тірегінің бұрылысын басқару;

3) жүк көтергіш құрылғыларды пайдалану кезінде авиация техникасының құлайтын бұйымдары, монтаждау-демонтаждық жұмыстар кезінде шассидің құлайтын аспаптары мен агрегаттары;

4) ӘК жылжымалы элементтері (гондол жармасы мен шасси ниші, шассидің, доңғалағының тағанын жинау, шығарғыш және бұру және олардың тежегіш құрылғысы тетіктерінің детальдары), жердегі көтергіш тетіктер мен өндірістік жабдықтардың жылжымалы элементтері;

5) сығымдалған газы бар баллондардың қысымымен, сондай-ақ шасси доңғалақтарының пневматиктерімен жұмыс істейтін ұшатын сынықтар, элементтер, шасси агрегаттарының бөлшектері;

6) қысыммен жұмыс істейтін шассидің тамырларынан, труба құбырларынан және агрегаттарынан газ бен сұйықтықтардың ағатын ағыстары;

7) жұмыс аймағы ауасының жоғары немесе төмен температурасының салдарынан шассидің құрылымдары мен агрегаттары элементтерінің жоғары немесе төмен температурасы;

8) әуе атмосфералық ағыстарының жоғары жылдамдығы;

9) шасси агрегаттары мен өндірістік жабдықтың (қырықтықтар, құлыптар, кронштейндер, жармалар) шығып тұратын бөліктері мен өткір жиектері;

10) жұмыс орнының немесе жұмыс аймағының 1,3 метр және одан көп биіктік бойынша қоршалмаған аспалардан кем дегенде 2 метрлік қашықтыққа орналасуы ;

11) ӘК-тің қонғаннан кейінгі шассидің тежегіш қондырғылары мен басқа бөлшектерінің жоғары температурасы;

12) жерге қосқыштардың жермен байланысы болмаған кезде ӘК қонғаннан кейінгі шассидің тіректеріндегі статикалық электрлендірудің жоғары деңгейі;

13) электр шынжыры қысымының жоғары мәні, адамның денесі арқылы өтуі мүмкін оқшауламалар ;

14) шасси қуыстарының, бөліктері мен гондолдарының жеткіліксіз жарықтандырылуы ;

15) ӘК-тің жұмыс істеп тұрған қуатты қондырғыларынан, арнаулы автокөліктен және механикаландырылған аспаптардан шығатын шудың жоғары деңгейі ;

16) ӘК-ке техникалық қызмет көрсету аймағындағы ауаның жоғары шаңдылығы мен газдылығы ;

17) сөндірілмеген ӘК техникалық қызмет көрсету кезінде ЖЖМ-ды пайдалануға, сондай-ақ шасси агрегаттарының жоғары температурасының болуына байланысты өрттің болу қаупі;

18) пайдаланылатын жуғыштардың, тегістегіштердің және сырлардың, сондай-ақ ЖЖМ-нің (бензин, керосин, минералдық және синтетикалық май мен майлау) мен арнаулы сұйықтардың (СМГ-10, НГЖ-4, "Арктика" және басқа) құрамына кіретін, дем алу органдары, асқазан-үшек трактілері, адам терілері мен шырыш қабықтары арқылы организмге өтетін химиялық заттар;

19) шассидің қуыстарында, бөліктері мен гондолдарындағы агрегаттарға техникалық қызмет көрсету кезінде статикалық нақты артық салмақтар;

20) жабдықтардың, гидрокөтергіштер мен гидродомкраттардың, шасси доңғалақтарының сығымдалған газы бар баллондардың орнын ауыстыру кезіндегі динамикалық нақты артық салмақтар;

21) шасси жұмысын тексеру кезінде ӘК-ті көтергіштерге орнатуға байланысты туындайтын жүйке-психикалық салмақ.

286. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жұмысшыларға тигізетін әсерін болдырмаудың және төмендетудің қол жетімді деңгейін тиісті МемСТ белгілейді.

287. ӘК шассиіне техникалық қызмет көрсетуге тиісті МемСТ-тың талаптарын орындау жағдайы кезінде кіріскен жөн.

288. ӘК-тің шассиіне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және орындау қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жұмысшыларға тигізетін әсерін болдырмауға немесе қол жетімді нормалары мен деңгейлеріне дейін азайтуға тиіс.

289. Шасси доңғалақтарына техникалық қызмет көрсетуге олар суығаннан кейін ғана кіріскен жөн.

290. ӘК-ті көтергіштерге орнату ӘК-тің осы үлгісіне арналған технологиялық нұсқауларға сәйкес жүргізілуіне тиіс. ӘК-ті көтеру шассиге техникалық қызмет көрсетуге жауапты (бригадир, ауысым инженері) адамның нұсқауы бойынша бірыңғай жүргізген жөн.

291. Көтергіш қондырғылардың тірек тораптары ӘК ілінген кезде өздігінен жинауды және орнын ауыстыруды болдырмау үшін сенімді түрде тоқтатылуға тиіс.

292. Көтергіштерге ілінген ӘК шассиін шығарғыш пен жинау кезінде техникалық қызмет көрсетудің басқа түрлері жүргізуге және адамдардың ӘК ішінде (экипаж кабинасынан шассиді жинау мен шығарғышты басқаруды жүргізетін адамнан басқа), оның сыртқы жағында болуына жол берілмейді.

Сонымен бірге экипаж кабинасындағы және жердегі техникалық персонал арасындағы: ашық алаңдарда - жалғанбалы радиостансаларының көмегімен; аңғарларда - жалғанбалы радиостансалары және дауыс арқылы екіжақты байланыс тұрақты түрде қамтамасыз етілуіне тиіс.

293. Жауапты лауазымды адам (бригадир, ауысым инженері) шассиге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс басталар алдында барлық операцияларды орындаудың қауіпсіздік дәрежесін зерделеуге, және бағалауға, әрбір операцияның қауіпсіздігіне қажетті шаралар қабылдауға және тұрақты түрде бақылауға тиіс.

294. Шассидің қуысында жұмыстар орындау кезінде 1 метрден биік баспалдақтар қолдану мүмкін болмаған жағдайда қорғаныс белдігін пайдаланған жөн.

295. Шассиге, шассиге қатысы жоқ ӘК жүйелеріне және ӘК-дегі басқа жұмыстарға техникалық қызмет көрсеткен кезде, шассиді жинау немесе оның жылжымалы элементтерінің (шасси жармаларының, подкостарының, цилиндрлерінің) өздігінен қозғалып кету қауіпі туындаған жағдайда, қауіпсіздік шаралары, мысалы, сақтандырғыш көтергіштер қондырғысы, күпшектер, қадаларды, қысымды бәсеңдетуді, электр қорегін ажыратып тастау және т.б. қ о л д а н ы л у ғ а т и і с .

Шасси қуыстарындағы жұмыстар кезінде шассиді жинау мен шығарғышты басқару тұтқаларына "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр" деген трафарет іліп қойған жөн.

296. Көтергіштерге ӘК-ті ілуге қатысушы адам апат болған жағдайдағы іс-әрекеттер туралы нұсқаулықты білуге тиіс. Ілулі тұрған ӘК шассиін жинау мен шығарғышты экипаждың кабинасынан басқаруды ӘК осы үлгісіне техникалық қызмет көрсетуде жеткілікті тәжірибесі бар адам жүзеге асыруға тиіс .

297. Амортизаторларды бөлшектеу алдында сұйықтық пен газдың қысымын толық басып тастау қажет, ал зарядтау және амортизациялық тағандардан сұйықтық пен газдар, баллондардан пневматиктер мен газдардың қысымын бәсеңдету кезінде сенімді гидравликалық сұйықтықтың, ауаның, азоттың тасталуын және олардың қызмет көрсетуші персоналдарға түсіп кетуін болдырмайтын зарядтау қақпағын мықтап бекіту қажет.

298. Доңғалақ жапқышын демонтаждау доңғалақтарды монтаждау және демонтаждауға арнап пайдаланылатын стендтерді техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес пневматикаларда ауа қысымы жоқ кезде жүргізілуге тиіс.

299. Монтаждалғаннан кейін доңғалақтардың пневматиктерін зарядтауды қорғаныш қоршауларын қолдана отырып орындаған жөн.

300. Шассиге қызмет көрсетуге арналған жылжымалы электр қондырғыларын желіге қосар алдында олардың жерге берік орналасуын қамтамасыз ету қажет.

301. Шассиге жарық астын пайдаланып техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар ауыспалы токтың 12 В тұрақты токтың 24 В кернеуімен тасымалданатын лампаның көмегімен ғана жүргізілгені жөн.

302. Шассидің мұзын кетіру үшін әуеайлақтық жылытқыштарды пайдаланған кезде мотор жылытқыштарымен жұмыс істеген кездегі нұсқаулықтарға және технологиялық нұсқауларға сәйкес жылытқыштың температуралық және технологиялық жұмыс режимін сақтау қажет. Жылытқыштың қызып тұрған

элементтеріне соқтықпау және ыстық ауаның электр сымдарының оқшауламасына, шасси доңғалағына және сығымдалған газы бар баллондарға, сондай-ақ адам денесінің ашық жерлеріне тимеу шараларын көздеген жөн.

303. Шассидің элементтері мен тораптарын жөндеу және коррозинді жою металл жоңқаларын тастауды және өткір жиектер мен қабыршықтардың пайда болуын болдырмайтын шаралар қолдана отырып, технологиялық нұсқауларға қатаң сәйкес орындалуға тиіс.

304. Шасси детальдарын тазалау үшін ТТС пен жанар сұйықтықтарды қолдануға сұйықтықтардың денеге және резина бұйымдарына төгілуін, шашырауын және түсуін болдырмайтын тәсілдермен шомылғыны, қаңылтабаны, қылдан жасалған жаққыш қаламдар мен мақта-қағаз матадан жасалған салфеткаларды пайдаланғанда ғана рұқсат беріледі. Осы жұмыстарды электр энергиясын тұтынушылардың ӘК-не және жұмыс жасап жатқан жерден, сондай-ақ жалын пайда болуы мүмкін басқа жұмыстарға тікелей жақын жерде қосып (ажыратып) жылу көздерін пайдалана отырып, бір мезгілде орындауға жол берілмейді.

Шассиге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жаңғыртуға желдетілгеннен және пайдаланылған сұйықтықтардың буларынан тазартылғаннан кейін ғана жол беріледі. Шассиді Б-70 бензинімен АКОР-1 присадкасыз жуу үшін пайдалануға жол берілмейді.

305. Шассидің ЛКП шығарып алуға немесе салуға байланысты жұмысы, сондай-ақ шассидің тораптары мен бөлшектеріндегі майларды ауыстыру және гидросұйықтықтар құю жөніндегі жұмыстар персоналдың көздерін, тыныс органдарын және дене терілерін қорғау құралдарын пайдалана отырып жүргізілгені жөн.

306. Шассидің әр данасының салмағы 20 кг-ден астам тораптарын, доңғалақтарды, табандарын және қалтқыларды монтаждау мен демонтаждаудың механика құралдарын пайдаланып жүргізілгені жөн.

307. Шассидің қол жетуі қиын жерлеріндегі қырықтықтарындағы жұмыстарды орындау кезінде оның жарақаттанып қалмауын ескерту мақсатында жұмысшының өткір және шығып тұратын бөлігі мен деталі жөнінде барынша ұтымды жағдайын таңдауы қажет. Ыңғайсыз жағдайдағы және шектеулі кеңістіктегі жұмыстар кезінде нақты ауырыртпалықтардан қашу үшін ауырытпалық пен демалысты оңтайлы түрде ауыстырып отыру қажет.

308. Есептен шығарылған ӘК-ті басқа ұйымдардың жерде пайдалануына берген кезде шассидің басқару органдары жұмыс істеп тұрған кезде оларды жинау мен қозғалысына жол бермейтін шассидің тіректерін тұйық бекітудің конструктивтік шараларын қолдану қажет.

Беруге арналған құжаттарда ӘК-ке басқа ұйымдар жүргізуге тиісті

демонтаждау жұмысы авиация мамандарының қатысуымен жүргізілгені жөн екендігі көрсетілуге тиіс.

32-тарау. Авиация техникасының бастапқы материалдарына және бұйымдарына қойылатын талаптар

309. Шассидің автоматтандырылған тіректері мен цилиндрлі-демпферлерді зарядтау МемСТ-қа сәйкес азоттың бірінші және екінші сортымен жүргізілуге тиіс.

310. Гидросұйықтықты осы мақсаттарға арнайы арналған герметикалық ыдыста сақтаған жөн. Оны кәрізге төгуге тыйым салынады. Алынған сұйықтықты ұқсату негізгі отынмен пештерде жағу жолымен жүзеге асырылады.

311. Шассидің доңғалақтары мен шарнирлері мен подшипниктері мен басқа да майланатын тораптарын майлау технологиялық нұсқаулар мен ӘК-тің осы үлгісіне арналған майлау карталарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

312. Шассидің пайдалану кезінде ауыстыруды талап ететін (авиациялық машиналар, тежегіш құрылғылар және басқа) паспортталған агрегаттары мен бұйымдарының техникалық паспорты болуға тиіс.

313. Гидравликалық көтергіштер мен басқа да жүк көтеретін құрылғылар кезекті куәландырылған күнін көрсете отырып, куәландырылуға және трафареттермен жабдықталуға тиіс.

314. Шассиге техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу кезінде ӘК-тің нақты үлгісінің жердегі жабдығының жиынтығынан ғана арнаулы кілттер мен бейімдегіштерді қолдануға жол беріледі.

33-тарау. Өндірістік жабдықты орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

315. Шассиге техникалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын технологиялық жердегі жабдықтың шығып тұратын бөліктерімен соқтығысуды болдырмау мақсатында қызмет көрсететін персоналды ауыстыру бағыттарынан тыс жерге орнатылуға тиіс.

316. Жабдықты (көтергіштерді, сақтандыру ложементтерді және жылжымалы гидроагрегаттар мен басқалардың тіректерін) орнату оларға абайсызда тиіп кеткен немесе ӘК қозғалтып жіберген жағдайда ауыстыру кезінде оның құлап кету мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

317. Аспап таңбалануға және арнайы сорттармен ғана орналастырылуға тиіс.

Аспапты шасси бөлшектері мен тораптарына, сондай-ақ тұрақ орнында немесе жердегі жасанды түрде жабылған жерге орналастыруға тыйым салынады.

318. Шассидің жоғары орналастырылған бөлшектері мен тораптарына техникалық қызмет көрсету жұмыс алаңында биіктігі 1 метр қоршауы бар баспалдақтарды қолдана отырып орындалуға тиіс. Мұндай баспалдақтарды пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда ұшақтардың кейбір үлгілеріндегі жекелеген жұмыс түрлеріне биіктігі 1 метрден кем баспалдақтарды пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ мұндай жағдайда жұмысшылардың құлап кетуін болдырмайтын сақтандыру бойынша шаралар қолданылуға тиіс.

319. Шассиге қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар кезіндегі бейімдегіштерді (баспалдақтарды, тепкішектерді, технологиялық жабдықты) жұмыс істеп жатқан адамның салмақ орталығынан жұмыс алаңынан тыс жылжып кету, сондай-ақ ӘК шассиінің жылжымалы бөліктерімен жердегі жабдықтың қирау немесе қопарылу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орнатқан жөн.

320. ӘК-тің оны көтеру рұқсат етілген жағдайдағы ең жоғары салмағы ӘК-тің әрқайсысының түрі бойынша көтергіштер орнатылатын орынның үстіңгі жағының жай-күйін ескере отырып технологиялық нұсқаулармен белгіленеді.

321. ӘК-ті көтергіштерге орнату кезінде алды мен артына "Абайлаңыз! Ұшақтың аударылуы мүмкін" деген жазуы бар қауіпсіздік ескерту белгілерін орнатқан жөн.

322. Тұрақты ашық орындарында көтергіштермен ӘК-ті көтеруге ӘК-тің нақты түріне техникалық қызмет көрсету технологиясына сәйкес белгіленген желдің жылдамдығы кезінде жүргізуге рұқсат етіледі.

10-бөлім. Өуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету 34-тарау. Планерге, қозғалтқыштарға, жүйелерге және арнаулы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

323. Жанар және өрт қауіпті заттар пайдаланылған (май құю, отындық, май, кислородты және гидравликалық жүйелерді жуу және сынау; қозғалтқыштарды жуу; органикалық ерітінділер қолданылатын жұмыстар, желімдер, герметиктер мен тағы басқалар) ӘК-де орындалатын барлық жұмыстар осы жұмыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамның басшылығымен жүргізілуге т и і с .

Жанар заттарды пайдаланып жұмыс жүргізіліп жатқан аймақтарда онымен басқа жұмыстарды қатар жүргізуге рұқсат етілмейді. ӘК осы кезеңде өшірілген болуға тиіс. ӘК-ке аңғарларда техникалық қызмет көрсету кезінде олар, тәртіп бойынша, өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалуға тиіс.

324. Жанар заттарды пайдалана отырып ӨК-де жұмыс бастардың алдында:

1) Ө К - т і ө ш і р у ;

2) ӨК-ті жердегі контурға қосу, жерде орнатылған штырдың контурмен мықтап түйісуіне көз жеткізу, ӨК-ке сүйрейтін жетектегішті жалғау;

3) өрт шыққан жағдайда желдету үшін және адамдарды жедел эвакуациялау мақсатында ӨК-тегі барлық есіктерді, желкөздер мен люктерді ашу.

325. ӨК-тегі жұмыстарға қажетті жанар заттар жұмыс орнына арнаулы қондырғылармен, сыйымдылықпен немесе ыдыспен шектеулі, технологиядағы шартты сандар дайын күйінде жеткізілуге тиіс.

Жанар заттарға арналған ыдыс ұшқын шығармайтын металдан жасалуға тиіс, ыдыстың конструкциялық орындалуы сұйықтықтың төгілуіне кедергі жасалуға т и і с .

Жанар заттарды жұмыс орнында әзірлеуге немесе сұйылтуға тыйым салынады .

326. Түскі ас демалысы кезінде, жұмыс ауысым аяқталған немесе жұмыс біткен соң жанар заттар мен өрт қауіпті материалдарды (сүрту майлықтары, ескі-құсқылар, тығындар және басқалар) ӨК-тен тыс осыған арнайы бөлінген орынға әкетілуге тиіс.

327. Жарылу қауіпі бар аймақ үшін, сондай-ақ отын, гидравликалық және оттегі жүйелерінде жанар заттарды пайдаланып жұмыс орындаған кезде қолданылатын қол құралдары ұшқын шығармайтын металдардан жасалуға тиіс.

Оттегі жүйелерінде қолданылатын құралдар майдан таза болуға тиіс және басқа жұмыстарға пайдаланылмауға тиіс.

328. Жұмысқа қолданылатын 24 В-тан кем тұрақты ток және 12 В-тан кем ауыспалы ток кернеулі тасымалданатын шамдалы мен электр құралдарына ӨК-тегі автотрансформаторларды осы мақсаттарға қолдануға тыйым салынады.

329. Жарылу қауіпі бар аймақ үшін, отын, гидравликалық және оттегі жүйелеріндегі жұмысқа арналған тасымалданатын шамдалы жарылу қауіпі жоқ жерде ғана пайдаланылуға тиіс. Электр құралдарын жарылу қауіпі бар аймақтарда пайдалануға тыйым салынады.

Тасымалданатын шамдалының қорғаныш тор көзі, іліп қоюға арналған ілгектер, дұрыс изоляцияланған жеткілікті ұзын сорапты өткізгіштері болуға тиіс .

Шамдар нәр алатын өткізгіштер немесе электр құралдары ылғалды немесе ыстық үстіңгі қабаттарға жанаспауға тиіс. Шамдалы, электр құралы немесе өткізгіш ақаулы болған жағдайда жұмысты дереу тоқтату, ақаулы электр желісін т ұ т ы н у ш ы л а р ө ш і р у і қ а ж е т .

Тасымалданатын шамдалылар мен электр құралдарды айына бір реттен сиретпей, сондай-ақ жұмысқа берер алдында тексеру керек.

330. ӘК-те отпен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Дәнекерлеу жұмысын жүргізу қажет болған жағдайда ӘК-тен бөлшектер немесе тораптар алып тасталуға тиіс және олар дәнекерлеуді арнаулы ғимараттарда жүргізгені жөн.

Ерекше жағдайларда ӘК сырт жағындағы тораптары мен бөлектерінің жарықтарын мынадай қосымша талаптарды сақтаған жағдайда дәнекерлеуге рұқсат етіледі:

1) дәнекерлеу жұмысы АТБ бастығының жазбаша рұқсатымен және цех (ауысым) бастығының жеке байқауымен жүргізілуге тиіс;

2) жұмыс жүргізілетін орын бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс;

3) Жұмыс жүргізіліп жатқан ӘК тұрағы АТБ аңғарынан және әуежайдың үй-жайлары мен басқа ғимараттарынан кем дегенде 50 метр қашықтыққа әкетілуге және кәсіпорын өрт-құтқару есебінің (қызметінің) әскерилендірілген күзетін шақыру үшін байланыс құралдарымен жабдықталуға тиіс.

331. Ажырату орындарының астында демонтаж және қозғалтқыштарды, отын, май немесе гидравликалық жүйелерді жуу кезінде ағатын сұйықтықтарды жинау үшін қаңылтаба (ыдыс), сондай-ақ шашыраудан және төгілуден қорғауға арналған экран орнатылуға тиіс.

Жүйеден аққан сұйықтық жиналған және түскі ас демалысы кезінде, ауысым аяқталған немесе жұмыс біткен бойда міндетті түрде жүйелі әкетілуге тиіс. Жерге төгілген сұйықтық дереу жиналуға (төгілген жерге таза құрғақ құм себуге, одан кейін құмды жинап әкетуге) тиіс.

332. Жекелеген алмалы-салмалы тораптар мен агрегаттарды өрт қауіпті органикалық еріткіштермен жууға байланысты барлық жұмыстар осы мақсаттарға арнап жабдықталған арнайы үй-жайларда немесе үй-жайлардан тыс, бірақ ӘК-ке 25 метр жақын емес жерде жүргізілуге тиіс.

333. Қозғалтқыштарды жуу, тәртіп бойынша, өрт қауіпі жоқ техникалық жуу құралдарымен жүргізілуге тиіс. Қозғалтқыштарды өрт қауіпті органикалық еріткіштермен жуған кезде оларға антистатикалық қоспалар енгізу қажет.

Қозғалтқышты жуғаннан кейін 15 минут ішінде желдеткен жөн, одан кейін сығымдалған ауамен үрлеу қажет.

334. Қозғалтқышты немесе аспалы винтін айырбастаған кезде қозғалтқышты іске қосуды қамтамасыз ететін электр қорегін ажыратып тастау, аккумуляторды шығарып тастау, ажыратылған өткізгішті оқшауландыру, штепселдік бөлгіштер мен труба құбырларына бәсеңдеткіш орнату қажет.

335. Жөндеу, жуу, герметикалылыққа сынау кезінде немесе ӘК-те электр энергиясын барлық тұтынушылар отын жүйесін баламалау, баламалауға қызмет көрсетушілерден басқа, ажыратып тасталуға тиіс. ӘК-те осы уақытта басқа жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

Қозғалтқыштармен басқарылатын отын жүйесінің тығыздығына тексеру кезінде "стоп" ережесінде болуға, ал қозғалтқыштардағы электр магниттік қақпақтар өшірілуіне тиіс. Қысымның жылу жүйесіне аққаны байқалған жағдайда төмендеуге, ал жылу ізі алып тасталуға тиіс.

336. Отын бактарының ішкі жұмыстары үшін жоспардан тыс өртке қарсы түсініктеме жұмыстарынан өткен арнайы дайындалған адамдар жіберіледі.

Отын бактарының ішінде жұмыс істейтін адамдардың өзімен бірге тұтатқыш, сіріңке, жанар заттар алып жүруге, сондай-ақ ұшқын шығаруға қабылетті құрал мен аяқкиім пайдалануына тыйым салынады.

Жұмысты бастар алдында бактан отынды құйып алу, отынның қалдығын электрлі шаң сорғышпен (соңғысы металл ұшы жоқ резина сорабты болуға тиіс) алынуға және сығымдалған ауамен желдетілуге тиіс.

Отын бактарының ішіне жарық беру үшін тиісті МемСТ пен осы Ережелердің талаптарына жауап беретін тек жарылыс қорғаныспен атқарылатын тасымал шамдалы қолданылуға тиіс.

337. ӘК-ке май құю, қызмет көрсету, жөндеу және оттегі жүйелерін сынау отын мен май дақтарынан тазартылған алаңда жүргізілуіне тиіс. Сонымен бірге жұмыс істейтіндердің құрамында май бар заттармен қосылған кезде оттегінің өрт қаупі болатындығын ескергені жөн.

338. Оттегі жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу кезінде жүйеге, оның қосылған жері мен құралға майдың (майдың, майлаудың) түсуіне жол берілмейді.

339. Зарядтау жүйесіне қосу алдында оттегі зарядтау станциясының қосу шлангісіндегі барлық заряд жалғамалары майдан арылуға және кептірілуіне тиіс. Майдан арылту спиртке матырылған таза мақта-мата шүберектермен жүргізіледі.

340. Жүйеден оттегінің шыққандығы байқалған жағдайда оттегіні құю тоқтатылуға, ал кабина, салон мен электр жабдығының бөліктері желдетілуге тиіс.

Ақаулар жойылғаннан кейін оттегінің жүйесі құрғақ азотпен үрленуге тиіс.

Қатып қалған оттегі аппаратурасын жылытуға 70°C -тан жоғары жылытылған ауамен жүргізуге рұқсат беріледі. Мотор жылытқыштарын қолданған кезде олардың калориферлерінің дұрыстығын тексеру қажет.

341. Оттегі жүйесімен жұмыс жасаған кезде:

- 1) осы уақытта ӘК-те қандай да бір басқа жұмыс жүргізуге;
- 2) оттегі жабдығынан 25 метрден кем радиуста жалындайтын көздерді пайдалануға;
- 3) жүйеде оттегінің қысымы бар кезде оттегі жүйесінің труба құбырларын ажырату бойынша жұмыс жүргізуге;

4) электр өткізгіш жгуттарды оттегі жүйесінің труба құбырларымен жанасуға немесе бекітуге жол беруге тыйым салынады.

342. Май құю, жуу және гидрожүйені тексеру май құюдың борттық жалғастығы арқылы арнайы су стендінде жабық тәсілмен жүргізілуге тиіс. Жұмыстарды орындау үшін тек арнайы тағайындалған алмалы-салмалы элементтерді, бейімдегіштер мен құралдарды пайдалану қажет.

343. ӘК-ке май құю, жуу және гидрожүйені тексеру кезінде қандай да бір басқа жұмыс жүргізілуге тиіс емес.

Гидросұйықтық бергенде оның шығуы байқалған жағдайда дереу тоқтатқан жөн. Оған май құю, жуу немесе ағызу процесінде гайкаларын тартуға, бекіту немесе жүйені басқа да түзету жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

344. Электрлік-радионавигациялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай талаптарды орындау қажет:

1) 12 В-тан жоғары кернеу желісінен қоректенетін электрді тұтынушылар жерге көмілуге тиіс;

2) электр желісі аппаратурасын алған кезде ӘК өшірілуге, штепселдік ажыратқыштар технологиялық бәсеңдеткіштермен жабылуға, өткізгіштердің бос жатқан ұштары оқшаулануға тиіс;

3) электрлік-радионавигациялық жабдық жүйесін ӘК-те сынау кезінде ақаулы болған жағдайда кернеуді ажыратып тастайтын электр желісін қорғау автоматтарымен жабдықталуға тиіс;

4) өшірілген тұрмыстық электр желілері жағдайында электр құрылғыларын байқап-көруді жүргізу; қысқа оқшауламаны болдырмау үшін, егер байқап-көру кернеумен орындауды талап етсе ерекше абай болу тәртібін сақтау;

5) шынжырда кернеудің болуын құралмен ғана анықтау, "ұшқынды" тексеруге жол бермеу.

345. Электрлік-радионавигациялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде:

1) сызбада көрсетілгеннен көп токқа есептелген сақтандырғыштар мен қорғау автоматтарын қолдануға;

2) кернеу астында тұрған жабдықтарға монтаж және демонтаж жұмыстарын орындауға;

3) жабдықты жылу беруді нашарлататын заттармен жабуға;

4) бөлуші құрылғылардың, бөлуші қораптардың, аппаратураның кернеу астында тұрған клеммдік панелдерінің электр қалқандарын ашық қалдыруға;

5) электр энергиясының көздерін қосуға және ажыратып тастауға және отынды құю немесе құйып алу кезінде, отын ағу кезінде электр жабдығын тексеруге;

6) отын бактері орналасқан бөліктерде және жағар заттарды қолданып жаңа

ғана жұмыс жүргізілген орындарда өткізгішті дәнекерлеуге;

7) осы жүйе үшін көзделмеген үлгілер мен қуаттардың жарық беруші және дабыл лампаларын, жартылай өткізгіштер диодтарын және т.б. орнатуға;

8) желіні қорғау автоматтарын, қосқыштарды, ауыстырып қосқыштар мен ақауларды болдырмау үшін шеткі ажыратқыштарды пайдалану жағдайында ашуға және бөлшектеуге;

9) технологияда көзделмеген оқшаулама материалдарды пайдалануға;

10) монтаждау сызбасында көзделмеген жерлерге сым жалғауға;

11) бір байланыс болтқа үш сым, сондай-ақ қима бойынша әжептәуір ерекшеленетін сым қосуға;

12) рұқсат ету шегіне қойылмаған электр энергиясының, кернеудің (жиіліктің) әуеайлақтық көздерін пайдалануға;

13) ӘК-ке ақаулы ажыратқыштармен немесе зақымданған кабельдермен электр қорегінің әуеайлақтық көздерін қосуға тыйым салынады.

346. ӘК кабиналары мен қозғалтқыштарын мотор жылытқыштарымен және ауаның әуеайлақтық кондинционерлерімен жылытқан кезде белгіленген тәртіппен бекітілген ӘК-ке техникалық қызмет көрсету кезінде мотор жылытқыштары үлгісін қолдану жөніндегі нұсқаулықтың (ереженің) және жасаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығының талаптары орындалуға тиіс.

347. Мотор жылытқышы (кондинционері) авиация техникасына қызмет көрсетуге, егер оның өлшемдері паспорттық деректерге сәйкес келсе және белгіленген рұқсатта қойылса, рұқсат берілуі мүмкін.

348. Мотор жылытқышы (кондинционері) ӘК-те стандартты жеңдердің ұзындығы қашықтығына орнатылуға, бірақ оның соңғы нүктесінен 3 метр жақын болмауға тиіс.

349. Жылыту басталғанға дейін ӘК-ке ақаусыз өрт сөндіргіштердің нормативтік санын орнату қажет.

350. Жеңдердің дұрыстығы, механикалық зақымдар мен ЖЖМ-ның ластануының болмауы күн сайынғы қызмет көрсету уақытында жүргізілетін көріп-байқауда анықталуға тиіс.

351. Әкелінетін жылытқыш жеңі ӘК кабинасына берілген немесе қозғалтқышқа жылытқыш жұмысының қалыпты режимін белгілегеннен кейін ғана қосылуға тиіс.

352. Жылыту жөніндегі жұмыстарды орындайтын жүргізуші, авиатехник (авиамеханик) және басқа тұлғалар алаңсыз жылытқыштың жанында болуға және оның жұмысына тұрақты түрде бақылау жасауға тиіс.

353. Жұмыс тоқтатылғаннан кейін автомобиль қозғалтқышын, жылытқышты желдеткіштен суығанға дейін қондырғының калориферін алдын-ала үрлемейінше тоқтатуға тыйым салынады.

354. Жылытқыштардың калориферді ауыстырған кезде калорифер қабының ішкі бетін, әуе тракті мен желдеткіштің бетін күйе мен ыстан тазалау қажет.

355. Жылытқыштардың (кондиционерлердің) ӘК-тің кабинасына ауа әкелетін жеңдердің техникалық жай-күйі қызып тұрған (суып тұрған) ауаның қандай да бір механикалық бөліктеріне қоспалардың түсу мүмкіндігін болдырмау қажет.

356. Мотор жылытқыштарды пайдаланған кезде:

- 1) көзделмеген жерлендірілген қондырғымен жұмыс істеуге;
- 2) ӘК-ті қыздыру жөніндегі жұмысты оны отынмен толтыру немесе ӘК қозғалтқыштарын іске қосу жұмыстарын бір мезгілде жүргізуге;
- 3) жарамды от сөндіргіштер болмаған жағдайда жылытқыштарды іске қосуға;
- 4) бактардан немесе труба құбырларынан жылу шыққан кезде жылытқыштарды, сондай-ақ ақаулы бәсеңдеткішті пайдалануға;
- 5) жылытқыштарға олар жұмыс істеп тұрған кезде май құю жұмыстарын жүргізуге;
- 6) жұмыс істеп тұрған жылытқышты ӘК-тің біреуінен екіншісіне ауыстыруға;
- 7) техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (басшылықта) көзделген жылытқыштан шығарда ауа температурасының жоғарылауына жол беруге;
- 8) кірленген, май жұққан немесе жыртылған жеңдерді пайдалануға, жеңді орындық пен креслоның арқалығына қоюға;
- 9) жылытқыштарды жасаушы зауыт нұсқаулығында көзделгеннен басқа алаумен тұтатуға;

10) кабиналар мен қозғалтқыштарды жылытуға арналған жылытқыштар мен кондиционерлерді, олардағы бақылау-өлшеу құралдары мен сақтандырғыш құрылғылар болмаса немесе ақаулы болса, қолдануға тыйым салынады.

357. Жылыту барысында жылытқыштан келетін ауаның тазалығын тұрақты түрде бақылау және жеңдердің орналасуын қадағалау қажет. ӘК кабинасынан жанып жатқан нәрсенің түтіні немесе иісі пайда болған жағдайда жылытқышты дереу өшіру және жылытқыштың жеңін ӘК-тен шығару керек. Мотор жылытқышын ӘК-тен әкету және ақаулықтың себебін анықтау қажет.

358. Қозғалтқышты іске қосуға және сынауға арналған тұрақ оңаша болуға және үй-жайлар мен ғимараттардан кем дегенде 50 метр қашықтықта орналасуға тиіс.

359. Қозғалтқышты іске қосқанға және сынағанға дейін алғашқы өрт құралының әзірлігін, сондай-ақ басқа ӘК-тердің тұраққа қауіпсіз орналасуын тексеру керек.

360. Жаңадан орнатылған қозғалтқышты алғаш іске қосу және сынау міндетті түрде кәсіпорын өрт-құтқару есебінің (қызметінің) әскерилендірілген күзеті өртке арналған автомобильмен (ол болған жағдайда) қатысқан жағдайда жүргізіледі.

361. ӘК қозғалтқыштарын іске қосу және сынау кезінде:

1) ӘК-те технологияда көзделген ерекше жағдайлардан басқа, қандай да бір жұмыстар жүргізуге;

2) отынның, май мен арнаулы сұйықтықтың бар-жоғын құю өңеші арқылы тексеруге;

3) ӘК-тің кабинасын тастап кетуге немесе басқару пультінен алыстап кетуге;

4) ӘК-ке тиеу (түсіру) жұмыстарын жүргізуге, жолаушыларды отырғызуға (шығаруға);

5) іске қосу (сынау) кезінде қозғалтқыштарды дереу ажыратып тастау және борттық немесе жерлендірілген өрт сөндіру құралдарын пайдалану қажет болған қозғалтқыштар жанған жағдайда тыйым салынады.

11-бөлім. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиациялық-техникалық базаларға арналған санитарлық нормалар 35-тарау. Өндірістік процестер мен жабдыққа қойылатын талаптар

362. ӘК-ке техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын АТҚ-нің өндірістік процестері мен жабдықтары белгіленген тәртіппен бекітілетін технологиялық процестерді ұйымдастырудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларына және өндірістік жабдыққа қойылатын талаптарға, өндірістік процестер мен жабдықтың жекелеген түрлеріне арналған еңбек қауіпсіздігінің стандарттарына, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

363. Технологиялық процестерді және жабдықты пайдалануды ұйымдастыру жұмыс істеушілердің организміне зиянды өндірістік факторларды болдырмауға немесе төмендетілуіне бағытталуға тиіс. Технологиялық процестердің өзгерістері және жабдықты жаңғыртуы өндірістік ортаның жай-күйін нашарлатуға тиіс емес.

364. Шекті рұқсат етілетін деңгейден жоғары шуды генерациялайтын механикалық учаскелердегі жабдықтарды учаскенің жалпы үй-жайынан дыбыс оқшаулаушы және экрандаушы қоршаулармен бөлінген үй-жайдың бөлек бөлігінде топтаған және орнатқан жөн.

365. АиРЭО зертханалық тексеру және жөндеу цехында жұмыс істеген кезде шекті рұқсат етілетін деңгейлерден жоғары жиілік шуды және ультрадыбысты

генерациялайтын жабдықты дыбыс оқшаулаушы қаптамаларға орналастырған жөн.

366. Сүзгіштердің, бөлшектердің және агрегаттардың ультрадыбысты тазалау ванналары ванналардың қақпақтарын ашқан кезде ультрадыбысты генераторларды және қайта жасаушыларды автоматты түрде ажырату құрылғыларымен жабдықталуға тиіс.

367. Дыбыс оқшаулаушысы бар ультрадыбысты генераторлардың және қайта жасаушылардың пульттары мен басқару органдары оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін дыбыс жұтқыш материалдарын жаппауға рұқсат беріледі.

368. Тербелісті жұмыс орындарына беретін компресорлар, сораптар, ұста балғалары, тығыздағыштар мен басқа жабдықтар жекелеген ірге тастарға немесе жұмыс орындарын тербелістен оқшаулаушы (тербеліс өшіруші төсемдер, алашалар және т.б.) ұстаушы құрылымдарға орнатқан жөн.

369. Ауаға зиянды химиялық заттарды және ылғал шығарғыштың (бактар, ванналар және т.б.) көзі болып табылатын жабдық ағызғышы болуға тиіс.

370. Үй-жайларда мамандар зиянды немесе жағымсыз иісі бар заттарды шығаратын бояулардың, эпоксидтік шайырлар мен желімдердің, герметиктардың және басқа заттардың жұмыс ерітінділерін дайындау тек қана сорғыш шкафтарда немесе сорғыш шатырдың астында жүргізген жөн.

371. Шыны матасын кесу үшін немесе шыны материалдарынан жасалған бұйымдарды жөндеу үшін жұмыс үстелдері (шебер үстелдер) шыны материалдарының қиындылары мен қалдықтары үшін ернеулі жинаушылармен жабдықталуға, шыны шаңынан жеңіл тазаланатын тегіс мықты бетіне ие болуға т и і с .

Үстелдерді жинау пневмосорғыштар арқылы алдын ала тазалау дымқыл тәсілмен жүргізілуге тиіс.

372. Пайдаланған ескі-құсқы нәрсені және сүрткіш материалдарды жинаған және қақпақтары бар металл жәшіктерге салған және жұмыс кезекшілігі аяқталғаннан кейін жұмыс орындарынан арнайы бөлінген орынға апарған жөн.

373. АиРЭО жөндеу және тексеру цехтарында (участоктарында, лабораторияларында) шекті рұқсат берілетін шамаларға дейін радио жиіліктердің электромагниттік өрістерін төмендетуші толқынжолдар тармақтаушыларын, қуаттылық бәсеңдеткіштерін және жұтқыштарын, мақсаттың имитаторларын және басқа құрылғыларды қолданған жөн.

374. СВЧ сәуле шығарушы радиолокациялық құрылғыларды тексерген кезде антенналық құрылғыларды жұмыс орындарынан металл шілтерден (торлардан) жасалған экрандармен немесе жұтушы жамылғылары бар басқа материалдардан жасалған экрандармен қоршаған жөн.

375. АТБ аңғарларында және участоктарында 20 кг. асатын массаларымен күштік қондырғыларының агрегаттарын және бөлшектерін тасымалдау мен көтеру (түсіру) үшін көтергіш механизмдер көзделуге тиіс.

376. Жұмыс орындарының құрылымы, олардың жабдықтары және жарактандыруы отырып немесе тұрып қозғалтқыш өрісінің тиісті аймақтарының шектерінде не еңбек процесінің, қолданылатын технологиялық жабдықтың және жұмыс аймағының мөлшерлерінің ерекшеліктеріне байланысты сол және басқа жағдайда жұмыстарды атқару мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

377. Жұмыс орны өндірістік ортаның зиянды факторларының әсерінен неғұрлым жіті қорғалуға және жабдықтың жұмыс органдары мен қызмет көрсетілетін бақылаудағы аймақты көзбен шолуды жеткілікті қамтамасыз етуге тиіс.

378. Жұмыс орнын ұйымдық жарактандыру, технологиялық жабдықтау мен негізгі және қосалқы жабдықты орналастыру мөлшерлері бойынша жеткілікті өту жолдарын және өндірістік операциялары үшін еркін кеңістікті және жұмыс орнына қызмет көрсету аймағында жұмыс істеушінің еркін жүріп-тұруын қамтамасыз етуге тиіс.

379. АиРЭО жөндеу және тексеру цехтарында (учаскелерінде, зертханаларында) пайдалану мен объективті ақпаратты құралдарын жинау бөлімшесінде, ұшу ақпаратын өңдеу мен талдау учаскелерінде, авиатехниканың техникалық жай-күйіне техникалық диагностика зертханаларында, сондай-ақ жұмыстар көбінесе отырып орындалатын АТБ-ның басқа бөлімшелерінде жұмыс орындықтары (креслолары) еңбек операцияларын тиімді қалыпта орындауды қамтамасыз ететін көтермелі-бұрылмалы болуға тиіс.

380. Жұмыс орындығының отыратын орнының, арқасының және басқа элементтерінің жамылғысы жартылай жұмсақ, беті сырғанамайтын, ауа өтімді, кірден жеңіл тазаланатындай болуға тиіс.

381. Жанар-жағар майлармен және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеушілер үшін орындықтарда (креслоларда) алынбалы-салынбалы қаптарды көздеген жөн, олар химиялық тазартуға немесе жууға ұдайы тартылуға тиіс.

12-бөлім. Әуе кемелеріне қызмет көрсеткен және оларды жөндеген кезде иондалған сәуле шығарғыш көздерімен жұмыс істеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар 35-тарау. Жалпы ережелер

382. Осы бөлім осы Ереженің 363-тармағында көрсетілген бұйымдарды қоспағанда, АА пайдаланылатын иондалған сәуле шығарғыш көздерін

пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

383. Осы бөлімнің талаптары АА пайдаланылатын рентген мен радиоизотоптық ақау тапқыштардың пайдаланылуына, сондай-ақ авиа жолаушылардың қол жүгі мен жүгін қарау үшін рентген интраскоптардың пайдаланылуына және техникалық қызмет көрсетілуіне қолданылмайды.

384. Иондалған сәуле шығарғыш көздері болып табылатын және АА ӘК-де пайдаланылатын бұйымдарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды регламенттеу және қамтамасыз ету бөлігіндегі нормативтік құжаттар осы Ережеге сәйкес келтірілуге тиіс.

385. Кәсіпорындарда радиоактивті көздері бар бұйымдарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған жаңадан салынған және жаңартылған үй-жайларды пайдалануға енгізу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің міндетті қатысуымен жүзеге асырылуға тиіс.

386. АА кәсіпорындарында радиоактивті көздері болып табылатын бұйымдарға техникалық қызмет көрсеткен және жөндеген кезде жаңа технология мен жабдықты қолдану Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мекемелерімен келісілуге тиіс.

36-тарау. Азаматтық авиацияда пайдаланылатын ионды сәуле шығарғыш көздеріне қойылатын талаптар

387. Радионуклидтің белсенділігіне және радиациялық қауіптіліктің дәрежесіне байланысты АҚ-де пайдаланылатын радиоизотоптық приборларды белгіленген тәртіппен бекітілген құрылғының санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларына және радиоизотоптық аспаптардың пайдаланылуына сәйкес мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) 1-топ: авиақозғалтқыштарды іске қосатын агрегаты (бұдан әрі - АҚА);
- 2) 2-топ: мұз қатудың радиоактивті индикаторы (МРИ-3);
- 3) 3-топ: ұшақтардың кәріз деңгейінің дистанциялық нұсқағышы (бұдан әрі - СКДН).

388. МРИ-дің экранды қалпақшалары және АҚА мен СКДН-нің корпустары үстінде 10 мБэр/ч аспайтын және үстінен 1,0 метр қашықтықта - 0,3 мБэр/ч (өлшеулер жүйесінде тиісінше - 0,1 мЗв/ч) сәуле шығарғыш мөлшерінің баламалы қуаттылығы кезінде жұмыс істеушілерді радиациялық қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

389. Осы Ереженің 368-тармағында көрсетілгеннен артық сәуле шығарғыш баламалы мөлшерлерінің қуаттылығы асқан жағдайда ӘК-де радиоизотоптық аспаптарды орнату мен қолдануға тыйым салынады.

390. Авиация майларының дифракцияланбаған рентгендік талдағыштың корпусының үстінен 0,1 метр қашықтыққа сәуле шығарғыштың баламалы мөлшерін қолдануы 3,0 мБэр/ч және үсуінен 1,0 метр қашықтықта - 0,3 мБэр/ч (өлшеулер жүйесінде 0,03 мЗв/ч және 0,003 мЗвч/ч тиісінше) аспауға тиіс.

391. Құрамына жоғары вольттық электровакуумдық приборлар (ГМИ, ГИ және басқалары) кіретін радиолокациялық және радионавигациялық құрылғыларының блоктарынан (РПСН, РСБН, "Гроза", "РОЗ-1", "Контур" және т.б.) сәуле шығарғыш баламалы мөлшерінің қуаттылығы корпустың үстінен 0,1 метр қашықтыққа 0,1 мБэр/ч (өлшеулер жүйесінде - 0,01 мЗв/ч) аспауға тиіс.

392. Одан әрі қолдануға жарамсыз АҚА, МРИ, СКДН бұйымдары, сондай-ақ радионуклид көздері радиоактивті қалдықтар ретінде қаралуға, уақтылы есептен шығарылуға және белгіленген тәртіппен жерленуге берілуге тиіс.

393. АҚА, МРИ, СКДН бұйымдары, авиация майларының рентгендік талдағыштары, құрамына жоғары вольттық электровакуумдық құрылғылар кіретін радиолокациялық және радионавигациялық құрылғыларының блоктары корпустарында МемСТ-қа сәйкес келетін радиациялық қауіптіліктің белгілеріне ие болуға тиіс.

37-тарау. Өндірістік процестерге және жабдықтарға қойылатын талаптар

394. Технологиялық процестердің ұйымдастырылуы мен жетілдірілуі, сондай-ақ жабдықтардың пайдаланылуы мен жаңғыртылуы жұмыс істеушілердің организміне иондалған сәуле шығарғыштардың әсерін болдырмауға немесе төмендетуге бағытталуға тиіс, ол үшін:

1) иондалған сәуле шығарғыштардың көздерімен тікелей жұмыстың ұз а қ т ы л ы ғ ы н қ ы с қ а р т қ а н ;

2) жоғары кернеу тек қана корпустарында қосылған кезде құрамына жоғары вольттық электровакуумдық аспаптар кіретін радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген;

3) стационарлық радиациялық-қорғау экрандарын пайдаланған жөн;

4) иондалған сәуле шығарғыштардың көздері болып табылатын бұйымдарды сынақтан өткізу және тексерулер кезінде басқарудың дистанциялық құралдарын пайдаланған жөн.

395. ӘКУ-не жедел техникалық қызмет көрсету кезінде кәсіпорындардың АТБ цехтары мен учаскелерінде және АА-ның ұшу-сынау станцияларында ұшу

алдында МРИ бұйымдарының датчиктерінен экранды қалпақшаларын жұмыстардың барлық басқа түрлерін орындағаннан кейін авиақозғалтқыштарын тікелей іске қосу алдында алған жөн, ал ӘК ұшып келгеннен кейін кез келген жұмыстарды бастардан бұрын МРИ датчиктеріне экранды қалпақшаларын кидірген жөн.

396. Кәсіпорындарда мерзімді техникалық қызмет көрсету кезінде және кәсіпорындарда жөндеу кезінде ӘК-де МРИ бұйымының датчиктерін монтажын (демонтажын) тек қана экранды қалпақшалары кигізілген кезде жүргізген жөн.

Осы жұмыстарды МРИ бұйымдарының датчиктерінен экранды қалпақшаларын алған кезде жүргізуге тыйым салынады.

397. Авиақозғалтқыштарды құрастырған (бөлшектеген) кезде АҚА бұйымының монтажын (демонтажын) радионуклиді бар шыны құтының сынуын болдырмайтын сақтық шараларын сақтай отырып жүргізген жөн.

398. ӘК-тің ағызу бақтарына техникалық қызмет көрсету кезіндегі жұмыстардың барлық түрлерін СКДН бұйымы тығынының "жабық" жағдайы кезінде ғана жүргізген жөн.

399. МРИ, АҚА, СКДН бұйымдарының корпустары зақымданған жағдайда әуе кемелеріне (авиа қозғалтқыштарына) техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Осы бұйымдардың корпустарының ішінде радионуклид көздерінің қирағаны немесе зақымданғаны туралы күдіктер туындаған жағдайларда, оны көзбен шолып анықтау мүмкіндігі болмаған кезде жұмыстарды барлық түрлерін радиометрикалық бақылауды өткізгеннен кейін жүргізген жөн.

400. Азаматтық авиация кәсіпорындары мен зауыттарының зертханаларында және учаскелерінде МРПИ, АҚА және СКДН бұйымдарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуде МемСТ-қа сәйкес келетін арнайы зертханалық үстелдерде жүргізген жөн.

Осы жұмыстарды үстелдің үстіңгі тақтайының жұмыс беті винипластпен немесе кірлерден жеңіл тазаланатын және қажетті жағдайларда дезактивацияны жүргізуге мүмкіндік беретін басқа материалмен жабылған үстелдерде (стендтарда) жүргізуге рұқсат етіледі.

401. МРИ бұйымдарының тексеруін мен сынақтарын, сондай-ақ АҚА бұйымдарының жөндеуін органикалық шыныдан жасалған стандартты үстелдегі экрандарды және қолдардың жеке қорғау құралдарын пайдалана отырып жүргізген жөн.

Осы жұмыстарды 10 мм. кем емес органикалық шынының қалыңдығындай стандартты емес қорғау экрандарын пайдалана отырып немесе осы Ереженің талаптарына сәйкес жеке қорғау құралдарын міндетті пайдалану кезінде қорғау экрандарын пайдаланбай жүргізуге жол беріледі.

402. Зертханалық жағдайларда АКА (осы Ереженің 381-тармағында айтылған жұмыстарды қоспағанда) және СКДН бұйымдарын тексеру мен сынақтарына, сондай-ақ авиациялық майлардың рентгендік талдағыштарын пайдалануға радиациялық қорғау жөнінде арнайы талаптар қойылмайды.

403. Жоғарғы кернеу қосылған және корпустары алынған кезде құрамына жоғары вольттық электровакуумдық приборлар (ГМИ, ГИ және басқалары) кіретін радиотехникалық құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыс істеушінің кеудесін және басын жауып тұратын қалыңдығы 1,5 метрден кем емес қорғасын қаңылтырынан немесе қалыңдығы 5 мм. кем емес болаттан жасалған қорғау экрандарын пайдалана отырып жүргізген жөн.

404. МРИ және АКА бұйымдарымен жұмыстардың барлық түрлерін жүргізген кезде жеке қорғау құралдарысыз қолмен радиоактивті көздерге тиюге тыйым салынады.

38-тарау. Иондалған сәуле шығарғыштардың көздерін алуға, сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

405. Радиоизотоптық аспаптарды (МРИ, АКА, СКДН) оларға бөгде адамдардың қол жеткізуін болдырмайтын және олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда тек қана қоймалардың және жиынтықтардың үй-жайларында сақтаған жөн.

Осы Ереженің 386-тармағының талаптарын қамтамасыз еткен жағдайда цехтардың, учаскелерде және зертханалардың үй-жайларында уақытша сақтауына рұқсат беріледі.

406. Радиоизотоптық аспаптарды (МРИ, АКА, СКДН) қоймалардың және жинақтамалардың үй-жайларында, сондай-ақ цехтардың, учаскелерде және зертханалардың үй-жайларында техникалық талаптарға сәйкес келетін (МемСТ) стандартты радиациялық қорғау сейфтарында немесе сыртқы қабырғаларының және есіктерінің 3,0 мм. кем емес қалыңдығы бар металл шкафтардында сақтаған жөн.

407. Радиациялық қорғау сейфтарының (шкафтарының) бетіндегі сәуле шығарғыштың баламалы мөлшерінің қуаттылығы 0,3 мБэр/ч (өлшемдер жүйесінде - 0,003 мЗв/ч) аспауға тиіс.

408. Авиация майларының рентгендік талдағыштарын сақтаған және тасымалдаған кезде радиациялық қорғау жөнінде арнайы талаптар қойылмайды.

409. Радиоизотоптық аспаптарды белгіленген тәртіппен бекітілген радиоактивті заттарды тасымалдаған кездегі қауіпсіздік ережелерге сәйкес және бұйымдардың зақымдануын болдырмайтын және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайлар кезінде тасымалдаған жөн.

410. Радиоизотоптық приборларды жайлардың ішінде және зауыттар ішінде орындарынан ауыстыруды:

1) МРИ бұйымдарын қабырғаларының 2,0 мм кем емес қалыңдығы бар металдан жасалған (алюминий, дюралюминий, болат) тасымал жәшіктерде;

2) АКА бұйымдарын ағаш (фанералық) тасымалы жәшіктерде;

3) разрядтағыштарды контейнерлерде және ағаштан жасалған (фанералық) тасымал жәшіктерде;

4) СКДН бұйымдары қалыңдығы 5,0 мм. кем емес вольфрамнан жасалған экрандар түбінде орнатылуға тиіс металл жәшіктерімен жүзеге асырған жөн.

411. Тасымалдаудың барлық түрлерін тек қана МРИ бұйымдарының датчиктеріне экранды қалпақшаларды кигізілген, амортизаторлардың жүйелерінде разрядтағыштарды орналастырған, СКДН бұйымы тығынының "жабық" жағдайы кезінде жүргізген жөн.

412. Тасымалдау жүргізілетін ыдыстардың барлық түрлері радиациялық қауіпсіздігінің белгісіне ие болуға тиіс.

413. Зақымдалған немесе сынған радиоизотоптық приборларды, сондай-ақ олардың беттерінде сәуле шығарғыштың баламалы мөлшерінің қуаттылығы рұқсат етілетін деңгейлерден асатын радиоизотоптық аспаптарды тасымалдау және сақтау радиоактивті қалдықтарды жинауға арналған 6-дан 30 литрге дейінгі сыйымдылықпен стандартты пластик пакеттерінде және әрбір бұйым үшін осы Ереженің 390-тармағында айтылған ыдыста жүзеге асырылуға тиіс.

414. Осы мақсаттар үшін пластиктен жасалған стандартты емес пакеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

39-тарау. Авариялық мән-жайларды жойған кезде радиациялық қорғау жөнінде қойылатын талаптар

415. МРИ, АКА, СКДН радиоизотоптық аспаптарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық талаптарымен, техникалық сипаттамалармен және бұйымдарды пайдалану жөніндегі нұсқамалармен көзделген радиациялық қорғау шаралары қатаң сақталуға тиіс.

416. Кәсіпорындарда МРИ, АКА, СКДН - радиоизотоптық аспаптарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде авариялық мән-жайларға:

1) бұйымдар корпустарының (зақымдануы немесе сынуы) биологиялық қорғау сапасының бұзылуы;

2) МРИ, АКА, "Фотон - А2" және СКДН бұйымының радиоизотоптық көздерінің (капсулалардың, ампулалардың және т.б.) герметизден шығарғыш;

3) СКДН бұйымының "ашық" жағдайынан "жабық" жағдайына және кері ауыстыру механизмі жұмысының бұзылуы жатады.

417. Авариялық мән-жайлары жағдайларында негізгі шаралар өндірістік ортаның, жабдықтың, арнайы киімнің, денелердің және жұмыс істеушілер қолдарының радиоактивті заттарымен ластануын алдын алуға бағытталуға тиіс.

418. Кәсіпорындарда авариялық мән-жайлар пайда болған кезде:

1) ӘК-де МРИ бұйымының датчигі, АКА немесе СКДН бұйымдары зақымдалған кезде аумақтағы (тұрақ орнындағы, арнайы бөлінген алаңшадағы, аңғар алдындағы алаңшадағы және т.б.) немесе зақымдалған бұйымнан тікелей жақын аңғардағы (цехтағы) барлық жұмыстарды тоқтатқан және осы аймақтан барлық жұмыс істеушілерді шығарған;

2) оның шегінде сәуле шығарғыштың баламалы мөлшерінің қуаттылығы 0,3 мБэр/с (өлшемдер жүйесінде - 0,003 мЗв/ч) асатын радиациялық-қауіпті аймақты дозиметрлік бақылаумен анықтаған және осы аймақтың шекарасында қоршаулар мен радиациялық қауіптіліктің белгілерін қойған;

3) цехтардың, учасоктардың, лабораториялардың, қоймалардың, жинақтамалардың үй-жайларында МРИ, АКА және СКДН бұйымдары зақымдалған кезде осы үй-жайдан барлық жұмыс істеушілерді шығарған және одан авариялық мән-жайды жоюға тікелей қатысушы тұлғалар кіруіне рұқсат беруді қамтамасыз еткен, желдеткішті ажыратқан;

4) кез келген авариялық мән-жай туралы дереу тікелей бастығына (басшысына), жоғарыда тұрған ұйымға және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің әуе көлігіндегі тиісті санитарлық-эпидемиологиялық станциясына хабарлаған;

5) радиоактивті заттармен жарақаттанғандарға кезек күттірмейтін көмек көрсеткен;

6) жабдық беттерінің, еденнің және қабырғалардың радиоактивті ластануының дәрежесін анықтаған;

7) арнайы киімнің, басқа жеке қорғау құралдарының және дененің ашық жерлеріндегі радиоактивті ластануының дәрежесін анықтаған;

8) аумақтың, ӘК, жабдықтың, аспаптың, үй-жайлардың (аңғарлардың, цехтардың) қабырғалары мен еденінің ластанған үстіңгі беттерін дезактивациялауды жүргізген;

9) арнайы киімнің және басқа жеке қорғау құралдарының (осы Ереженің талаптарына сәйкес) дезактивациясын жүргізген жөн.

419. Авариялық мән-жайларды туындатқан себептерді тергеу және оларды жою үшін кәсіпорынның әкімшілігі себептерді тергейтін, авариялық мән-жайды жою жөнінде іс-шараларды әзірлейтін және оларды іске асыратын комиссия құру туралы бұйрық шығарады.

420. Жойылған авариялық мән-жайлар аймағында (үй-жайда) жұмыстардың қайтадан басталуы, дезактивациядан кейін арнайы киімнің және басқа жеке

қорғау құралдарының одан әрі пайдаланылуы, ӘЖ, жабдықтың, аспаптардың пайдаланылуы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің әуе көлігінде санитарлық-эпидемиологиялық станцияның (қызметтің) келісімі бойынша ғана жүргізіледі.

421. Жұмыстар жүргізілетін немесе МРИ, АКА және СКДН-нің радиоизотоптық аспаптары сақталатын кәсіпорынның аңғарларында, цехтарында, учаскелерінде, зертханаларында, қоймаларында және жинақтамаларында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі пайдалануға рұқсат берген тиісті арнайы дезактивациялау құралдарының азаймайтын қоры көзделуге тиіс.

422. Радиоактивті заттармен ластанған және рұқсат етілетін деңгейлерге дейін дезактивациялауға икемделмейтін және осы себеп бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз жабдықтар, аспаптар, жамылғылар, арнайы киім және басқа қорғау құралдары белгіленген тәртіппен ұқсатып радиоактивті қалдықтар ретінде қаралуға тиіс.

40-тарау. Иондалған сәуле шығарғыштар көздерімен жұмыс істеуші персоналға қойылатын талаптар

423. Кәсіпорынның әкімшілігі иондалған сәуле шығарғыштар көздерімен тікелей жұмыс істеуші қызметкерлердің тізбесін анықтауға, оларды оқытуды және түсіндіруден өтуді қамтамасыз етуге және радиациялық қауіпсіздігі, сәуле шығарғыштарды есепке алу мен сақтау үшін, радиациялық қалдықтарды жинау, сақтау және тапсыру үшін, радиациялық бақылау үшін жауапты тұлғаны бұйрықпен тағайындауға міндетті.

Бір мезгілде персоналдың міндеттерін айқындайтын ішкі тәртіптің ережесі әзірленуге тиіс.

424. Кәсіпорындарда иондалған сәуле шығарғыштар көздерімен 18 жастан жас емес және медициналық қарсы көрсетімдері жоқ қызметкерлерге тікелей жұмыс істеуге рұқсат беріледі.

425. Әйелдер жүктілігі анықталған сәтінен бастап және бала емшекте болған барлық кезеңге сәуле шығарғыштар көздерімен жұмыс істеуден босатылуға тиіс.

426. Сәуле шығарғыштар көздеріне техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен тікелей айналысатын кәсіпорынның барлық қызметкерлері жұмысқа қабылдану кезінде міндетті және кезеңді медициналық тексерулерден өтуге тиіс.

427. Кәсіпорынның қызметкерлері МемСТ және еңбекті қорғау жөнінде ведомстволық нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес еңбекті қорғау жөнінде түсіндіру мен оқытудан өтуге тиіс.

428. Кәсіпорнының барлық қызметкерлері радиациялық қауіпсіздік жөнінде нұсқамалардың талаптарын орындауға міндетті. Олардың орындалуын бақылау кәсіпорынның әкімшілігіне жүктеледі.

429. МРИ, АКА және СКДН радиоизотоптық аспаптарымен жұмыс жүргізілетін және сақталатын үй-жайларда тағамды сақтауға, тамақтануға және шылым шегуге тыйым салынады.

430. МРИ, СКДН және АКА радиозотоптық аспаптарына тікелей техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен, сақтаумен және тасымалдаумен айналысатын, авиациялық майлардың рентгендік талдағыштарына қызмет көрсетумен және пайдаланумен айналысатын, сондай-ақ құрамдарына жоғары вольттық электровакуумдық аспаптар (ГМИ, ГИ үлгілері және басқалары) кіретін радиотехникалық құрылғыларға тікелей техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын кәсіпорынның қызметкерлері үшін корпустар алынған және жоғары кернеу болған кезде күнтізбелік жыл үшін шекті рұқсат берілетін мөлшер 5,0 бэр (өлшемдер жүйесінде - 0,053в) аспауға тиіс - "А" санаты .

Осы санатқа жатқызылған қызметкерлердің мамандығы мен лауазымдарының үлгі тізбесі осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген.

Кәсіпорынның әкімшілігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әуе көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының келісімі бойынша радиациялық қорғаудың нақты деңгейін және күнтізбелік күн үшін нақты мөлшерін есепке ала отырып, мамандығы мен лауазымдары бойынша қызметкерлерді "А" санатына жатқызуды дербес айқындайды.

431. Кез келген 2 айда жамбас аймағына мөлшері 1,0 бэр-ден (өлшемдер жүйесінде - 0,01 Зв) аспауға тиіс 40 жасқа дейінгі әйелдерді қоспағанда күнтізбелік жылдың ішінде сәуле шығарғыштың мөлшерін бөлу реттелмейді.

432. Иондалған сәуле шығарғыштардың көздеріне техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен, пайдаланумен, сақтаумен және тасымалдаумен тікелей айналыспайтын, бірақ жұмыс орындау орналастыру жағдайлары бойынша иондалған сәуле шығарғыштардың әсеріне тап болған кәсіпорын қызметкерлері үшін күнтізбелік жыл үшін мөлшердің шегі 0,5 бэр (СИ - 0,005 Зв) аспауға тиіс - " Б "

с а н а т ы .

Осы санатқа жатқызылған қызметкерлердің мамандығы мен лауазымдарының үлгі тізбесі осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К ө л і к ж ә н е к о м м у н и к а ц и я с ы
м и н и с т р л і г і А з а м а т т ы қ а в и а ц и я
к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 222 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясын пайдаланатын
кәсіпорындарында, жөндеу
зауыттарында, оқу-жаттығу
ұйымдарында, жаттығу-сынақ
бөлімшелерінде авиациялық
техникаға техникалық қызмет
көрсету кезіндегі еңбек
қауіпсіздігі мен өндірістік
санитария жөніндегі ережесіне
1-қосымша

**"А" санатына жататын, азаматтық авиацияның
кәсіпорындары мен зауыттары қызметкерлерінің
кәсіптері мен лауазымдарының үлгі тізбесі**

Құралдар мен электр жабдығы жөніндегі (радиоизотоптық құралдарға қызмет көрсетумен және оларды жөндеумен айналысатын) авиация механигі (технигі).

Радио жабдығы жөніндегі (құрамына ГМИ, ГИ және басқа жоғары вольтты құралдар кіретін борт радиотехникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсетумен және оларды жөндеумен айналысатын) авиация механигі (технигі).

Жүк тиеуші (радиоизотоптық құралдарды тиеумен-түсірумен айналысады).

Авиация техникасының ақаушысы (радиоизотоптық құралдардың ақауын т а б у м е н а й н а л ы с а д ы) .

Авиация техникасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі (АиРЭО бойынша) инженер (құрамына ГМИ, ГИ және басқа жоғары вольтты құралдар кіретін радиоизотоптық құралдардың және борт радиотехникалық құрылғылардың жұмыстарымен айналысады).

Қойма меңгерушісі (радиоизотоптық құралдардың сақталуымен айналысады).

Жинақтаушы (радиоизотоптық құралдарды сақтаумен және тасымалдаумен а й н а л ы с а д ы) .

Рентгендік-спектральдық талдау лаборанты.

Спектральдық талдау лаборанты (авиациялық майды дифракцияланбаған рентгендік талдағыштың қондырғысындағы жұмыстармен айналысады).

Химиялық талдау лаборанты (авиациялық майды дифракцияланбаған рентгендік талдағыштың қондырғысындағы жұмыстармен айналысады).

Ұшатын аппараттардың радио- және арнаулы жабдығын монтаждаушы (құрамына ГМИ жоғары вольтты құралдар кіретін радиоизотоптық құралдарды

және борт радиотехникалық құрылғыларды жөндеумен айналысады).

Ұшатын аппараттардың электр жабдығын монтаждаушы (радиоизотоптық құралдарды жөндеумен айналысады).

Радиоэлектрондық жабдықты жөндеу бойынша радиомеханик (құрамына ГМИ, ГИ және басқа жоғары вольтты құралдар кіретін борт радиотехникалық құрылғылардың жұмыстарымен айналысады).

Құралдық жабдықты слесарь-монтажшысы (радиоизотоптық құралдардың жұмыстарымен айналысады).

Техник-лаборант (авиациялық майды дифракцияланбаған рентгендік талдағыштың қондырғысындағы жұмыстармен айналысады).

Радиолокация жөніндегі техник (құрамына ГМИ, ГИ және басқа жоғары вольтты құралдар кіретін борт радиотехникалық құрылғылардың жұмыстарымен айналысады).

Тасымалдаушы (радиоизотоптық құралдарды тасымалдаумен айналысады).

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациясы
министрлігі Азаматтық авиация
комитеті төрағасының
2004 жылғы 16 қарашадағы
N 222 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясын пайдаланатын
кәсіпорындарында, жөндеу
зауыттарында, оқу-жаттығу
ұйымдарында, жаттығу-сынақ
бөлімшелерінде авиациялық
техникаға техникалық қызмет
көрсету кезіндегі еңбек
қауіпсіздігі мен өндірістік
санитария жөніндегі ережесіне
2-қосымша

**"Б" категориясына жататын, азаматтық авиацияның
кәсіпорнындағы және зауыттарындағы қызметкерлердің
кәсіптері мен лауазымдарының үлгі тізбесі**

Планер және қозғалтқыш жөніндегі авиациялық механик (техник)
Көлік жүргізушісі (радиоизотоптық құралдарын тасымалдаумен айналысатын)

Өздігінен жүретін механизмдердің жүргізушісі (радиоизотоптық құралдарын тасымалдаумен айналысатын)

Авиациялық техникаларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер (планер және қозғалтқыш бойынша)

Қойма меңгерушісі (радиоизотоптық құралдарды қоймада сақталған жағдайда)

Авиақозғалтқыштарды жөндеу жөніндегі слесарь
 Ұшатын аппараттарды жөндеу жөніндегі слесарь
 Қозғалтқыштарды жинаушы-слесарь

Өндірістік үй-жайларды жинаушы

Қазақстан Республикасының
 Көлік және коммуникациясы
 министрлігі Азаматтық авиация
 комитеті төрағасының
 2004 жылғы 16 қарашадағы
 N 222 бұйрығымен бекітілген
 Қазақстан Республикасы
 Азаматтық авиациясын пайдаланатын
 кәсіпорындарында, жөндеу
 зауыттарында, оқу-жаттығу
 ұйымдарында, жаттығу-сынақ
 бөлімшелерінде авиациялық
 техникаға техникалық қызмет
 көрсету кезіндегі еңбек
 қауіпсіздігі мен өндірістік
 санитария жөніндегі ережесіне

3-қосымша

Әуе кемелеріне қызмет көрсету және жөндеу кезінде сәуле шығарғыштың иондайтын көздерін радиациялық бақылау

Өлшейтін жер	Өлшемдер жүргізудің кезеңділігі
РИО бұйымы Экрандық қалпақшаның бетінде және одан 1,0 метр қашықтықта	Авиациялық-техникалық базаларда кезеңдік техникалық қызмет көрсетуден кейін. Зауыттардағы жөндеуден кейін. Зертханалық жағдайлардағы тексерістер мен сынақтарға дейін және кейін. Бұйым зақымданған жағдайда. Датчиктің немесе экран қалпақшасының зақымдануы туралы күмәнданған жағдайда.

<p>АЗА бұйымы</p> <p>Корпустың үстіңгі бетінде бұйымнан 1,0 метр қашықтықта</p>	<p>Авиациялық-техникалық базаларда кезекті техникалық қызмет көрсету цехтарында авиақозғалтқыштарды демонтаждаудан кейін және монтаждауға дейін. Кәсіпорындардың цехтарында авиақозғалтқыштарды демонтаждаудан кейін және монтаждауға дейін. Зертханалар мен азаматтық авиация зауытының жерінде бұйымды жөндеген кезде (разрядтаушыны ауыстырғанда) жинаудан соң. Бұйым немесе разрядтаушы зақымданған жағдайда. Бұйымның немесе разрядтаушының зақымдануы туралы күмәнданған жағдайда.</p>
<p>ДУСК бұйымы</p> <p>Корпустың үстіңгі бетінде және бұйымнан 1,0 метр қашықтықта</p>	<p>Ағызу бактарын демонтаждаудан кейін және монтаждауға дейін. Корпустың немесе тығынды бұратын механизмі зақымданған немесе зақымданды деп күмәнданған жағдайда.</p>
<p>Авиациялық дифракционсызданған бұйымы</p>	<p>майдың рентгендік анализаторының</p>
<p>Корпустың үстіңгі бетінен 1,0 қашықтықта</p>	<p>Жылына 2 реттен сирек емес. Корпус немесе бұйымның тұғыры зақымданған жағдайда. Стандартты емес тұғырды пайдаланған жағдайда.</p>
<p>Радиотехникалық құрылғылар (құрамына ГМИ, ГИ сияқты және тағы басқа жоғарғывольтты электровакумдар кіреді)</p>	
<p>Корпустың үстіңгі бетінен 1,0 метр қашықтықта</p>	<p>Жоғарғы кернеу қосылған кезде авиациялық-техникалық базаларда зертханалық жағдайда техникалық қызмет көрсеткеннен кейін. Жоғарғы кернеу қосылған кезде зауыттарда зертханалық жағдайларда жөндегеннен кейін.</p>
<p>Жұмыс орындарында Тұрақты немесе тасы-малданатын экрандарда</p>	<p>Экранды қалпақтар датчиктерінен шешілген РИО бұйымдарын тексерген және сынаған кезде - жылына 2 реттен сирек емес. АЗА бұйымдарын жөндеу кезінде - жылына 2 реттен сирек емес. Құрамына жоғарғы вольтты электровакум аспаптары (ГМИ, ГИ және басқалар сияқты) кіретін радиотехникалық құрылғыларды корпусстарды шешкенде және жоғарғы кернеу кезінде тексеріп және сынаған кезде - жылына 2 реттен сирек емес.</p>
<p>Радиациялық-қорғаушы сейфтер (шкафтар)</p>	

Сейфтің (шкафтың) үстіңгі бетінен 0,1 метр қашықтықта	Жылына 1 реттен сирек емес. Жаңа сейфтер (шкафтар) қойылған жағдайда. Зақымданған бұйымдарды уақытша сақтаған жағдайда.
Зертханалық стендтер, үстелдер, сөрелер	
Жабдықтардың үстіңгі бетінде	Жылына 2 реттен сирек емес. Стендте, үстелде жұмыс істегенде немесе сөрелерде сақтағанда бұйымдар зақымданған жағдайда. Стендте, үстелде жұмыс істегенде немесе сөрелерде сақтағанда бұйымдардың зақымданғаны туралы күмәнданған жағдайда.
Ыдыстық (көліктік) орау	
Орамның үстіңгі бетінен 0,1 метр қашықтықта	Өндіруші-дайындаушыларға немесе сақтауға жіберген кезде: РИО, АЗА, ДУСК есептен шығарылған немесе зақымданған бұйымдары. Радиоактивті заттармен ластанған және дезактивацияға берілмейтін саймандар, жабдықтар, арнайы киімдер мен басқа да жеке қорғанысты құралдар.